

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАСИЛОВА Н.А.

**«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ
МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕК КӨЗІ (XIX Ғ. СОҢЫ-XX Ғ. БАСЫ)**

Оқу құралы

**Алматы
«Қазак университеті»
2011**

ББК 63.2

Т 21

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық
және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары
Секция мәжілісі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 28 қаңтар 2011 ж.)

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Т.Ә. Төлебаев**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Х.А. Сүтеева**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **М.Т. Жұмаділ**

Т 21

Тасилова Н.А. «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» - Қазақстан тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы - XX ғ. басы). – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. - 112 бет.

ISBN 9965-791-58-9

Бұл оқу құралы университеттердің тарих факультеттеріне арналған. Онда қазақ тарихының маңызды дерек көзі болып табылатын «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарын...» зерттеу мен талдау методикалары мен тәсілдері көрсетіліп, жас зерттеушілерге деректанулық талдау әдістемесін тез үйренудің тиімді жолдары ұсынылған. Оқу құралында «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарын...» деректану ғылымының талаптарына сай зерттеу мен сынның өткізудің, сыныптау мен талдаудың методтары мен оны нақты тарихи зерттеулерде пайдалану тәсілдері ұсынылған.

Оқу құралы тарих факультеттерінің студенттеріне, магистрларға және басқа да қазақ тарихын зерттеу ісімен айналысушыларға арналған.

ББК 63.2

ISBN 9965-791-58-9

©Тасилова Н.А., 2011
©«Қазақ университеті», 2011

КІРІСПЕ

Отанымыздың егеменді ел болып, тәуелсіздігін жариялауы төл тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан жаңа концептуалдық негізде қайта зерттеуге мүмкіндіктер беріп отыр.

Әрбір өркениетті мемлекет, әрбір халық өзінің өткенін бағамдап, ата тарихын жасайтыны хақ. Сол тарихынан тағылым алып, оның сабақтарын ескеру – мемлекетіміздің дамуының негізгі факторларының бірі. Адам қоғамындағы ілгері дамудың бәрі де өткен өмірдің тәжірибесінің нәтижесі. Сондықтан, тарихқа мойын бұру, ата-бабаның өмір-тіршілігін ұмытпау келешек ұрпақтың адамгершілік міндеті ғана емес, сонымен бірге ілгері дамудың кепілі де. Ал, сол тарихи сананы, тарихи құбылыстарды қалпына келтіру үшін міндетті түрде тарихи деректерге жүгінуіміз керек.

Кез келген халықтың төл тарихының табиғи негізін тарихи деректер құрайды. Бірақта бұл деректің өзін шикі түрінде пайдалану, тарихты бұрмалауға алып келетіні анық. Қазақ халқының толыққанды іргелі тарихын жазу үшін, ең алдымен сол тарихтың негізін құрайтын деректермен жұмыс істей білу қажет.

Үлкен теориялық және методологиялық дайындықты қажет ететін деректану ғылымы – ұлттық тарихты тың, дәйекті мағлұматтармен байытып, толықтыру үстінде. Бүгінгі таңда көптеген деректердің ғылыми айналымға енуі, Қазақстан тарихының деректік базасын кеңейтті. Бұл, деректердің өзіндік ерекшеліктерінен шыға отырып, оларды дұрыс, әрі тиімді пайдаланудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін іздеп табуды қажет етіп отыр. Бұл қажеттіліктерді толтыру ұлттық деректану ғылымының үлесінде.

Осындай ұлттық деректанулық сыннан өткізуді қажет ететін жазба деректердің үлкен бір тобын - «Қырғыздардың (Қазақтардың – Т.Н.) жер пайдалану материалдары...» («Материалы по киргизскому землепользованию...») құрайды. Бұл ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында патшалы Ресейдің қазақ жерін отарлау мақсатында Қазақстан территориясында жүргізген статистикалық партиялар мен экспедициялық зерттеулердің материалдары. Олар отарлау саясатының дерегі болса да, сол кезеңдегі қазақ қоғамының шаруашылық, экономикалық, рулық-тайпалық құрылымын, әлеуметтік тарихын және т.б. салалары бойынша құнды әрі жан-жақты мәліметтер береді. Әсіресе, қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымын зерттеуде бұл деректің алатын орны ерекше. Өйткені, сол кезеңдегі әлі қаймағы бұзыла қоймаған ру-тайпалардың шежіресі, орналасуы мен көшіп-қонуы, шаруашылығы туралы мәселелер бұл деректе нақты әрі шынайы көрініс тапқан.

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білуі шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сондықтан да, жеті аталық ұстаным қазақ халқының этно-биологиялық, этно-мәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған. Жеті атасын білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын тарата отырып, одан әрі исі қазақтың біте қайнасқан

туыстастығына көзі жеткен. Көзі жеткен соң ұлт тұтастығының қамқоры болып отырған» - деп атап көрсетті. Сондықтанда қазақты ұзақ тарихи дамуымызда ұлт етіп құраған осы рулар мен тайпалардың нақты тарихын терең және жан-жақты білу ғана ортақ ұлттық мүддені ту етіп көтеретін иманды қазақ азаматын қалыптастыра алады. Яғни ұлтымыздың әлеуметтік рулық құрылымы туралы терең білім ғана ұлтты жаңа сапалы деңгейге көтереді.

Қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымының өзіндік ерекшеліктері, олардың қазақ халқын қалыптастырудағы орны мен маңызы тарихымыздағы осал тұстар екені баршамызға мәлім. Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе бұл мәселені зерттеуге шын мәнінде тыйым салды. Тарихшылар мен этнографтар бұл маңызды мәселені өткеннің кертартпа қалдығы ретінде бағалауға, сипаттауға мәжбүр болды. Рулар тарихын жақсы білу рушылдыққа, жікшілдікке апарады деген сыңаржақ көзқарастар ұзақ уақыт үстемдік алып келді. Мұның өзі тарихшыларды қазақ рулары мен тайпалары тарихын зерттеуден алыстатып жіберді. Бірақта, ата-тегін білушілік адамдарды жікке бөлсе, онда қазақ халқы ұлт болып қалыптасып үлгермей-ақ құрып кеткен болар еді ғой.

Демек, Отан тарихының XIX ғ. соңы - XX ғ. басы кезеңіндегі құнды мәліметтерді бойына жинақтаған «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» сияқты уникалды еңбекке деректанулық талдау жасауға үйрететін оқу құралы қазіргі таңдағы студенттер үшін қажет. Өйткені, бұл деректегі мәліметтер дәстүрлі қазақ қоғамының тарихын жаңғыртып, оны қайта тануға қомақты үлес қоса алады.

Оқу құралында тақырыпқа сай бірқатар деректерді жүйелеу әдісі жүзеге асырылды. Негізінен тарихи деректерді ресми статистикалық, этнографиялық, заңдар мен есептер, мерзімді басылымдар деп бөлуге болады.

Оның ішінде тарихи, статистикалық әрі этнографиялық мәліметтерді бойына сақтаған негізгі дерек көзі ретінде – Ф.А. Щербина бастаған 12 уезді зерттеген экспедицияның материалдарының «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарының...» 13 томын жатқызамыз. Ф. Щербина экспедициясы 1896-1903 жж. далалы Ақмола, Семей, Торғай облыстарының 12 уезін зерттеген статистикалық партиялардан тұрды. Оның жинаған «ҚЖПМ» бір жағынан статистикалық ал екінші жағынан этнографиялық және сан түрлі позициялардан құнды мәліметтер бере алатын дерек. «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Қарқаралы, Ақтөбе, Зайсан, Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл уездеріне арналған. Сонымен қатар жалпы барлық уездердің бюджетіне арналған «Сводка материалов по киргизскому землепользованию» деп аталатын деректің маңызы зор.

Сонымен қатар, 1906-1913 жж. П. Скрыплев бастаған Сыр-Дария облыстарын зерттеген партиялардың жинақтаған «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» Шымкент уезіне 1 том жалпы зерттеу болса, 2-томның 1-бөлімі мәтін, 2-бөлім кестелер түрінде берілген. Сондай-ақ, Әулиеата, Перовск, Қазалы және Шу мен Талас өзендерінің төменгі бөлігінде жүргізілген зерттеулердің көлемді томдықтары жарық көрді.

1904-1913 жж П.П. Хворостанскийдің басшылығымен Орал-Торғай облыстарын зерттеген статистикалық партияның жинаған «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» 7 - томы да біздің зерттеуіміздің негізгі дерек көзі болып отыр. Олар Торғай, Ырғыз, Қостанай, Ілбішін, Орал, Темір, Ақтөбе уездерінің тарихынан, экономикасы мен шаруашылығынан күнды мәліметтерді беретін деректер кешенін құрайды.

Сондай-ақ оқу құралында Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатының (ҚРОММ) № 362 «Управления государственными имуществами Сыр-Дарьинской области», № 33 «Заведующий переселенческим делом в Сыр-Дарьинской области», № 8 «Управления государственными имуществами в Акмолинской, Семипалатинской и Семиречинской областях министерства земледелия и государственных имуществ», № 501 «Акмолинско-Семипалатинское управления земледелия и государственных имуществ», № 317 «Заведующий переселенческим делом в Акмолинском районе», № 469 «Заведующий переселенческим делом в Семипалатинском районе», № 457 «Актюбинское уездное переселенческое управление Тургайско-Уральского переселенческого района», №184 «Заведующий переселенческим делом в Аулие Атинском уезде Сыр-Дарьинской области», № 479 «Павлодарское уездное переселенческое управления», № 643 «Петропавловское уездное переселенческое управления», № 454 «Заведующий переселенческим делом в Чимкентском уезде Сыр-Дарьинского района», № 29 «Заведующий переселенческим делом в Тургайско-Уральском районе», № 25 «Тургайское областное правление» қорларындағы құжаттары пайдаланылды.

Бірінші бөлімде «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдарын...» дерек ретіндегі маңызын, ерекшеліктерін, объективтілігі мен субъективтілік факторларын нақты, дәлелді түрде анықтап, деректі сыныптап, студенттерге түсінікті болу үшін түрлі кестелермен безендіріліп берілген.

Ал екінші бөлімде «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» деп аталатын статистикалық жинақтың пайда болу тарихы жүйелі түрде айқындалып, экспедициялық зерттеуді ұйымдастыру ерекшеліктері, әдістемесі жан-жақты ашып көрсетілген.

Үшінші бөлімде «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» қазақтардың шаруашылығы, рулық-тайпалық құрылымы тарихының дерек көзі ретінде арнайы басқа да деректермен салыстырыла талданған.

Оқу құралы ҚР Білім және Ғылым министрлігі бекіткен «Тарих» мамандығы бойынша университет студенттеріне арналған «Теориялық деректану» пәнінің типтік бағдарламасына сәйкес дайындалған.

1 «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ...» ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ РУЛЫҚ - ТАЙПАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ ПАЙДА БОЛУЫН СЫНАУ

1.1 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарының...» ХІХ ғ. соңы - ХХ ғ. басындағы қазақ ру-тайпалары тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері.

Тарихи деректанудың өзекті мәселесі – деректегі барлық сақталынған ақпарларды ала білу жолдарын іздестіру және сол ақпарларды тарихи зерттеулерде ғылыми пайдалана білу тәсілдерін жасау. Демек, деректанудың маңызды міндеттерінің бірі – тарихи деректерді талдау методикасын жасау және оны тарихи зерттеулерде қолдана білу.

Кез келген ұлттың тарихы тарихи жазба деректердегі фактілердің негізінде зерттеледі. Сондықтан да толыққанды тарихи зерттеулерді жүргізу үшін, тарихи процестердің дамуын жан-жақты білу үшін деректерді терең меңгеру қажет. Тарихи зерттеулердің негізгі объектісі бұрын өтіп кеткен қоғамдық процестер болғандықтан, ол процестерді біз сол өтіп кеткен қоғам жасаған деректің негізінде ғана қалпына келтіре аламыз.

Деректану ғылымы бағытындағы жұмыстар шынайы теориялық және әдістемелік дайындықты қажет ететін тарих ғылымының маңызды бір саласы. Бүгінгі таңда ұлттық тарихымызды тың, дәйекті ақпараттармен байытатын, көптеген деректер ғылыми айналымға қосылып, тарихымызды жаңа мазмұнмен толықтыру үстінде. Осындай бай әрі құнды деректердің бірі - ХІХ ғ. соңы - ХХ ғасырдың басындағы қазақ тарихының сан қырынан шынайы мәліметтер беретін – «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» («Материалы по киргизскому землепользованию...») Бұдан әрі «ҚЖПМ» - Т.Н.) әлі күнге дейін ұлттық деректанулық тұрғыдан зерттелінбей, шынайы бағасын алалмай келеді.

«ҚЖПМ» ең алдымен екі ғасырдың тоғысындағы бүкіл қазақ қоғамының шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық жағдайынан, географиялық орналасуы мен рулық-тайпалық құрылымынан құнды-құнды мәліметтер беретін жазба деректің түрі. Бұл дерек көзі табиғатынан ерекше, уникальді. Сондықтан да «ҚЖПМ» мәліметтерін деректанулық сыннан өткізудің бүгінгі таңда маңызы аса зор екендігін атап өтуіміз қажет.

Деректанудың негізгі талаптарына сай тарихи деректердің маңыздылығын анықтау, зерттеушіге тарихи дерек көздерімен жұмыс істеп, олардан ғылыми-құндылығы жоғары мәліметтер алуға мүмкіндіктер береді. Ал деректердің ерекшелігін анықтау зерттеушіге, сол дерек көзінің ерекшелігінен шыға отырып, соған сай келетін тәсілдер қолдану арқылы талдау жүргізуге көмектеседі.

Бұл статистикалық партиялар мен зерттеу экспедицияларына дейін Қазақстан территориясында мұндай үлкен масштабтағы жан-жақты қамтылған зерттеу жұмыстары жүргізілген жоқ еді. «ҚЖПМ» дерек көзі 1898-1915 жж. қамтитын 27 томнан тұрады. Олар Ф.А. Щербина экспедициясының жинақтаған 13 томы, П. Скрыплев партиясының жинақтаған 7 томы және П. Хворостанский

партиясының жинаған 7 томнан тұратын Қазақстан территориясының Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Сыр-Дария мен қазіргі Өзбекстан Республикасына қарайтын Ферғана облыстарын қамтыған үлкен масштабтағы зерттеудің нәтижесінде пайда болған дерек. Ол томдар бір-бірінен хронологиялық жағынан, территориялық жағынан ерекшеленеді. Мәселен, Ф. Щербина экспедициясы 1896-1903 жж. Ақмола, Семей, Торғай облыстарын қамтыса, П. Скрыплев статистикалық партиясы 1906-1913 жж. Сыр-Дария облысын, ал П. Хворостанский 1904-1912 жж. Торғай-Орал облыстарын қамтиды. Ал олардың жинақтаған бай материалдарының өзі зерттеуден кейін әр жылдарда 1898-1915 жж. басылып шығуымен де ерекшеленеді.

«ҚЖПМ» ерекшелігінің бірі – материалдардың арнайы экспедициялық әдіспен жинақталуында. Бүгінгі таңда мұндай дерек көздерін талдаудың өзіне ғана тән әдіс-тәсілдері толыққанды жасалынған да жоқ.

XIX ғ. соңы-XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихындағы аса күрделі және өзіндік ерекшеліктерге толы кезеңдердің бірі болды. Бұл екі ғасыр тоғысында Ресей империясы қазақ жерін пәрменді түрде отарлап, орыстандыру саясатын тереңдете түсті, сөйтіп қазақ елінің болашағына үлкен қауіп-қатер төндірді. Міне, осы қиын кезеңде қазақ халқының тарихынан, әлеуметтік-экономикалық ахуалынан, географиясы мен табиғатынан, рулық-тайпалық құрылымы мен шаруашылығынан құнды-құнды мәліметтер беретін дерек көзінің үлкен бір кешені – «ҚЖПМ» пайда болды.

«ҚЖПМ» пайда болу жағынан ерекше жазба деректің бір түрі болып табылады. Өйткені, ол деректі жасаушы субъект - зерттеушілер ұжымы. Деректі бір ғана адам емес, бір топ жоғары білімді мамандар жинаған. «ҚЖПМ» дерек көзін статистикалық партиялар мен зерттеу экспедициялардың құрамында болған арнайы мамандығы бар статистер, агрономдар, регистраторлар арнайы әдіс-тәсілдермен жинақтап қана қоймай, оны талдап, жүйелеп баспадан кітап етіп шығарған. Олар ортақ мақсат пен міндетті көздей отырып, бірігіп жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Әрине, бұл зерттеулердің көшбасында Патшалы Ресей империясы болды.

Бұл материалдардың маңыздылығын экспедиция жетекшісі Ф. Щербина: «Наиболее важные результаты, полученные экспедицией, выразились прежде всего в том, что экспедицией прочно установлены формы киргизского землепользования. До работ экспедиции ни в Степном Положении, ни в практике местных учреждений не было указаний на существование у киргиз земельной общины, с соответственными ей площадями фактического землепользования по живым пограничным урочищам. До работ экспедиции также не существовало никаких материалов по этому предмету», - деген болатын.

Алғашқы Көкшетау уезіне арналған деректе «Жиналған материалдардың ерекшеліктері» деп аталатын 3-тарау бар. Онда Ф. Щербина: «Количество киргизских хозяйств, состав населения по полам, даже по возрастным признакам не возбуждали никаких сомнений в правильности и точности этих материалов ни при собирании, ни при разработке их. Сравнение данных экспедиции о населении с данными по другим источникам указывает на преимущества первых

перед вторыми», - деп, бір ғана халықтың саны бойынша деректегі ақпараттардың басқа дерекпен салыстыру арқылы деректанудың қағидасы бойынша деректі жасаушы субъектінің объективті өлшемдерге негізделген қорытындыларға келгендігін дәлелдейді. Ол 1906 ж. императорға дайындалған есеп бойынша халық саны 64589 деп берілгенін. Ал экспедицияның 1906 ж. санағы бойынша 72398 яғни, 12,1% көп болған атап өтеді. Яғни, маман зерттеу мәліметтерінің шынайылығы жағынан жоғары болып шыққандығын салыстырмалы талдау арқылы анықтайды. Бұл экспедиция материалдарының жоғары сапасы мен нақтылығын айқын көрсетеді.

«ҚЖПМ» ерекшелігі жинақталған мәліметтер басқа да ресми деректермен салыстырыла талданған. Мәселен, Щербина экспедициясынан кейін зерттелген уездерге арналған материалдар осы Щербина құрастырған деректің мәліметтерімен салыстырылып отырған. Статист П. Скрыплев Сырдария облысын зерттеуде үнемі Щербина экспедициясының мәліметтерін салыстырмалы талдау жасап отырған. Бұл деректің Қазақстанның кең-байтақ территориясының табиғи ерекшеліктері мен шаруашылық типтегі өзгешіліктер мен сабақтастықты айқын көрсетуімен де құндылығын арттырды. Сонымен қатар карточкалар мен анкеталардағы сауалнамалар қазақтардан бір-бірлеп сұрау арқылы алынады да, кейіннен жиналған деректер білетін ауыл ақсақалдарынан, болыстардан қайта сұрау арқылы нақтыланады. Яғни, мал саны мен жер көлемі арнайы қайта сауалнама жүргізу арқылы нақтыланып отырған. Бұл деректің ерекшелігі мен мәліметтердің құндылығын дәлелдейтін факторлардың бірі болып есептелінеді.

Дегенмен, тарихи деректердің маңызы мен ерекшелігі ең алдымен сол деректерді жасаушы субъектілермен тығыз байланысты.

Өтіп кеткен объективті тарихи құбылыстардың деректерде қай дәрежеде бейнеленуі, яғни объективті құбылыстар туралы субъективті мәліметтердің қай дәрежеде деректерге енуі, сол деректі жасаушы субъектінің қоғамдық позициясына, білім деңгейі мен ой-өрісіне, өмірлік ұстанымына тікелей байланысты. Бұл туралы С. Салқынов елбасы Н.Ә. Назарбаевқа арнаған «Тұңғыш президент және Қазақстан Республикасының тарихы» атты ғылыми монографиясында: «Әрине, тарихи деректің пайда болуының басты объективті алғышарты белгілі бір оқиғаның немесе қоғамдық құбылыстың болуы екендігі белгілі. Бірақ оның әр түрлі дерек көздерінде қалайша бейнеленуі деректі жасаушы жеке субъектінің қолында екендігі де анық» - деп өз ойын білдірген.

Деректанушы А.С. Лаппо-Данилевский: «Тарихи дерек дегеніміз – адам психикасының іске асқан жемісі» деген болатын, демек, «ҚЖПМ» жасаушы зерттеушілердің қоғамдағы орны мен өзіндік адами және тұлғалық қасиеттері, ұстанымдары мен атқарған қызметтері дерек мәліметтеріне әсер ететін фактор ретінде талдауды қажет етеді. Ендігі жерде біз ең алғашқы Далалы облыстарды зерттеген Ф.А. Щербина басқарған экспедицияның материалдарын жинаған ұжымға тоқталып өтуді жөн көрдік.

Щербина экспедициясына қатысқан зерттеушілердің құрамы мен олардың алған қызметтері, жұмыс істеу мерзімі туралы көптеген мәліметтерді мұрағат қорларынан кездестіруге болады.

Кесте 1 - 1896 жж Семей, Ақмола облыстарында шаруашылық-статистикалық, табиғи-тарихи зерттеуді ұйымдастыру үшін бөлінген қаржы

Аты-жөні	Қызметі	Төленетін жалақысы				2 айға төлейтін ақша		Алғанын растайтын қолы
						р	к	
		Руб.	К	Руб.	к			
Щербина Федор Андреевич	Экспедиц.жетекшісі	5000		416	66⅔	833	33⅓	
Добравольский Евгений Пантелеймонов	Экспедиц. жетекшісінің көмекшісі	3000		250		500		
Владимирский Всеволод Александр.	Статист-агроном	2000		166	66⅔	333	33⅓	
Баскин Григорий Иванович	Статист-агроном	2000		166	66⅔	333	33⅓	
Дмитриев Николай Федорович	Статист	1200		100		200		
Васильев Петр Ахиллович	Статист	1200		100		200		
Лабза Петр Фаддеевич	Тіркеуші	600		50		100		
Дядиченко Архип Никитич	Тіркеуші	600		50		100		
Няшинь Григорий Дмитриевич	Тіркеуші	600		50		100		
Барлығы	9 адам	16200		1348	2 р	2699	1р	
Экспедиция жетекшісінің қолы Ф.Щербина Бас ісжүргізуші (қолы)								

Жоғарыдағы кестеде зерттеушілердің құрамы туралы айтылған және мамандардың сметадағы жалақылары сол кезеңде өте көп деп есептелінді. Зерттеушілерге жалақы бір немесе жарты жылға бөлінген субсидилерден төленді.

1896-1903 жж. Ф. Щербина басқарған экспедицияның негізгі зерттеуші құрамы мен қосымша: аудармашы, тіркеуші, есепке алушы адамдары әртүрлі болды. Бірақта зерттеушілердің ішінде тұрақты мамандар да болды. Зерттеуші кадрларды шақыру және таңдау мемлекет тарапынан Ф. Щербинаға жүктелген болатын. Алайда бұл экспедицияға жауапты жер және мемлекеттік мүлік министрлігі Ф. Щербинаның ұсынған кандидатурасын мұқият зерттеп, оның жеке ісін полиция департаментіне сұрау беріп, тексеріп отырды.

Революцияға дейінгі зерттеушілер Ф. Щербина экспедициясына әртүрлі баға берді. Мәселен, I Мемлекеттік Думаның депутаты, танымалы зерттеуші Т. Седельников экспедиция басшыларын межелеу ісінде терең білімі жоқ деп айыптап: «не имея в числе своих сотрудников ни одного специалиста-землемера, Ф. Щербина удовольствовался тем, что нанес на десятиверстную карту, не выезжая в поле словесные показания киргизов о границах их пользования, полученные таким путем ни с чем не сообразные, фиктивные площади приняли за площади киргизского землепользования», - деп бағаласа. Оған қарама-қайшы пікірді айдауда болған Н. Коншин береді. Оның айтуынша комиссияда өте білімді адамдар жұмыс жасады, олар қазақ халқының жерге деген мүдделілігіне мейірбандылықпен қарады деп көрсетеді.

Көптеген мұрағат құжаттары мен ғылыми әдебиеттерді зерделей келе бұл экспедицияның мүшелері мен Ф. Щербина жоғары білімді зерттеуші-мамандар болғандығын дәлелдедік.

Жалпы зерттеушілер құрамы тұрақты мамандар және әр кезде ауысып отыратын есепке алушы, тіркеуші, аудармашылар секілді жергілікті білімі жоғары адамдар болған. Оларды атап айтсақ Е.П. Добровольский, В.А. Владимирский, Н.Ф. Дмитри-Няшин, А.Н. Дядиченко, П.Ф. Лобзе, Г.Д. Нияшин, И.Ф. Гусев, А.Ф. Дорофеев, М.С. Колижный, А.Е. Звеногорский, П.Г. Кондратьев, Н.Ф. Дмитриев, Г.Н. Шапошников, П.А. Хворостанский, А.Б. Бутковский, А.А. Боровский, И.М. Уродков, А.М. Снигерев, Ә.Н. Бөкейхан, Е. Мукучев, Т. Есенгулов, Э. Итбаев, М. Чулбалов, А. Иксин, М. Айтпенев, Г. Баскин, П.А. Васильев, Г.С. Чернавский, И.А. Смотров, В.Н. Тычин, П.А. Беляков, И.Д. Трипольский және т.б.

Экспедицияның құрамына байланысты А. Кауфман: «Зерттеу экспедициясының құрамында статистер, тіркеушілер және аудармашылармен қоса 40 адам болды», - дейді. Ал зерттеуші Т.П. Петрова мұрағат деректерінің негізінде зерттеуге аудармашыларды қоспағанда 200 адамдай қатысты деген пікірді білдіреді. Біз Т.П. Петрованың көзқарасымен толық келісеміз. Өйткені, бұл зерттеу өте ауыр және 40 адамның жұмысы емес еді. Зерттеушілер арнайы Ресейден және жергілікті екі тілді де меңгерген сауаты бар қазақ зиялыларынан таңдап алынды.

Ең алдымен экспедиция жетекшісі Федор Андреевич Щербинаға тоқталар болсақ, ол өз кезегінде аса ірі статист мамандардың бірі болды. Ф.А. Щербина (1849-1936 жж.) орыс статистикалық бюджетінің негізін қалаған ғалым. Ол жас кезінде Петровск академиясы мен Новороссийск университетінде білім алған. 1884-1903 жж. Воронеж земский статистикалық бюроның меңгерушісі қызметін атқарған болатын. Осы жылдары ол сонымен қатар Қазақстанның үш облысының 12 уезіне зерттеу жүргізеді. 1907 жылы Ф. Щербина халықтық социалистер партиясының атынан 2-ші Мемлекеттік Думаның мүшесі болып сайланады. Сондай-ақ, Ресей ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып жұмыс жасайды. Большевиктер үкімет басына келгеннен кейін ол шетелге эмиграцияға кетеді. Прагада профессор статист қызметін атқарады. Сол елде 87 жасында дүние салады. Оның Воронеждегі іс-тәжірибесі Ресейде жоғары бағаланатын. Сондықтан да, Ф. Щербинаның бұл зерттеуге басшылық жасауға шақырылуы да тегіннен болмаса керек. Бірақ ол жастық шағында халықшыл бағытты ұстанып, «Оңтүстікресей жұмысшылар одағын» жақтап, сол үшін 1877-1880 жж. Вологодск губерниясында айдауда болған еді. Оған қарамастан қажырлы еңбегінің арқасында көптеген жылдар статистикамен шұғылданып, өзін маман ретінде көрсетіп, үлкен беделге ие болды. Воронеж земствосының статистикалық бюросының меңгерушісі әрі көптеген еңбектердің авторы да атанды. Ол өз артында 100-ден аса статистикалық еңбектерді қалдырды. Оның «Крестьянские бюджеты», «Свободный сборник», «Киргизская народность в местах крестьянских переселений», «Объяснительная записка к данным об излишних землях, находящимся в пользовании киргиз северной части

Кустанайского уезда» және т.б. Қазақстанға қатысты еңбектері сол кезеңде жарыққа шықты.

Ф. Щербина ымырашыл халықшылдар өкілі, сондықтан ол сол кездегі құрылған тәртіптерге қырғи қабақ қыр көрсетті. Халықшылдықтың өкілдері көптеген материалдар мен зерттеулердің авторы, революцияға дейінгі Қазақстан тарихын білуде олардың көзқарасымен танысу тарихтың болымды және қате жақтарын аңғаруға терең ой салады. Материалдары мен зерттеулерінде қазақ халқының тарихын оқып-білуге, сондай қажетті статистикалық және басқа да мәліметтер бар. Айта кетейік, қазақ жеріндегі халықшылдар үкіметтің ресми органдарында мемлекеттік тәртіпке қарсы әрекет жасаған саяси сенімсіздер қатарына жатқызылды, ал көзқарастары бойынша ымырашыл халықшылдар еді.

Қазақстанға қызмет бабы бойынша келген ымырашыл халықшылдар патша үкіметінің шенеуніктері болды да іс жүзінде отарлау саясатын жүзеге асыруға ат салысты, ал зерттеушілік жұмыста қазақ қоғамында қауымдық-рулық қатынастың теориясын кең түрде насихаттады, ұсақ буржуазияшыл тарихи концепцияны дамытты.

Патшалы Ресейдің тапсырмасымен жүргізілген экспедиция Ф.А. Щербинаның басшылығымен құрылды. Осыдан кейін көпшілік осы зерттеу жұмыстарын Щербина экспедициясы деп атап кетті.

Жалпы бұл істі жетік меңгерген Ф. Щербина экспедиция барысында өзінің қарамағына білімді кадрларды жинады. Оның қазақ жерлерін зерттеуге қатынасу ұсынысына ауылшаруашылық кандидаты, статист В.А. Добровольский, бірінші разрядтағы агроном Г.И. Баскин, коммерция кандидаты, агроном Н.Ф. Дмитриев, Псков статисті П.Е. Кондратьев, бағалаушы-статист И.Д. Трипольский және т.б. қабылдады.

Зерттеушілердің құрамындағы агрономдар көрсетілген учаскелердің жер қыртысын, топырағын, өсімдіктерін және шаруашылығының жағдайын зерттеп, жазбаша көрсету міндетін атқарды. Гидротехникалық қызметшілер учаскелердің гидрогеологиялық жағын анықтап, картаға жер суландыру жүйесін түсіріп, жергілікті халықтың ауыл шаруашылығына керекті су мөлшерін зерттеуі тиіс еді.

Экспедиция құрамында аудармашы, тіркеуші ретінде қызмет жасаған қазақ ұлтының өкілдері де аз болмады. Зерттеуші Т. Волкова: «Как видно из вышеперечисленного списка, к составлению бюджетов привлекалась местная казахская интеллигенция, представители которой работали в экспедиции регистраторами и переводчиками. То обстоятельство, что это были, с одной стороны, люди с достаточным уровнем образования, а с другой знатоки казахского языка и быта, способствовали качества опроса», - деп бір жағынан экспедицияға қазақ ұлтының көзі ашық, сауатты азаматтары да қатынасқандығын көрсетсе, екінші жағынан зерттеудің объективтілігін дәлелдей түседі.

Бұл жерде айта кететін жәйт, осы зерттеуге қазақ зиялыларының өкілі, ормантанушы, экономист әрі статист маман Ә.Н. Бөкейханов қатысты. Жалпы алғанда М.Қ. Қойгелдиев, Т.П. Волкова, М. Базарбаев, С. Аққұлыұлы, М.С. Амрина, Л.И. Серекбаева, Г.А. Мейірманова, И. Жиеналина және т.б.

зерттеушілер Ә. Бөкейханның Щербина экспедициясындағы қызметінің әртүрлі қырларын қарастырған болатын.

Қазақтың біртуар азаматтарының бірі - Әлихан Бөкейханның бұл зерттеудегі қызметі ерекше әрі аса күрделі болды. Ол 1894 жылы Санкт-Петербург қаласында императорлық орман шаруашылығы институтын бітіріп, Омбыға оралады. Сөйтіп 1896 жылы орталық билік орындарының шешімімен Ақмола, Семей және Торғай облыстарындағы жергілікті халықтың мал шаруашылығын, оның жер қорын пайдалану жүйесі мен мәдениетін зерттеуді мақсат тұтқан Ф.А. Щербина экспедициясына шақырылады. Ол алғашында статист ретінде шақырылып, кейіннен экспедицияның жеке бір партиясының меңгерушісі болып істеді.

Жұмыс мерзімі 1896-1903 жылдар аралығында өткен бұл экспедицияға қатынасу барысында Ә. Бөкейхан қазақ даласына байланысты империялық биліктің көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және оның таяу арада ірі стратегиялық шараларды іске асыруға даярлық үстінде тұрғанын байқады. Тұжырымдап айтқанда, ол Батыс Сібір және қазақ даласын ішкі ресейлік губерниялардан қоныс аударған шаруаларды орналастыру аймағына айналдыру, сол арқылы метрополиядағы жерге байланысты қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті бәсеңсіту еді. Ол экспедицияға қатынасу арқылы бір жағынан Ресейдің отарлау саясатының куәгері болды. Ал екінші жағынан қазақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен танысып, болашаққа нақты жоспарлар жасауға мүмкіндіктер алды.

Ресей үкіметінің қоныс аудару қозғалысын кең көлемде ұйымдастыру үшін оған қандай да бір «заңдық» негіз жасауға, қазақтардың жерге меншіктік құқын, пайдалану нормаларын анықтауға тырысқаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда Ә. Бөкейханның қазақ даласына алғаш ұйымдастырылған экспедиция жұмысына қатысып, оның ғылыми-зерттеу тұжырымдарының белгілі дәрежеде либералдық сипат алуына себепші болуының маңызы зор.

Әлихан Омбы, Павлодар, Қарқаралы, Семей уездерінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. «ҚЖПМ» дерегінің 2, 4, 6, 10-томдарында оның атқарған қызметі мен істері туралы көптеген мәліметтер баршылық. Мәселен, Әлихан Бөкейханов Павлодар уезінің Алтыбай, Қызылтау болыстарына ғылыми сараптама жасап, деректе сипаттап жазған. Сондай-ақ, уездегі рулар кестесі мен ондағы қазақ халқының қашаннан бері осы өңірді тұрақтайтынын анықтап, ауызша аңыз-әңгімелердің негізінде XVII-XIX ғғ. сол аймақтың төл тарихын қайта қалпына келтіруге атсалысқан.

Ә. Бөкейханов жер мәселесін реттеудегі экспедиция материалдарының маңыздылығын атап көрсеткенімен, оның қорытындыларымен толықтай келісе қоймаған. Ол патшалық Ресейдің көздеген мал шаруашылығы мен егіншіліктің бірден қатар дамуын емес, көшпелілердің отырықшылыққа бірте-бірте, ерікті түрде көшуін жақтады. Өйткені, ол жаңа жағдайға дағдыланбаған қазақ шаруашылықтарының күйзеліске ұшыратуға, «орыстандыру» саясатына, халықтың қасиетті саналатын құндылықтарын жаншып-таптауға қарсы болады.

Ф. Щербина зерттеуінен кейін жүргізілген қайта зерттеулерге қатысты Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде «Бұрынғы қазаққа Щербина нормасымен

қалған жерді мінеп, неше қайтара кішірейтіп, шұнтитып, көшпелі қазаққа деп жаңа норма шығарды...», - деп патша үкіметіне нала болған пікірін білдіреді.

Белгілі статист А.А. Кауфман Ә.Н. Бөкейхановтың экспедициядағы еңбегін ерекше атап өткен болатын. Экспедициядағы Ә. Бөкейханның қызметін көптеген статистер жоғары бағалады. Мәселен, мұрағатта сақталған бір құжатта Әлихан Нұрмұхамедұлы 1903 ж. Ф. Щербина экспедициясы аяқталғаннан кейін, осы қызметте тағы да 2 айға қалдырылғаны туралы мағлұмат сақталынған. Онда 1905 ж. 5 қаңтардағы Мемлекеттік мүлік департаментінен жолданған ресми хатта далалы облыстарды зерттеген экспедицияның 1904 ж. 1 қаңтардан бастап жұмыс жасамайтындығы туралы айтылған. Хатта осы зерттеулердің тоқтауына байланысты оның мүшелері Ә. Бөкейханов пен П. Васильевтің арнайы тапсырмаға байланысты белгісіз мерзімге дейін қалдырылатындығы мәлімденген. Онда: «... то Департамент полагает справедливымъ оставить ихъ на работахъ на прежнихъ условияхъ, т.е. за прежнее вознагражденіе, еще на два месяца, т.е. до 1-го Марта 1904 года», - деп, осы зерттеушілерге әлі де болса толығымен жарық көрмеген «ҚЖПМ» құрастыру жұмысын табыстауға бел байлады.

Әлихан Бөкейхан сонымен қатар қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымын зерттеп, шежіресін жазып, терең әрі объективті қорытындылар жасап, рулардың қоныстанған елді-мекендерін картаға түсіреді. Осы мағлұматтар «ҚЖПМ» дерек көзінде жүйеленіп, жарияланған болатын. Сондықтанда бұл деректердің қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымын зерттеудегі құндылығы мен маңызы жоғары деп бағалауға негіз бар. Отандық тарихнамада зерттеушілердің көпшілігі Ә. Бөкейханның қатысуымен Щербина экспедициясы қазақтың дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына пәлендей зиян келтірмейтін жер үлесін есептеп шығарғанын атап өтеді.

Ә. Бөкейхановтан басқа зерттеуге қазақтардың ішінен Ж. Сатыбалдыұлы, Е. Итбайұлы, М. Шомбалұлы, С. Тілекеев және т.б. қатынасты. XIX ғасырдың 60-90-жылдарында қазақ зерттеушілері дүниетанымының қалыптасуына халықшылдық идеология көп әсер етті. Олар айдаудағы халықшылдардың көзқарастары мен әдіс-тәсілдерін меңгерді. Алайда олардың арасында идеялық алшақтықтар да болды. Олардың бір бөлігі үстем тап позициясын ұстанып, өткенді дәріптеді. Ал тұтас алғанда, қазақ қоғамдық ой-пікірі патриархаттық қалдықтарынан, идеялардағы жетілмеушіліктен, нысандарындағы толыспаушылықтан арыла бастады.

Бұл тіркеушілер мен есепке алушылар жергілікті адамдардан, өз жерін жақсы білетін шаруалардан құралды. Олар сұрақ-жауап бланкілерін, дәптерлерді, бюллетеньдерді қажетті жауаптармен толтырып, мемлекеттік статистика (Орталық статистика ұйымы мен губерния статистика бюросы) органдарына тапсырады. Сосын бұл мәліметтер Орталық статистика ұйымында жүйеленіп, қорытындылары арнайы анықтамаларда жарияланады. Мемлекеттік статистика мекемелері санақтың материалдарын осы мәліметтермен толықтырады. Бұндай анықтамалар екінші кезектегі дерекке жатады. Екінші кезектегі

деректердің міндеті - бірінші кезектегі мәліметтерді қорытындылап, оған шолу және талдау жасау.

Бұл экспедицияның құрамында түрлі жұмыстар атқарып жүрген, басынан соңына дейін еңбек еткен негізгі зерттеушілер тобы - Ф. Щербина, Л. Чермак, Ә.Н. Бөкейхан, В.А. Добровольский, Н.Ф. Дмитриев, В.К. Кузнецов, И.Ф. Гусев, В.А. Владимирский, И.М. Уродков, И.А. Смотров, А.Е. Звенигородскилер болды. «ҚЖПМ» дерегінің алғысөзінде де осы аттарды жиі кездестіруге болады.

Осы зерттеуге қатысқан статист И.Ф. Гусев кейіннен П. Скрыплев партиясында да жұмыс жасады. Бірақта 1908 ж. 17 наурызда кенеттен қайтыс болады. Ол Щербина экспедициясында Өскемен уезіндегі Найман руларының кестесін сол өңірлердегі қазақтардан сұрау жүргізу арқылы құрастырған болатын. Оның дүниеден өткені туралы «ҚЖПМ» Өскемен, Шымкент уездеріне арналған томдарында айтылған. Сонымен қатар, Щербина экспедициясына қатысқан статист П. Хворостанский кейіннен Торғай-Орал партиясында бас статист қызметін атқарып, барлық деректерді редакциялап отырды.

Ф. Щербинадан кейін Ақмола облысында қайта зерттеу жүргізген В. Кузнецов та кезінде «ҚЖПМ» өңдеп, редакциялаған статистердің бірі болды. Ол Зайсан уезіне арналған деректің алғысөзін дайындап, сол уезге арналған деректі редакциялаған болатын. Кейіннен Ақмола облысындағы уездердің шаруашылығын қайта зерттеп, жер нормасын ұсынған экспедицияны басқарып, оған байланысты бес томдық еңбекті редакциялап, құрастырғандардың бірі болды.

Ф. Щербина мен В. Кузнецов экспедицияларын талдаған зерттеуші Г. Ерменбетова өзінің еңбегінде: «Қазақ даласын қайта зерттеу мақсатымен 1907 ж. статист В. Кузнецов экспедициясы жасақталды. Ол Щербина экспедициясы зерттеген уездерде жұмыс істеп, «артық» жерлердің көлемін өсірді. Себебі В. Кузнецов патша өкіметінің тапсырмасын бұлжытпай орындауға тырысты» - деп тұжырымдаған болатын.

Жергілікті жандармерияның санағы бойынша зерттеушілердің 90% пайызын саяси қылмыскерлер мен жер аударылған адамдар құрағанын анықтауға болады. Олардың ішінде Ф. Щербина, Л. Чермак, И.Ф. Гусев, Н.Ф. Дмитриевтер бірнеше жылдар бойы айдауда болған. Алайда бұл зерттеу материалдарының құндылығына ешбір нұқсан келтірмейді деп тұжырымдауға болады. Өйткені, бұл жер аударылған адамдар Патша үкіметінің саясатына қарсы пікірлер білдіріп, халықты жақтаған жоғары білімді адамдар болғанын естен шығармауымыз қажет. Сондай-ақ Рсейдің Қазақстанды отарлау мақсатына қызмет етіп, олардан материалдық көмек алып отырған зерттеу партиялары мен экспедициялардың жинаған материалдарын сыни тұрғыдан талдау қажет.

1902 ж. Ресей империясының ішкі істер министрі В.К. Плеве Воронеж комитетінің ісін қарап, Ф. Щербинаны экспедицияны басқаруға лайықсыз кандидатура деп тапты. Өйткені, ол ауылшаруашылық өндірістерге мұқтаж Воронеждің уездік комитетінің комиссиясын басқарып, империяға конституциялық талаптар қойып, баяндама жасайды. Бұл әрекеттерді өкімет

солшыл және зиянды бағытты ұстанушы деп тауып, оны барлық жұмыстардан босатады.

Осыдан кейін «ҚЖПМ» дерегін жүйелеп, сараптама жасап баспаға даярлау ісін Ф. Щербина ешбір қаражатсыз өз мойнына жүктеуін Жер және мемлекеттік мүлік министрлігінен сұрап алады. Ол: «Еще раз позволю себе сказать, что окончание работ экспедиции в тех ее частях, которых ведение лежало на мне как заведующем экспедицией, я считаю нравственной своей обязанностью довести до конца без всякого денежного вознаграждения» - деген болатын.

П.Г. Галузо XX ғ. басында Ф.А. Щербинаның көзқарасына демократизмнің элементтері болды деген пікірді білдіреді.

Экспедиция жұмысын әрі қарай Е.П. Добровольский атқарып, ал кейіннен Лев Карлович Чермак басқарды. Ол полицияның құпия бақылауында тұрған Щербинаның көмекшісі болған адам еді. Оның өзі саяси көзқарастары үшін Омбыға 3 жылға айдалған, дворяндық екен. Көп ұзамай осы өңірде эсерлердің ұйымын құруға атсалысқандардың бірі екендігі анықталды. 1896-1897 жж. ол экспедицияға тіркеуші ретінде алынып, кейіннен Ф. Щербинаға ең жақын адамдардың бірі болады. Ал ол кеткеннен кейін Л. Чермак экспедиция меңгерушісі болып тағайындалады (1902-1903 жж.).

Зерттеуші М. Құл-Мұхаммедтің баяндауынша Л. Чермак қазақтар туралы әділетті көзқараста болған. Оған әсер еткен қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы деп көрсетеді де, өз пікірін Ә. Бөкейханның «Қазақ» газетіндегі мына бір сөзімен дәйектейді: «1900 жылы Щербина есеп алған соң, екінші норма жазған Лев Карлович Чермак еді. Бұл біздің қырға Абайдың досы, жанадан опат болған Михаэлис жолымен барған еді», - деп автор Чермақтың Михаэлис арқылы Абаймен таныс болуы әбден мүмкін деген қорытындыға келеді.

М. Құл-Мұхаммед Ф. Щербина, Л. Чермак, Ә. Бөкейханның еңбектерін зерделеу арқылы, олардың отаршылыққа қарсы позиция ұстанғандығын тілге тиек етеді. Мәселен, Л. Чермак Щербина нормаларын жақтады. Ол: «Норманы қысқарту – қырғыздардың шаруашылығын саналы түрде күйрету, оларды аштықпен күнелтуге душар ету, тіпті үйреншікті кәсібін тастауға мәжбүр ету», - деп жазуы осының дәлелі. Л.К. Чермак сонымен қатар «Формы киргизского землепользования» еңбегін жазып, «ҚЖПМ» алғысөзі мен тарауларын редакциялаумен айналысты. Ә.Н. Бөкейханов ол туралы: «Бұл алдына Алтай тауындай алтын қойсаң ия патша Ескендір бұлай қыл десе, ғылым жолынан, өз пікірінен қия баспайтын кісі еді» - деп, Л. Чермақтың ғылымға адалдығын жоғары бағалады.

Осы кезде Омбыдағы экспедицияның орталығы полиция тарапынан қатаң бақылауға алынады. Өйткені, олар туралы Николай II-ге ішкі істер министрлігінен В.Д. Даль «экспедиция мүшелері халық арасында үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізгендігін хабарлайды». Ал Николай II шұғыл түрде зерттеушілердің барлығын қызметтерінен босату үшін резолюция қабылдады. 1903 ж. маусымда барлық мүшелері өкіметке қарсы саяси бағыттары үшін тұтқындалып, Омбыдағы бюро жабылады. Жалпы экспедиция жұмыстарының тоқтатылуының себептері, зерттеушілердің антиүкіметтік ұстанымдары туралы

әлі күнге дейін нақты мәліметтер жоқ. Осылайша қалған материалдарды өңдеу жұмыстары Петербургте жалғастырылады. Экспедиция таратылғанымен, оның жинаған материалдары 1909 ж. дейін баспадан том-томымен шығып отырды.

1896-1903 жж. Далалық өлкенің барлық уездерін зерттеуді мақсат еткен бұл экспедицияны құрғанда мемлекеттік мүлік министрлігі зерттеу нәтижелерін Қазақстандағы жер саясатын жүргізуге пайдалануды көздеді. Экспедицияның міндеті аумақты табиғи, тарихи жағынан зерттеп суреттеу, осы мәселедегі ауылдар мен болыстардың маңызын, шаруашылық жүргізу, жер пайдалану тәсілдерін анықтау және көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылықтарға қажетті жер көлемін белгілеп, оның қоныстандыру қорына алынатын көлемін анықтау болатын. Әсіресе, Ресейдің орталық губернияларынан көшіріп әкелінген шаруаларды қоныстандыру мақсатында шаруашылық-статистикалық зерттеуге баса көңіл бөлінді.

Экспедиция материалдарын патша өкіметі қазақтардың «артық» жерлерін күшпен тартып алуды күшейту үшін пайдаланады. Бұл материалдар ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. бас кезіндегі қазақ шаруашылығының жай-күйі жөнінде теңдесі жоқ деректеме болып табылады. Экспедиция мүшелері жер нормалары асыра көрсетілген, көшпелі қазақтарға үлкен кеңістіктің керегі жоқ, өйткені олар жер-жерде отырықшылық пен егіншілікке көшіп жатыр деген тұжырым жасады. Бірақта Щербина экспедициясынан кейінгі қайта ұйымдастырылған зерттеулерде ол нормалар бұрынғыдан да төмендетілді. Бұл ретте Ә. Бөкейхан Щербинаның нормасын жақтаған болатын. Дегенменде, Ф. Щербина басқарған экспедиция патшалы Ресей өкіметінің отарлау саясатына алғаш рет ғылыми негіз жасап, қазақ халқының тарихын жан-жақты зерттеп беруімен де ерекшеленеді.

Ал Торғай-Орал облыстарына арналған «ҚЖПМ» 1904-1912 жж. жерді межелеу партиясының ұжымы жинады.

Мұрағат құжаттарына сүйенсек, зерттеу партияларында меңгеруші мен бас статисттен басқа агроном Скалов, жұмысты жүргізуші Батманов, оның көмекшілері Прозоровский, Седельников болды. Техникалық бөлімнің меңгерушісі Шамышейский, аға топографтар Заболотский, Ядрихинский мен топографтардан Баранов, Данилин, Малянчиков, Романов, Э. Яржиновский, В. Яржиновский, Сапарянц, Скобейко, Янулевич, Леневич, Котковский барлығы 14 топограф қатысқан.

«Отчет о работах в Тургайской и Уральской областях за 1905 г.» деп аталатын құжаттан олардың жалақысы, қосымша қажетті құралдары мен жолына, тұратын үйіне төленетін ақшаның мөлшері туралы көптеген мәліметтерді табуға болады.

Оның құрамында «ҚЖПМ» мәліметтері бойынша 1904 ж. Торғай-Орал облыстарында алғашқы жұмыстарды статист Карлсон, Л.Н. Рум және І Мемлекеттік Думаның депутаты болған Т.И. Седельниковтер жүргізді. Кейіннен Батманов, Н.П. Шевалье келіп қосылды. Өлкенің жағрафиясын, табиғаты мен өсімдіктерін зерттеген мамандар 2 гидротехник – Рейнвальд пен Миронов, тау-кен инженері Казицин, геолог В.П. Семенов болды. Бұл аты

аталған статистикалық партияның мүшелері туралы ғылыми еңбектерде көп жазылмады.

Л.Н. Рум 1869 ж. 19 мамырда туылып, Пермь және Чернигов гимназияларында білім алды. 1889 ж. Қазан университетінің медицина факультетіне түсіп, 1891 ж. заң факультетіне ауысады. 1892-1894 жж. әртүрлі үйірмелерге қатысып, бірнеше лицейлерде білім алады. 1898 жылдары заңсыз басылымдарды сақтағаны үшін, қатаң бақылауға алынып, Вологодск губерниясына жер аударылады. 1901 ж. Жер және Мемлекеттік мүлік министрлігіне қызметке шақырылады. Онда Л.Н. Рум Пермь-Вологодск қоныс аудару ұйымында аға топограф болып жұмыс жасап, 1904 ж. «Итоги экономического исследования крестьянского населения Усть-Сысольского уезда Вологодской губерний» жинақты редакциялап шығарады. Осы жылы қазан айында ол Орынбор қаласына жіберіледі. Осылайша ол Орал-Торғай статистикалық партиясында біраз жылдар жұмыс істейді.

Төмендегі кестеден Торғай-Орал зерттеу партиясында жұмыс істеген зерттеушілердің құрамы мен олардың жалақылары туралы мәліметтер сақталынған.

Бұл ҚР ОММ мұрағат қорларында сақталынған құжаттардан алынған мәлімет бойынша партия меңгерушісінің ақысы статистика бөлімі меңгерушісінің жалақысынан төмен. Оның себебін біз статистика бөлімі меңгерушісі партия меңгерушісінен көп жұмыс істейтін болғандықтан деп түсіндіреміз.

Кесте 2 - Торғай-Орал зерттеу партиясының құрамы мен алатын жалақысы туралы мәлімет.

Қызметі	Маман саны	Жалақысы	
		1 адамның	Барлығының
Партия меңгерушісі	1	1000	1000 рубль
Статистика бөлімінің бастығы	1	2100	2100 рубль
Жұмысты жүргізуші	4	1800	7200 рубль
Агроном	2	1425	2850 рубль
Техника бөлімінің меңгерушісі	1	1425	1425 рубль
Аға топограф	3	1150	3450 рубль
Топографтар	13	950	12350 рубль
Жан-жақа жіберетін топографтар	17	50	850 рубль
Көмекшілерге (есепке алу, тіркеу)	6	150	900 рубль
Барлығы	48	10050	32150 рубль

Статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру мен мәліметтерді редакциялау ісін статистика бөлімінің меңгерушісі П.А. Хворостанский жүргізді. Партияның меңгерушісі және басқарушысы ресми түрде Цабелге жүктелгенімен, зерттеу жұмыстарын басынан соңына дейін П. Хворостанский атқарды. «ҚЖПМ» меңгерушісінің аты аталмайды да.

П. Хворостанский Щербина экспедициясына қатысқан тәжірибелі адамдардың бірі болды. Торғай-Орал облыстары уездеріне арналған 7 томның барлығын ол өзі редакциялап, алғысөзін, қосымша бөлімдерін жазып отырды. П.А. Хворостанский қоныс аудару ісіне байланысты бірқатар еңбектер жазды. Оның «Қ вопросу о заселении южных уездов Семипалатинской области», «Киргизский вопрос в связи с колонизацией степи», «Эволюция киргизского

хозяйства в Тургайской области: статистико-экономический очерк» және т.б. зерттеулері жарыққа шыққан.

«ҚЖПМ» Ілбішін уезіне арналған томының алғысөзінде «Наблюдение за подсчетами лежало на бывшем сотруднике статистического отдела А.Б. Байтурсунове», - деп айтылған. Бұл мәліметтен осы зерттеуге қазақтың зиялы тұлғаларының бірі А. Байтұрсынавтың да қатысы болған деген нақтыланбаған болжамымыз бар.

Жалпы Торғай-Орал уездерін зерттеген статистикалық партияның мүшелері туралы көп мәлімет кездеспеді. Ол зерттеушілер өз жұмыстарында көбінесе Щербинаның әдіс-тәсілдерін басшылыққа алып отырды.

Сыр-Дария облысында жүргізілген зерттеудің нәтижесінде пайда болған «ҚЖПМ» жинауға атсалысқан ұжым да статист, агроном, тіркеуші, есептеуші, топограф, геолог, биологтардан тұрды.

1906 ж. Сыр-Дария облысы Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск уездерінде зерттеу жұмыстарына жетекшілікті белгілі статист П. Скрыплев басқарды. П. Скрыплев осы зерттеуді 1906 ж бастап жүргізіп, 1913 ж. осы жерде дүние салады. Ол Сырдария облысындағы переселендерге, қазақтардың жер пайдалануына қатысты «Материалы по обследованию переселенческого хазяство в Туркестанском крае», «ҚЖПМ» алғысөзін жазып, мәтінін түгел редакциялады.

Статистикалық партияның құрамы үнемі өзгеріп отырды. Дегенмен, партияның негізгі тірегі болған жұмысшылар сол қалпында өзгеріссіз жұмыс жасады. Олардың қатарында кейіннен «ҚЖПМ» құрастыруға атсалысқан: И.И. Рылов, В.А. Якиманский, П.И. Путилов, А.А. Черновский, Е.Е. Яшнов, А.А. Росляков, С.С. Неуструевтар болды. Аты аталған зерттеушілер кейіннен Самарханд облысының Жызақ, Ходжент уездерін, Ферғана облысының Әндіжан, Наманган уездерін зерттеді.

Зерттеу жұмыстары Шымкент уезінен басталды. Бұл уезге Қоныс аудару басқармасы «ҚЖПМ» 2 бөлімнен тұратын 3 кітапты арнап шығарды.

Шымкент уезінде шаруашылық-статистикалық зерттеуді үш негізгі отряд жүргізді. Оларды И.Ф. Гусев, И.И. Рылов, И.Е. Ступаков басқарды. Зерттеуге статистерден А.П. Баранов, В.А. Якиманский мен П.И. Путиловтер қатысты. 1908 ж көктемде И.Ф. Гусев кенеттен қайтыс болады. Ал топографтардан В.И. Юферев, В.А. Владимирский көптеген картографиялық суреттерді түсірді. Өңірдің топырағы мен ботаникасын зерттеу С.С. Неуструевтің мойнына жүктелді. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар арасынан алынатын тіркеушілер, аудармашылар мен есепке алушылар да болды. Өкінішке орай олардың аттары ешбір жерде аталмаған.

Әулиеата уезін зерттеу екі кезеңнен тұрды. Алғашқы рет 1907 ж. Билікөл, Күйік, Асын, Тастөбе болыстары зерттелген болатын. 1909 ж. статистикалық жұмыстар қайта басталды. Деректің өзінде бұл туралы: «В этом году была подвергнута изследованію вся остальная южная часть Аулиеатинского уезда, наиболее интересная в колонизационном отношении», - делінген болатын. Уезге арналған статистикалық материалдарды өңдеу жұмыстары 1910 ж. көктемде

аяқталды. Ал «ҚЖПМ» мәтіні осы жылдың күзінде құрастырылып, 1911 ж. баспадан шығарылды.

Әулиеата уезінде зерттеу жұмыстарына статистерден И.И. Рылов, В.А. Якиманский, П.И. Путиловтар қатысты. Ал деректі біріккен ұжым, оның ішінде табиғаты мен ботаникасы, жер қыртысына арналған тарауды С.С. Неуструев, З.А. Минквиц, О.Э. Кнорриндер жазып дайындаса, 2 және 3 тарауларды Е.Е. Яшнов, И.И. Рылов, И.Е. Суслов, В.А. Якиманскийлер құрастырды. Барлығын өңдеп, баспаға даярлаған П. Скрыплев еді.

1910 ж. зерттелген Қазалы уезінде жердің қыртысын, ботаникасын С.С. Неуструев, ал статистерден П.И. Путилов, М.И. Носков, А.А. Черновский, Е.Е. Яшнов, А.А. Росляков, В.Д. Новосельский, И.И. Рыловтар зерттеді. Алайда зерттеушілердің барлығы дерлік «ҚЖПМ» құрастыруға қатыса бермейтін. Мәселен, Қазалы уезін зерттеуге арналған деректің 1-тарауы «Қазалы уезінің табиғи жағдайының» мәтінін С.С. Неуструев даярласа, «Тұрғындары» деп аталатын 2-тарауды И.А. Біляев, «Жер өңдеу» деп аталатын 3-тарауын И.Е. Суслов, «Мал шаруашылығы» деген тарауын И.И. Мальцовтың жинаған материалының негізінде Н.А. Чудов даярлайды. Деректе сонымен қатар, И.А. Авдеев, Е.Е. Яшнов, М.И. Носков, А.А. Черновскилер де түрлі мәселелер бойынша жиналған материалдарды өңдеуге атсалысады.

Сырдария облысының Перовск уезі 1910 ж. көктемде зерттелінді. Бұл зерттеулердің барлығы ортақ бағдарламаның негізінде жүзеге асырылды. Және зерттеушілердің де құрамы жоғарыда аты аталған адамдардан тұрды.

Бұл өңірлерде зерттеу жүргізген ұжым сондай-ақ 1911, 1912 жылдарын Самарханд облысының Ходжент пен Жызак уездерін зерттеуге алып, 1914 ж. «Материалы по землепользованию туземного кочевого населения района Голодной степи и прилегающих местностей Ходжентского и Джизакского уездов Самаркандской области» деп аталатын деректі де жариялады. Оны құрастырған ұжым жоғарыда аты аталған зерттеушілерден тұрды. Сонымен қатар, 1911 жылы партия мүшелері Ферғана облысының Әндижан, Наманган уездерін зерттеу нысанына алып, «ҚЖПМ» осы уездерге арналған екі томын шығарды. 1913 ж. 6 қаңтарда Әндижан уезіне арналған дерек жарыққа шықты. Оның мәліметтеріне сүйенсек, зерттеу жұмыстары Базар-қорған, Қаракөл-Сересу, Кенкөл-Қарақыр, Қуғарт, Мәссін, Майлысай, Үзген, Шанкент, Яссын болыстары зерттелінген. Ал Наманган уезі 1912 ж. зерттелініп, 1913 ж. қарашада «ҚЖПМ» Ташкенттегі баспадан басылып шығарылды. Наманганда тек 5 көшпелі Арым, Қырық-Үгіл, Саруй, Сусамыр, Шатқал болыстары зерттелінген болатын. Зерттеушілер құрамы жоғарыда аты аталған ұжымнан тұрды.

Сырдария облысына арналған «ҚЖПМ» жүйелеу ісін редактор ретінде П. Скрыплев атқаратын. Бірақта 1913 ж. 5 наурызда П. Скрыплев кенеттен қайтыс болады. Осыдан кейін редакциялау ісін И.И. Рылов өз қолына алады. Ол көбінесе П. Скрыплевтің басшылығымен зерттелініп, жинақталған материалдарды өңдеумен айналысты.

Сырдария облысының уездеріне арналған зерттеулерге тіркеуші, есепші, тілмаш, сауалнама алушы ретінде қазақтар да қатысқанымен де олардың аттары дерек көзінде аталмаған болаты.

XIX - XX ғғ. тоғысқан күрделі уақытта қазақ қоғамы жайында бірсыпыра салмақты және дәлелді ғылыми еңбектер дүниеге келді. Оған басты мұрындық болған нәрсе патша үкіметінің Қазақстанды орыс және украин шаруаларымен қоныстандырмақ болған саясатына байланысты біздің өлкеде жүргізген статистикалық зерттеу жұмыстары. Қазақ халқының негізгі бөлігін қамтыған статистикалық зерттеу жұмыстары ғалымдарға өте құнды және объективті деректер берді. Әрине, негізінен зерттеу жұмыстары, мақалалар мен статистикалық есептердің кіріспелері XIX ғ. соңы XX ғ. басындағы қазақ өлкесінің шаруашылық, әлеуметтік тұрмысын қарастырады. Бірақ зерделей қараған адамға XVIII ғ. қазақ қоғамын зерттеуде қажет болатын көптеген материалдар осы басылымдардан аз табылмайды.

Сонымен қорыта айтсақ, «ҚЖПМ» XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымының дерек көзі ретіндегі маңызы мен басты ерекшеліктерін төмендегідей көрсетуге болады.

Зерттеу экспедициясы мен статистикалық партиялардың жинақтаған «ҚЖПМ» дерегінен XIX ғ. соңы-XX ғ. басындағы қазақ халқының:

- тарихы мен этнографиясынан;
- жағрафиясы мен ауа-райынан;
- биологиясы мен гидрогеологиясынан;
- экономикасы мен шаруашылығынан;
- халқының құрамы мен саны;
- әлеуметтік және рулық-тайпалық құрылымынан;
- топографиясы мен елді-мекендердің атауынан;
- шежіресі мен ру-тайпалардың орналасуынан;
- қазақ жерін отарлауы жөнінде құндылығы жоғары мәліметтер алуға

болатындығымен де маңызы зор.

Бұл деректің ерекшелігі мен құндылығын атап айтсақ:

- Біріншіден, зерттеу жұмыстары бүкіл Қазақстан жерінде үлкен масштабта жүргізілуінің нәтижесінде, «ҚЖПМ» Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Сыр-Дария облыстарын толық қамтиді. Оның тарихын жан-жақты ашып көрсетуге көмектеседі;

- Екіншіден, Қазақстан жерін зерттеу жұмыстары аяқталмай-ақ, бүкіл материалдар сұрыпталып, жүйеленіп кітап болып басылып шығуында. Яғни, дерек пайда болу жағынан сол кезеңнен алшақтамайды;

- Үшіншіден, бұл деректің материалдарын кітап етіп құрастырып, баспаға даярлаған авторлардың өздері сол экспедицияның бел ортасында жүріп, басынан соңына дейін қатысқан білімі жоғары зерттеушілер болған (Ф. Щербина, Ә. Бөкейхан, Л. Чермак, П. Скрыплев, В. Хворостанский және т.б.). Ол деректің объективтілігін жоғарылатады;

- Төртіншіден, дерек басылып шыққаннан кейін қайта өңделмеген, басылмаған. Демек, дерек бұрмалаушылыққа ұшырамай, түпнұсқа күйінде жетуімен де ерекшеленеді;

- «ҚЖПМ» мәліметтері жарияланбастан бұрын басқа да статистикалық деректермен (1896 ж. 1 қаңтардағы жалпы есеппен) салыстырылған;

- Бесіншіден, «ҚЖПМ» дейін мұндай жан-жақты қамтылған, толық әрі объективті статистикалық мәліметтерді, ру-тайпалық кестелерді беретін дерек көзі болмағандығымен де құнды.

«ҚЖПМ» жинауға қатысқан Ә. Бөкейхан туған елінің жерін зерттеу арқылы жан-жақты білімдарлығын одан әрі тереңдете түсіп, қазақ тарихын, ру-тайпалық құрылымын зерттеуге өзіндік үлесін қосты.

Осы жоғарыдағы айтылғандарды түйіндер болсақ, «ҚЖПМ» ХІХ ғ. соңы-ХХ ғ. басындағы қазақтардың дәстүрлі қоғамының тарихын зерттеуде құндылығы жоғары, өзіндік ерекшеліктері бар дерек көзі болып табылады.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. «ҚЖПМ» көптомдық дерек көзінің пайда болуын сынау.

2. «ҚЖПМ» тарихи дерек көздері ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері.

3.«ҚЖПМ» көптомдықтың авторлары мен олардың ұстанған көзқарастары.

4. Ф.А. Щербина, П. Скрыплев, В. Хворостанскийдің өмірбаяны және Қазақстанды зерттеуге қосқан үлестері.

5. Ә.Н. Бөкейханның Ф.А. Щербина экспедициясындағы қызметі мен зерттеуге қосқан үлесі.

1.2 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарындағы...» рулық-тайпалық құрылымдар туралы деректердің пайда болуының объективтілігі, тарихи жағдайы және оларды сыныптау мәселелері.

Деректану ғылымының қағидасы бойынша әрбір тарихи дерек өзінің пайда болуы жағынан объективті. Өйткені ол белгілі бір тарихи оқиғаның, құбылыстың немесе қоғамдық процестің салдарында пайда болады. Дәлірек айтқанда, нақты тарихи оқиға, құбылыс немесе қоғамдық процесс нақты тарихи деректерде бейнеленеді. Сондықтан әрбір тарихи дерек өз бойында сол тарихи оқиға, қоғамдық құбылыс немесе қоғамдық процесс туралы мәлімет сақтайды. Демек, оқиға немесе құбылыс болмаса дерек те болмайды. Олай болса кез келген деректі белгілі бір тарихи оқиғаның дерек көзі ретінде зерттеуде, оның пайда болуының объективтілігін, алғышарттарын, яғни нақты қандай оқиғаның салдарында пайда болғандығын анықтаудың маңызы үлкен.

Бұл туралы деректанушы О.М. Медушевская: «Деректанудың негізгі мәселесі – тарихи деректің табиғатын ашу, оның объективті қасиеттерімен олардың қалыптасу заңдылықтарын зерттеу. Адамзаттың мақсатты іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған деректерді талдау, олардың пайда болу себептерін ашу – олардың тарихи процестердің барысында атқарған қызметтерін айқындау арқылы ғана мүмкін болады», - деп кез келген деректің пайда болуын сынау деректану саласының маңызды зерттеу қадамы екендігін көрсеткен.

Қазақ тарихының көрнекті зерттеушісі Е. Бекмаханов: «Тарих рецеппен жасалмайды. Оқиғаларды бағалағанда біз тарихшылар ретінде тарихи жағдайларға, қолдағы бар деректерге сүйенуіміз керек. Не нәрсенің де мәнін түсінуге бастайтын кілт - сол» - деп айтқан сөзін үнемі басшылыққа алуымыз қажет. Өйткені, кез келген тарихи дерек белгілі бір уақытта және нақты бір кеңістікте пайда болады.

Деректің жасалу кезеңіндегі сол дерек жасалынып жатқан нақты бір елдегі қалыптасқан тарихи жағдай, үстемдік еткен саяси құрылыс және т.б. деректің пайда болуына, оның ішкі мазмұны мен бағытына, мақсат-міндеттеріне әсер етпей қоймайтыны анық. Сондықтан да нақты тарихи дерекке деректанулық талдауды сол деректің пайда болған уақыты контекстінде жасалуы керек. Тек сонда ғана нақты дерек көзінен нақты оқиға немесе құбылысқа қатысты шынайылық деңгейі жоғары мәліметтер алуға болады.

Дерек көзі немесе дерек көздерінің беретін ақпараты мен жасырын хабарларының барлық кешенін басқа дерек көздерімен салыстыра тексеретін және олардың пайда болуының нақты себеп-салдарын анықтайтын қорытындысы деректанулық синтездің мағынасын негіздейді. Демек, «ҚЖПМ» Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде қарастыруда олардың пайда болуының себептерін, алғышарттарын, яғни объективтілігін және тарихи жағдайын анықтаудың маңызы аса зор.

Осы деректердің бәрінде дерлік, біздің тікелей зерттеу объектіміз болып табылатын ХІХ ғ. соңы - ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымы, шаруашылығы, отарлану тарихына қатысты мәліметтер бар. Демек, олардың пайда болуының объективтілігі мен тарихи жағдайын анықтау зерттеушілерге қаймағы бұзылмаған дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы туралы ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алуға көмектесері анық.

«ҚЖПМ» қазақ қоғамын жан-жақты арнайы түрде зерттеген экспедицияның нәтижесінде жарыққа шықты. Сондықтан да ең алдымен бұл деректі жинауға атсалысқан ғылыми экспедицияның ұйымдастырылуының тарихи алғышарттары мен мақсатына, оның қолданған әдіс-тәсілдеріне талдау жасаудың маңызы зор деп есептейміз.

Қазақтың дәстүрлі көшпелі қоғамын зерттеген С.Е. Толыбеков қазақ жерлерін зерттеген экспедицияның бай материалдарын көп көлемде пайдаланып, оған жоғары бағасын беріп, бұл экспедициялық зерттеулердің мақсатын былайша көрсетті: «Эти экспедиции должны были выяснить основы и формы казахского землепользования, дать анализ экономических условий, необходимых для существования среднего хозяйства и определить норму земельного обеспечения среднего казахского хозяйства в каждом из районов. Целью экспедиций было выявить излишки казахских земель для изъятия их в переселенческий фонд», - деп, зерттеудің қазақ жерлерін қоныс аударушыларға тартып алып беру мақсатында жүргізілгендігін жасырмай, патша үкіметінің отарлау саясатын ашықтан-ашық жазады.

Патша үкіметінің отарлау саясатының шын мазмұнын ашатын бұл мәселелер ғылыми әдебиетте әлі де болса өз дәрежесінде қаралмай келеді. Енді осы мәселелерді талдап көрелік.

Отан тарихнамасында патша өкіметінің қазақ жеріне қоныс аударуының негізгі себептерінің бірі өлкені мәңгі бодан ел ретінде ұстап тұруға, жергілікті тұрғындардың этникалық бірегейлігін жойып, оларды орыстандыруға, қазақ жерін шикізат көзі ретінде пайдалануға тырысушылығы деп жазылады.

Ресейдің Қазақстан территориясын отарлаудың жалпы мақсаты бір болғанымен, оның жеке облыстарын отарлау сол жердің географиялық, стратегиялық жағдайына, халқының тығыздығына, жол қатынасына, жергілікті тұрғындардың отаршыларға қарсылығына секілді факторларға байланысты әртүрлі болды. Және отарлаудың әдіс-тәсілдері де түрліше болды.

«ҚЖПМ» пайда болуының объективтілігі ең алдымен XIX ғ. соңы - XX ғасырдың басындағы Ресей империясының қазақ жерлеріне келімсектерді қоныстандыру мақсатында «артық» жер көлемін анықтау үшін жүргізген зерттеу жұмыстары, яғни отарлау және сол кезеңдегі саяси ахуалмен тікелей байланысты.

Шын мәнінде «ҚЖПМ» Ресейдің отарлау саясатының жемісі, оны жинауға атсалысқан зерттеу партиялары мен ғылыми экспедициялардың негізгі мақсаты қазақтардың шаруашылығын зерттеп, одан артылғанын «артық» деп, қоныс аудару қорларына жинап, переселендерге беру болды. Осы арқылы Патша үкіметі қазақтың кең-байтақ жерін толығымен отарлауды көздеді.

Төмендегі кестеде көрсетілген қазақ жерін түгел қамтыған зерттеу партиялары мен экспедициялардан патша өкіметінің Қазақстанда қарқынды түрде отарлау жұмыстарын жүргізгенін көруімізге болады.

Кесте 3 - XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы Қазақстан жерін зерттеген экспедициялар мен статистикалық партиялар

Экспедиция мен зерттеу партияларының басшылары және зерттеу жүргізілген жылдар	Зерттеулер жүргізілген аймақтар	Нәтижесінде пайда болған статистикалық деректер және олардың жалпы саны
Ф.А. Щербина 1896-1903 жж.	Ақмола, Семей, Торғай облыстары	Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. 13 том.
В. Кузнецов 1907-1909 жж.	Ақмола облысы	Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Повторное исследование 1907-1909 гг.. 5 том.
П.А. Скрыплев 1906-1913 жж.	Сыр-Дария облысы	Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные Сыр-Даринской статистической партией. 5 том.
П.П. Румянцев 1909-1913 жж.	Жетісу облысы	Материалы по обследованию туземного и русско-сторожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. 7 том.
П.А. Хворостанский 1904-1912 жж.	Орал, Торғай облыстары	Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные Статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. 7 том.
А.В. Переплетчиков 1910-1911 жж.	Семей облысы	Материалы по повторному обследованию в 1910-1911гг. Хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области. 3 том.

Орталық Ресейде шаруалардың қоныс аударуы XIX ғ. 70-80 жж. аграрлық дағдарыс пен крепостниктік правоның жойылуына байланысты үлкен масштабта жүрді. Аграрлық мәселенің шиеленісуіне және Ресейде шаруалар қозғалысының күшеюіне байланысты Патша үкіметі қоныстандыру саясатына шұғыл бетбұрыс жасады. Олар шаруаларды шет аймақтарға қоныстандыру арқылы халық тығыз қоныстанған Еуропалық Ресейдің губернияларындағы аграрлық қайшылықтарды басуға болады деп ойлады. Шаруаларды қарқынды түрде қоныстандырған аймақ – Қазақстан болды.

Отаршыл орыс әкімшілігі әубастан қазақ елін өз отарына айналдырып, өз дегеніне көндіргісі келді. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін ол түрлі реформалар мен заңдар қабылдады. 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» негізінде қазақ қоғамындағы хандық билікті біржолата жойды. Осыдан кейін патша үкіметі ХІХ ғ. 60-жылдардың орта тұсынан бастап Ресейдегі крепостниктік правоның жойылуына және елдегі қалыптасқан аграрлық дағдарысқа байланысты шаруаларды шет аймақтарға қоныс аудару ісіне шұғыл кірісті. Осылайша Ресейдегі аграрлық қайшылықтарды реттеу мақсатында шаруаларды қарқынды түрде Қазақстанға қоныс аудару бастайды. Бұл саясаттың негізгі мақсатын тарихшы М. Қойгелдиев: «Мұндай саясатты бастай отырып, ол өзара тығыз байланысты мынадай екі мақсатты көздеді. Біріншіден, 1861 жылғы 19 ақпанда жарияланған реформадан кейінгі уақытта метрополияда қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті жерге мұқтаж орыс шаруаларын Қазақстан және басқа отарлық тәуелділіктегі аймақтарға қоныс аудару арқылы бәсеңдету болса, екіншіден, қоныс аударушы орыс және басқа еуропалық шаруаларды жаңа елдерде өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыра отырып, қазақ қоғамындағы отарлық билікке қарсы күштерді біржолата құрту, сөйтіп болашақта қазақ елін орыстандыру арқылы қазақ жерін империяның географиялық құрамды бөлігіне айналдыру еді», - деп анық көрсетеді.

Отарлық саясатын кең көлемде жүргізу үшін 1867 жылы 11 шілдеде «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы» жоба, 1868 жылы 21 қазанда «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бекітілді. Бұл әкімшілік реформалар бойынша қазақтың кең байтақ даласы – Сырдария, Жетісу, Ақмола, Семей, Орал және Торғай деп алты облысқа бөлінді. Бұл реформа Қазақстан жеріне Ресейден келген келімсектерді қоныстандыруға жаңа заңдық негіз берді. 1868 жылғы «Уақытша Ереженің» 210-бабында «Қырғыз көшпелілерінің қоныстанған жерлері мемлекет жері есептеліп, қырғыздарға қоғамдық пайдалануға беріледі», - деп көрсетілді. Бұл бап қазақ халқының ғасырлар бойы мекендеген жерлерін біржолата Ресей империясының мемлекеттік жеріне айналдырды.

Қазақ жерлерін отарлау 1891 жылы 25 наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданғаннан кейін жаңа кезеңге өтті. Мұндағы 119, 120-баптар бойынша көшпелілердің қонысы орналасқан жерлер мен ондағы бар байлық, орман-тоғай мемлекет меншігі саналып, олардың дәстүрі мен осы ереже баптары негізінде көшпелілерге қоғамдық пайдалануға мерзімсіз қалдырылады. Осылайша қазақтың өз жері Ресей меншігі саналып, өзіне пайдалануға беріледі. Ал 120-баптың 1-қосымшасында «Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік Мүлік министрлігі басқаруына өтеді», - делінген. Бұл Ереже ресми күшіне енгеннен кейінгі уақытта қазақтың кең байтақ жері ешбір кедергісіз пәрменді түрде отарланып, әрбір қазақтың шаруашылығына қажетті жер мөлшері анықталып, одан «артылғанынан» қоныс аудару қорларын құрып, Орталық Ресейден ағылған келімсектерге үлестіріліп отырды.

Қоныс аударған облыс	Қоныс аударушының тұрғылықты жері	Ерлер саны	Әйелдер саны	Барлығы	Миграция балансы
Ақмола облысы	Полтава губерниясы	11562	10201	21763	21746
Ақмола облысы	Самара губерниясы	10049	9135	19184	19072
Ақмола облысы	Чернигов губерниясы	5606	5060	10666	10655
Ақмола облысы	Тобыл губерниясы	9243	9172	18415	8233
Ақмола облысы	Перм губерниясы	4733	4011	8744	7973
Ақмола облысы	Саратов губерниясы	3425	3090	6515	6488
Ақмола облысы	Пенза губерниясы	2789	2537	5326	5310
Ақмола облысы	Воронеж губерниясы	2639	2388	5027	5007
Барлығы Ақмола облысына	8 губерниядан	50046	45594	95640	

4-кестеде 1897 жылғы халық санағының негізінде бір ғана Ақмола облысына Ресейдің 8 губерниясынан 100 мыңға жуық адам қоныс аударған. Бұл тек тіркелгендері ғана болатын. Ал тіркелмей өздігінен жер аударған келімсектердің өзі қаншама болды.

Осылай, қазақ даласында жер үшін шешуші күрес басталды. Жер тағдыры, демек ел тағдыры шешілер күн туды. Азулы жауға, алып империяға қарсы тұра алмаған бабаларымыз біртіндеп ата-қонысы, қасиетті мекенінен айрыла бастады. Нулы орман, көк майса жеріне қара шекпенділер қоныстанған қазақ шөл мен шөлейтке ығыса бастады. Жерінен айрылған қазақтың қасіретін Т. Шонанұлы былай деп бейнелейді: «Жерден айрыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айрылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады. Қазақтың шаруаға тәуір қоныстан айырылғанда айтқан өлеңдері - өлікті жоқтаған жылаулармен бірдей».

Қазақ басына түскен осындай қасірет себептері көптеген деректерде айтылады. Солардың бірі казактардың отарлауын «ҚЖПМ»: «Киргизы (қазақтар), земли которых отводились казакам, принуждены были или откочевывать, или арендовать бывшие свои земли. Но в конце концов приходилось уходить и с аренды. Вытесненные со своих земель киргизы основывались неподалеку у родственников, или занимали свободные летовочные пространство». Осылайша момын қазақ өз жерінен айырылып, тұрақтауға жер таппай, сандалды.

Деректе қазақ халқын отарлау сонау XVI ғасырда-ақ басталғаны туралы ешбір жалтақтаусыз: «Еще со времени завоевания царств Казанского, Астраханского и Сибирского (XVI век) русские стали медленно, но неуклонно приближаться к киргизским степям двумя путями: с запада от реки Урала и с севера, от Иртыша. Около половины XIX века западная линия русских поселений и укреплений доходила по Сыр-Дарье до Перовска (Акмечеть), а северная зашла по отношению к настоящим Аулиеатинскому и Черняевскому уездам с востока, до озера Иссык-куль», - деп, казактарды отарлау нақты XVI ғасырда басталып XIX ғ. Қазақстан толығымен Ресей империясының құрамына кіргендігі баяндалған.

Зерттеушілер қоныс аударушылардың көшпелі қазақтарға жасаған қиянаты туралы деректе: «Русские переселенцы являются в новой край с понятиями и привычками своей родины. Им совершенно не понятно кочевое скотоводческая жизнь киргиз, и их сравнительная многоземелье. Переселенцу кажется

возмутительным, что эти люди, которые «не дают царю солдат» и живут у норах как звери, пользуются таким земельным пространством, земли больше, как у наших панов», - деп, «Поэтому переселенцы не считают зазорным выкосить киргизские покосы, растащить лес с безпризорных летом киргизских построек, вырубить рощи защищающия киргизские зимовки от зимних буранов, разорить могилы их предков. Все это глубоко возмущает киргиз» - делінген. Қазақтың мәңгі уайымы жер мәселесі «Қазақ» газетінің де ең өзекті мәселесіне айналған. Тек, 1913 жылы ғана жер туралы 20-дан астам арнаулы мақалалар жириялаған. Жерге қатысты мақалалардың көбін ғасыр басындағы осы мәселенің ел таныған маманы Әлихан Бөкейхан жазған.

Ресей ішкі істер министрлігі 1894 жылы 29 маусымда тағы бір өкім шығарады. Ол Сібір мен Дала өлкесіне қоныс аударушылар үшін барлық шектеулерді жойды және губернаторларға қоныс аударушыларға ешқандай кедергісіз рұқсат беруді тапсырды. Осы өкімді жүзеге асыру үшін 1896 жылы ішкі істер министрлігі жанынан қоныс аудару басқармасы ұйымдастырылды, ол қазақ даласында зорлық-зомбылық көрсеткен жер өлшеушілер мен басқа да шенеуніктерден тұратын отарлау аппаратының озбыр да жебір тобына айналды.

Жалпы Ресей империясы Қазақстанды отарлауда, біріншіден, «Ерекше ережелерді» қабылдау арқылы қазақ жерлеріне орыс шаруаларын қоныстандыруға жол ашып, заңдық негіз берді. Екіншіден, қазақ даласына «артық» жерді табу мақсатында зерттеу экспедицияларын ұйымдастырып, қазақ шаруашылығына қажетті жер мөлшерін анықтап, жерді тартып алудың «ғылыми» негізін жасады. Үшіншіден, «артық» деп табылған жерлерге келімсектерді орналастырып, оларға түрлі жеңілдіктер мен артықшылықтарды берді. Осы іс-шаралардың барлығы да бір уақытта, бір-бірімен тығыз байланыста жүргізілді.

Қоныс аудару басқармасының міндеттеріне: қоныс аударуға рұқсат беру, қоныс аудару қозғалысына басшылық жасау, жаңа жерлерге переселендерді қоныстандыру, шаруаларға кредит беру және т.б. жүктелді.

Қоныстандыру мекемелерінің өздері құрылған бетте қолға алған негізгі жұмысы, әрине, қазақ елінің пайдалануындағы басы «артық» жерлерді іздеп тауып, қоныстандыру учаскелерін жасау болды. Бұл шараны іске асыру үшін оларға алдымен формальді түрде болса да қазақ шаруашылығына тиесілі жер нормасын анықтау қажет еді. Ал қоныстандыру мекемелері құрылғанға дейін белгіленген Щербина нормасы оларды қанағаттандырмады. Өйткені бұл норма оларға тым үлкен көрінді. Сондықтан да осы зерттелген өңірлер В. Кузнецов, П. Хворостанский және т.б. тарапынан зерттеуге қайта алынған болатын.

XIX ғ. соңы - XX ғасырдың басында Қазақ даласына қоныстанушылардың саны күн өткен сайын өсе түсті. Жерге орналасқан келімсектер жергілікті тұрғындардың құқықтарын таптап, олардың дәстүрлі мал шаруашылығына зиянын тигізіп, орман-тоғайларын талан-таражға түсірді. Қоныс аудару ісі заңдық, заңсыз негізде стихиялы түрде жүрді. Келімсектер мен жергілікті тұрғындар арасында көптеген қақтығыстар мен текетірестер орын алып, арыздар түсіп жатты. Сондықтан да бұл істі өкімет өз қолына алып, қоныс аударушыларға «артық» жерлерді табу үшін зерттеу партияларын

ұйымдастыруға бел байлады. Осы кездегі статистикалық-экономикалық зерттеулер мен тексерулер қазақтардың құнарлы игерілген жерлерін, артық жерлер, бос жатқан жерлер деп, қоныстану қорына тартып алу мақсатында жүргізіледі. Осындай мағынадағы статистикалық мәліметтердің жарыққа шығуы патша өкіметінің қоныстандыру саясатының құрамдас бөліктерінің бірі болатын.

Деректің пайда болуының әлеуметтік алғы шарты – белгілі бір мақсаттармен, деректің нақты әлеуметтік функциясымен байланысты. Сондықтан тарихшы барлық жағдайда деректің дүниеге келуінің мақсаты мен міндеттерін, нақты әлеуметтік функцияларын айқын ашуы керек. Осы тұста біз ең алдымен экспедиция материалдарының пайда болуын сынап, мақсат-міндеттерін ашып, оны сол тарихи кезең контекстінде қарап, деректегі мәліметтердің объективтілігі мен шынайылық деңгейін анықтаймыз. Бұл ретте «ҚЖПМ» зерттеген Т.П. Волкованың: «Однако при использовании источников подобного типа необходимо учитывать обстоятельства их появления. Все статистические обследования Казахстана были проведены по заданию царского правительства, которая стремилась таким путем подвести научную базу под изъятием земель у коренного населения», - деп жазған сөздерін ескеру қажет.

Ресейде қоныс аударуға қатысты ресми заңдары және басқа да үкімдер мен қарарлары, ережелері, циркулярлары «ҚЖПМ» көптеп кездеседі. Кез келген жағдайға байланысты патша шенеуніктері өздерінің құқықтарын алға тартып, істерінің дұрыстығын негіздеп жатты. Деректе 1822, 1824, 1867, 1868, 1891, 1893, 1903 және т.б. жылдарда шығарылған ережелер мен заңдардың баптары тәкпіштеліп берілген. Сонымен қатар әр жерінде «отарлау (колонизация)» терминін жиі кездестіруге болады. Сондықтан да «ҚЖПМ» отарлау тарихының дерегі болып табылады. Ол патша өкіметінің отарлау саясатының негізінде пайда болды. Бұл деректі дүниеге алып келген объективті факторлардың бірі болып табылады.

Дегенмен, бұдан «ҚЖПМ» ешбір керексіз дүние екен деген ой тумауы қажет. Бұл отарлау мақсатының нәтижесінде пайда болған дерек көзі болғанымен, онда қазақ қоғамына тән дәстүрлі рулық-тайпалық құрылым, шаруашылық және т.б. түрлі мәселелердің басын ашуға көмектесетін мәліметтер баршылық.

Орыс шаруаларын шеткі аймақтарға, соның ішінде қазақ жеріне оларды қоныстандыру арқылы отарлау принципін жүзеге асыруға патша үкіметі ерекше маңыз берді. Осыған орай бірнеше саяси институттар құрылды. Сыртқы істер министрлігінің құрамында қоныс аудару ісін басқаратын қоныс аударушылардың бас басқармасы құрылды. XIX ғ. соңы - XX ғ. басында жер мәселесімен айналысатын министрліктердің атауы мен қызметінің өзі бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 1894 жылы Мемлекеттік мүлік министрлігі «Жер және мемлекеттік мүлік министрлігі» болып қайта құрылады. Бұл министрлік XX ғ. басына дейін осылайша аталып, 1905 жылы аграрлық реформаларға байланысты «Жерге орналастыру және жерді пайдалану Бас басқармасы» болып қайта құрылады. Қазақ жерін зерттеген партиялар мен экспедициялар тікелей осы мекемелерге бағынып, Сібір темір жолы тарапынан қаржыландырылып отырды.

Орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандыру үшін қоныс аудару басқармасы қазақ жерлеріне арнайы зерттеу экспедицияларын жібереді де, ең құнарлы, ең шұрайлы да қолайлы жерлерді анықтайды.

Бұл мақсаттарына жетуі үшін жасаған алғашқы қадамдарының бірі 1896 жылы Ф.А. Щербина бастаған ғылыми экспедицияның құрылуы еді. Экспедицияның алдына қойылған міндет біреу еді. Ол – қазақ жеріне қоныс аударушы орыс шаруаларына «артық жер» көлемі – бөліктерін анықтап, кесіп беру. Оны жүзеге асыру үшін экспедиция мынандай мәселелерді зерттеп, шешіп алуы қажет еді. Біріншіден, көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс-тәсілдерінің заңдылықтарымен жете танысу. Екіншіден, қазақтарды ауылдық қауымға бөліп, оларды шаруашылық жүйе бойынша бөлу. Үшіншіден, сол жеке шаруашылықтарда төрт түлік малдан қаншасын бағып-қағуға болатынын есептеп шығару. Төртіншіден, әр түліктің жайылымдық жер нормасын анықтау. Бесіншіден, этникалық, жағрапиялық ерекшелігін тарихи дамуы тұрғысынан зерттеу. Бұл жұмыс күрделі де, жауапты міндет еді.

Осы экспедицияны жүргізудің мақсаты мен міндеті туралы зерттеу жұмысына жетекшілік еткен, кейіннен «Материалы по киргизскому землепользованию» жинағын жүйелеп баспаға даярлаған Ф.А. Щербинаның мына сөздерінен байқау қиын емес: «В 1895 году министерство земледелия и Государственных имуществ, озабочиваясь лучшею постановкою дела образования переселенческих участков в степных областях Сибири, нашло необходимым организовать естественно-историческое и хозяйственно-статистическое исследование этих областей. Основную задачу исследования должно было составить определение с одной стороны, количество земли, необходимого при существующих естественных и хозяйственных условиях, для удовлетворения потребностей киргизского населения, а с другой, тех излишков земли, которые могли при этом образоваться для нужд переселения». Яғни, Ф. Щербинаның бұл сөздерінен экспедицияның негізгі мақсаты қоныс аудару қорларына «артық» жерлерді табу және қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысына қажет жер нормасын анықтау болғанын көреміз. Экспедицияның мүшесі болып, кейіннен оған басшылық жасаған Л.К. Чермак экспедицияның мақсаты туралы былай деп жазды: «көшпенділер шаруашылығының сипатын анықтау «қалыпты» шаруашылықтың ауқымын белгілеу және ол үшін нормалар жасау». Сол экспедицияның нәтижесінде «ҚЖПМ» жинағы пайда болды.

Қазақтың жер пайдалану нормаларын анықтаудың негізіне алынған тұжырымды идея туралы Ф. Щербинаның өзі де ашықтан-ашық жазды. Алғаш тексерілген Көкшетау уезінің нормалары туралы Ф. Щербина былай деп жазады: «жер нормалары көшпенділерге үлес беру үшін емес, қайта көшпелі шаруашылықтың елеулі нысандарын қорғау үшін есептелген».

Егер малшы қазақ малсыз қалатын болса, жоқшылық тақсіретін тартады, сондықтан ол барынша қолдауды және үкіметтен көмекті қажет етеді. Осындай тұжырымға келген ол қазақтардың қалыптасқан тарихи жағдайларына сай шаруашылық ерекшеліктерін оларды жайлы орналастыру туралы ұсыныспен үкіметке өтініш жасады.

Ең алдымен отарлық саясатты ғылыми негіздеу үшін, әрі қазақтың «артық» жерлерін анықтау мақсатымен қазына ақшасына ұйымдастырылған Ф. Щербина экспедициясы отарлаушылар үмітін ақтамады. Керісінше, бұл экспедиция көшпенді мал шаруашылығын сақтау қажеттігін ғылыми тұрғыда негіздеуге ұмтылды және осыған сәйкес жерді пайдалану нормасын белгіледі. Нәтижесінде қазақ даласында «артық жерлер» онша көп те емес екен.

Патшалы Ресей империясының тапсыруымен жүргізілген экспедицияның материалдарын шынайылық деңгейі жоғары деп айтуға негіз бар. Өйткені, ол арнайы, Ресей империясының отарлау мақсаты үшін жасалған зерттеу жұмысы еді. Ал алып империя өзінің отар елі туралы мәліметтердің жалған болуын қаламайтыны анық. Себебі, экспедицияның материалдары арқылы империя қоныс аударушыларына қайдан, қанша жер беретінін анықтап отырды. Сонымен қатар, бұл экспедиция мәліметтерінің объективті болғанын, осы Ф. Щербина зерттеуінен кейін, сол зерттелген уездер қайта 2-3 реттен зерттелгенінен де байқау қиын емес. Өйткені, алғашқы экспедицияның қазақтарға тиесілі жер нормасы тым үлкен деп саналып, Ресейді қанағаттандырмады. Яғни, Ресей қазақ жерлерін қоныс аудару қорларына көп берілуін қадағалады. Дегенмен бұл мәселеге де сын көзбен қарап, деректанулық талдаудан өткізу қажет.

1904-1912 жж. Торғай-Орал облыстарының 7 уезінде П. Хворостанскийдің, 1906-1913 жж. Сырдария облысының 4 уезінде П. Скрыплевтің басшылығымен статистикалық зерттеулер жүргізілді. Ол зерттеудің де ортақ мақсаты біреу ғана еді. Ол отарлау, «артық» жерлерді табу. Нәтижесінде қазақтың тарихын зерттеуге өзіндік үлес қосатын бай әрі жан-жақты қамтылған дерек көзі «ҚЖПМ» пайда болды.

Дәстүрлі қазақ қоғамы ру-тайпалық құрылымдардан тұратындығы ешкімге де жасырын емес. Көшпенді қазақтар өзара ру-руластарымен белгілі бір территорияда жылдың төрт мезгілінде де шаруашылығының ерекшелігіне сай көшіп-қонып жүрген. Сондықтан да Қазақстан территориясын зерттеу нысанына алған Ресей үкіметінің тапсырысымен жүрген зерттеу партиялары мен экспедициялардың негізгі мақсаты қазақ жерін «отарлау» болғанымен олар дәстүрлік ерекшеліктерді ескеруге мәжбүр болды. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты болмағанымен, жергілікті қауымның спецификасымен санасуға тура келді.

Деректанушы Қ.М. Атабаев «Тарихи деректер өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, мазмұны, түрі жағынан әр алуан. Оның бәрін қамту аса қиын. Сондықтан тарихи деректер теңізінде дұрыс жол табу, тарихи зерттеулерде оларды тиімді және пайдалы етіп қолдана білу қажеттілігі оларды сыныптау проблемасын туғызады. Басқаша айтқанда, деректерді ортақ қасиеттері бар, бірақ бір-бірінен ерекше белгілерімен айырылатын категорияларға бөлу» - деп, деректерді сыныптау қажеттігін негіздеп көрсеткен болатын.

Бүгінгі таңда түрлі халықтар мен әртүрлі дәуірлер тарихының деректерін сыныптаудың біртұтас жүйесі қалыптасқан жоқ. Тек жазба деректерді сыныптаудың қалыптасқан үрдісі бойынша мазмұны мен пайда болуына қарай, тип және түрге бөлу бар. Сыныптау зерттеушіге тәуелсіз объективті өлшемдерге

негізделуі керек, олар объективті деректердің өзіне тән қасиеттерінен шығуы қажет және онда деректердегі шындықтың ену және бейнелену заңдары көрініс табуы тиіс. Сыныптау проблемасы таза техникалық емес, методологиялық та проблема болып табылады. Ол тек қалың деректер арасында бағыт көрсету функциясын атқарып қана қоймайды, сонымен қатар зерттеу тәсілі қызметін де атқарады.

Сыныптау (классификация) таным қызметін ұйымдастырудың маңызды амалы, синтездің қажетті сатысы. Дерек көздерді сыныптауға келгенде дерек көздерінің типтік және тақырыптық белгілеріне көңіл аудару қажет.

Деректанулық зерттеулерде сыныптау проблемасының маңызы зор. Ол зерттеушіге нақты деректің ерекшелігін анықтауға және сол ерекшеліктен шыға отырып зерттеу тәсілдерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы қағидаға сай «ҚЖПМ» қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымының дерек көзі ретінде хронологиялық, аймақтық, тақырыптық, мазмұндық, мақсаттық, формалық принциптерге сай сыныптауға болады. Мысалы, Ф.А. Щербина экспедициясы жинаған «ҚЖПМ» 1896-1903 жж. қамтыды. Бұл 7 жылдық зерттеудің нәтижесінде 3 облыстың 12 уезі және 149 болыс зерттеу нысанына алынды. Атап айтсақ, 1896 ж. Ақмола облысы Көкшетау уезі: Жыланды, Зеренді, Қотыркөл, Мезгіл, Айыртау, Восточная, Көкшетау, Шалқар болыстары зерттелінді. 1897 ж. Атбасар уезі: Айнакөл, Атбасар, Денгіз, Жарқайын, Жездін, Кенгір, Кентөбек, Қызылкөл, Құмқоңыр, Сарысу, Терісаққан, Ұлытау болыстары, 1901 жылы Омбы уезі: Шерлаковск, Покровск, Омбы, Қорған, Николаевск болыстары зерттелінді. 1896-1900 жж. аралығында Ақмола уезі: Ақмола, Еремен, Қоржынкөл, Қызылтопырақ, Моншақты, Нұрын, Есім, Жыланды, Спасск, Шерубай-Нұрын, Қарағаш, Нелдын, Ортау, Ақтау, Атасу, Мұңлы, Соран болыстары зерттеуге алынды. 1901 ж. Петропавл уезі: Тайыншы, Петропавл, Странов, Преснов, Полуден, Пресногор, Средняя, Құсмұрын барлығы 50 болыс зерттелінді.

Семей облысы 1897 жылдың 2-жартысында Павлодар уезі: Маралды, Қызылтау, Баянауыл, Далбын, Алтыбай, Ақкөл, Ақкелін, Ақбеттау, Ақсу, Алқакөл, Атакөз, Қарамола, Қызылағаш, Теренкөл, Ұрық, Шақшан болыстары, 1898-1899 жж. Қарқаралы уезі: Нұра, Қызылтау, Берқара, Ақсары, Кент, Тоқрау, Темірші, Абралы, Бөрілі, Дегелен, Ақбота, Едрей, Қуыс, Сарытау болыстары, 1900 ж Зайсан уезі: Майтерек, Қалжір, Қара-Ертіс, Кендерлік, Манрақ, Шілікті, Шорғын, Теріс-айрық, Хабар-асуй, Құмкөл, Базар, Нарын, Лабын, Бағас, Өкбетін, Қарабүгін болыстары, 1900-1904 жж. Өскемен уезі: Чарыс, Сұлусары, Көлбін, Айыртау, Ұлан, Себіт, Торғын, Құлыжүн, Күршүн, Үркер, Алтай, Шанғыстай, Нарын болыстары, 1900 ж. Семей уезі: Кентөбе, Айғыржал, Семитау, Қоқан, Аршалын, Шаған, Бұғылы, Шынғыс, Мүкір, Енремей, Қандығатай, Қызылмола, Делбегетай, Сейтен, Малыбай, Бесқарағай, Аққұм, Белағаш барлығы 77 болыс зерттеуге алынды.

Ал Торғай облысының 1898-1899 жж. Қостанай уезі: Мендіғары, Қын-Арал, Ұбаған, Ара-Қарағай, Қарабалық, Аман-Қарағай, Дамбар, Бестөбе, Жетіқарын, Құмақ болыстары, Ақтөбе уезі: Аралтөбе, Ойсылқара, Теректі, Ақтөбе,

Бестомак, Бұрлы, Бұрты, Қаратоғай, Елек, Қарахобды, Түзтөбе, Хобды барлығы 22 болыс зерттелінді.

П. Скрыплев басқарған партияның жинаған дерек көзі 1906-1913 жж. қамтиді. Бұл 7 ж зерттеу Сыр-Дария облысының 4 уезі және 86 болыс, 11 орыс селолары, 7 сарт қышлақтарын зерттеген-ді. 1906-1908 жж. Шымкент уезінің Машат, Қарамұрт, Бадам, Қазығұрт, Майлыкент, Түлкібас, Қошқарата, Сарыбұлақ, Бұралды, Бүгін, Шаян, Арыстанды, Бұржар, Арыс, Ақтас, Байыркүм, Сарыкөл, Сыр-Дария, Жылыбұлақ, Қаракөл, Жаңасу, Көкшекүм, Қаратау, Құршу, Шелек болыстары зерттелді. Сонымен қатар, 11 орыс селолары: Дорофеевка, Манжурия, Георгиевка, Петропавловск, Қаска-су, Майбұлақ, Каменны Болки, Красноводск, Черной Речки, Беловодск, Антоновка. Және: Қара бұлақ, Манкент, Машата, Сайрам, Қара-мұрт, Янақала, Салтан Рабатта орналасқан 7 сарт қышлақтары зерттелінді. Ал 1907-1909 жж. Әулиеата уезінің Бийліккөл, Күйік, Асын, Тастөбе, Аспара, Ашын, Бақайыр, Баутерек, Бешташ, Ботамойнақ-Алмалы, Жайлек, Қарабақыр, Қарабура, Қаракөл, Қарақыстақ, Кенкөл, Қарақатын, Құм-Арық, Күркіреуік, Күшеней, Мақпал, Талас, Толқын, Үш-Қорған, Шұңғыр болыстары, 1911 ж. Қазалы уезінің Аққыр, Ақшатау, Ақ-тоғай, Ақ-төбе, Жамансыр, Заңғар, Қалымбас, Қарабас-тоғай, Қаракөл, Қармақшы, Қостам, Қуан-Дария, Қорғаншы, Көшербай, Мақпал, Райым, Сары-Тоғай, Шыбынды болыстары, 1910 ж. Перовск уезінің Аламесек, Байзақ, Головачек, Жолек, Қаракөл-Куандария, Қарауызак, Кентүп, Қостам, Күткеншек, Қыз-Бұғұт, Маслов, Приречная, Сауран, Скобелевская, Телекөл, Царская, Шағанов, Жаңақорған болыстары зерттелінген болатын.

П. Хворостанскийдің зерттеу партиясының жинаған дерегі 1904-1912 жж. 8 жыл жүргізілді. Ол 2 облысты және 7 уезд бен 94 болысты зерттеу нысанына алды.

Орал облысы Орал уезі: Қараобын, Бөрілі, Шыңғырлау, Қарашағанақ, Қараағаш, Шелек, Жиренкөпен, Жамбейіт болыстары 1904-1906 жж. зерттеуге алынса, 1904-1907 жж. Темір уезінің: Темір-Ұрқаш, Ембі-Темір, Қалмақ-қырған, Қарағанды, Қилы-үйіл, Құнды-үйіл, Қазбец, Жетікөл, Үйіл, Қайынды, Жиделісағыз, Ембі, Ұймағұт-жылытау, Самматай, Ұлы-Сам, Доңыз-тау-ақкөлкен болыстары, 1912 жылы Ілбішін уезінің: Жұбанышкөл, Өріктікөл, Шалқар, Құрайыл, Қарасу, Бұлдыртын, Өлентін, Мәтеш, Қалдығайтын, Сабынкөл, Сұналын, Қызылжар, Жақсыбай, Қаракөл, Індер атты болыстар зерттелінді.

Торғай облысының 1908 ж. Торғай уезі: Наурызым-1, Наурызым-2, Тосын, Сары-копен, Шубала, Қаракөген, Қара-Торғай, Сары-Торғай, Қайдауыл, Аққұм, Қызылжігіл, 1909 ж. Қостанай уезінің: Кенарал, Меңдіқара, Қарабалық, Аят, Дамбар, Жылқуар, Сүйіндік, Жетіқара, Қумақ, Аққарға, Бестөбе, Аманқарағай, Арақарағай, Убаған, Сарыой, Шұбар, 1910 ж Ақтөбе уезі: Бөрте-1, Бөрте-2, Бөрлі, Әлімбет, Тереклі, Аралтөбе, Түзтөбе, Илек, Қаратоғай, Ақтөбе, Хобды, Қарахобды, Бестамақ, Ұйсылқара, 1911 Ырғыз уезі: Талдық, Бақсай, Қызылжар, Аманкөл, Кенжеқарын, Тәуіп, Тереклі, Тулағай, Темір-Астау, Қарасай, Шынғыл, Қабырға, Ордақонған, Құланды барлығы 94 болыс зерттелінді. Бұл

деректің пайда болу уақытына қарай хронологиялық ерекшелігінен туындаған сыныптау болды.

Зерттеу аймағының ерекшелігіне сай Ф. Щербина басқарған Ақмола, Семей, Торғай облыстарын зерттеген экспедиция материалдары сәйкесінше осы өңірлердің тарихына арналды. Ал П. Хворостанский басқарған Орал-Торғай облыстарын зерттеу партиясы Торғай, Ырғыз, Қостанай, Ақтөбе, Ілбішін, Орал, Темір уездерінің тарихынан құнды мағлұматтар береді.

Сыр-Дария облысында П. Скрыплев басқарған зерттеген партиясының жинаған «ҚЖПМ» Қазақстанның Шымкент, Қазалы, Перовск, Әулиеата уездерінің шаруашылығынан, әлеуметтік тарихынан, биологиясы мен геодезиясынан құнды мәліметтер беруімен де ерекшеленеді. Бұл үш зерттеу әртүрлі кезеңде, үш түрлі аймақты қамтыды. Бірақта жинаған материалдары «ҚЖПМ» деп аталып, ішкі және сыртқы формасы жағынан бір-біріне ұқсас болды. Бұл әр бір деректің пайда болған жерінің (жағрафиялық) ерекшелігіне сай сыныптау.

Сонымен қатар «ҚЖПМ» тақырыптары мен мазмұнына қарай сыныптау тәсілін пайдалануға болады. Оларды мазмұны жағынан:

- Тарихи;
- Демографиялық;
- Этнографиялық;
- Шаруашылық: мал өсіру, егін егу;
- Агротехника және агроэкономикалық;
- Әлеуметтік-экономикалық;
- Топографиялық;
- Гидрогеологиялық;
- Жерді пайдалану;
- Генеологиялық, ру-тайпалық;
- Биологиялық;

- Географиялық т.т. арналған мәліметтер деп сыныптауға болады. Әрине, оның бәрі шартты түрдегі сыныптаулар екендігі түсінікті. Өйткені, «ҚЖПМ» XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы қазақ қоғамы тарихының әртүрлі салаларын қамтиді. Сондықтан да олардан әралуан мәселелер бойынша маңызды мәліметтер алуға болады. Дегенмен шартты сыныптаудың өзі де зерттеушіге зерттеу мақсатына сай өз керегін табуға көмектесері күмәнсіз.

Пайда болу формасы жағынан да «ҚЖПМ» әралуан болып келеді. Олар: статистикалық, картографиялық, есептер мен баяндау сипатында кездеседі. Олардың әрқайсысы да өздерінің ерекшелігіне сай деректанулық талдау тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Мәселен, біздің зерттеу объектіміз болған деректе карта, статистикалық таблицалардың өзін олардың ерекшелігінен шыға отырып, өзіне тән түрлі әдіс-тәсілдермен зерттеуді қажет ететін ғылымның бір саласын құрайды.

«ҚЖПМ» қазақтардың ру-тайпалық құрылымы тарихының дерек көзі ретінде сақталу формасы жағынан да әртүрлі. «ҚЖПМ» негізінен ескі орыс әрпімен жазылып, арнайы баспадан жарыққа шыққан дерек көзі. Бүгінгі таңда оның түпнұсқа кітап түрі және микрофиша мен микрофильмге түсірілген

түрлері сақталған. Ұлттық кітапхананың сирек қорында «ҚЖПМ» кітап және микроафиша түрлері сақталған. Әрине, «ҚЖПМ» кітап түрінде түпнұсқа болып есептеледі. Өйткені, микроафиша мен микрофильмдерге түсіру Кеңес үкіметі тұсында қолға алынғаны белгілі. Мәселен, «ҚЖПМ» Сыр-Дария облысы Әулиеата уезіне арналған 1911 ж. Ташкентте жарық көрген деректі кейіннен М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы (Ленинград қаласы, Садовая 18) көпшілік оқырманға арналған кітапханада микроафишаға түсірген. Бірақта қай жылы түсірілгендігі туралы мәлімет жоқ. Сонымен қатар кейде түпнұсқа деректің дұрыс емес сақталуының өзі көпшілікке өзіне қажетті мәліметтерді алуға кедергі келтіреді. Мәселен, «ҚЖПМ» Сыр-Дария облысы Шымкент уезіне арналған 1 томының кіріспесінің 2 беті жоқ. Онда деректі құрастырушылар туралы құнды мәлімет сақталғандығы анық. Бұл олқылық осы томды микрофильмге түсіргенде де кеткен. Ал ҚР ОММ сақталған черновой құжаттардан біз оны толықтырып алдық. Әрине, бұл қате бастапқыда типографиядан да кетуі мүмкін. Ал микроафишаға түсірушілер оны байқамай немесе жоқ беттерді таба алмай, сол күйінде сақтаған. Дегенмен микроафишалар көп сақталмайды. Оның мерзімі 3-7 жыл. Ал біздің кітапханаларда олар уақыты өтсе де қаншама жылдардан бері сақталып келеді. Бұл дерек көзін түбегейлі жоғалтып алмау үшін, оларды жаңа техникалық құралдармен электронды ақпараттарды сақтаушыларға ауыстыру қажеттілігін де атап өту керек.

Ал Орталық Ұлттық кітапханада «ҚЖПМ» тек кітап түрінде сақталынған. ҚР орталық мұрағатының қорларында «ҚЖПМ» толық емес черновой материалдарын табуға болады. Олар түпнұсқа деректің жыртылған немесе типографияда шығарылғанда қалып кеткен беттерін қалпына келтіруге көмектеседі.

Ұлттық кітапханада сақталған «ҚЖПМ» 1930 ж. кейін жақсы жинақталған. Мәселен, деректің кейбіреулері кезінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің (қазіргі атауын беріп отырмыз) кітапханаларында сақталған екен. Оның дәлелі ретінде ҚазҰУ мөрлерін айтуға болады. 1930 ж. Пушкин атындағы орталық кітапханаға барлық сирек кездесетін кітаптарды жинағанда, бұл деректер де университет қабырғасынан осында әкелінген болар деп тұжырымдауға негіз бар.

ҚР ОММ «Акмолинско-Семипалатинское управление земледелия и государственных имуществ» деп аталатын № 501 қорда 695 бірлік сақталған. Оның 2 тізбе, 33 ісі «Переписка с департаментом государственных имуществ о хранениях материалов экспедиции по исследованию степных областей 1903-1905 гг.» деп аталады. Бұл құжатта өте қызықты, әрі деректануда деректің түпнұсқалық мәселесін шешуге көмектесетін мәліметтер сақталған. Барлығы 25 парақта жинақталған құжатта Ақмола, Семей, Торғай облыстарының 12 уезін зерттеген Ф.А. Щербинаның экспедициясы 1901 ж. емес, 1903 ж. аяқталғанын дәлелдейтін ресми хаттар сақталынған. Сонымен қатар, экспедиция аяқталғаннан кейінгі зерттеудің нәтижесінде жинақталған материалдар туралы 1903 ж. 28 тамызда Омбыдағы Мемлекеттік мүлік басқармасына жіберілген мына бір хаттан білуге болады: «Ввиду того, что экспедиция по исследованию Степных областей в непродолжительном времени прекращает свою

деятельность, Департамент Государственных Земельных имуществ поручает Омскому управлению на хранение все собранные и уже использованные экспедицией материалы всего около 100 пудов в 7 сундуках», - делінген.

Далалы облыстарды зерттеген экспедицияның жинақтаған материалдарының біразы «Материалы по киргизскому землепользованию...» деп аталатын кітап болып басылып шыққан. Бұл жалпы 12 уезге арналған 12 кітаптан және 13-ші қосымша жалпы бюджетке арналған кітаптан тұрады. Алайда 1905 ж. оның тек 8 томы ғана басылып үлгергенімен, сақтауда тек 5 томы ғана болған. Олардың ішінде:

Атбасар уезі бойынша - 102 дана;

Қостанай уезі – 213 дана;

Омбы уезі – 137 дана;

Ақтөбе уезі – 160 дана;

Павлодар уезі – 223 дана.

Барлығы 835 дана.

Төмендегі кестеде көрсетілгендей Ф. Щербина басқарған экспедицияның нәтижесінде әр жылдары, әртүрлі қалаларда басылып шыққан 13 томдық «ҚЖПМ» жинаған экспедициясының материалдары Воронеж, Омбы, Чернигов, Санкт-Петербург қалаларында 4 түрлі баспада басылып шыққан. Оларды жинаған зерттеушілер мен редакторлары да әртүрлі адамдар болды.

Кесте 5 - 1896-1903 жж. Ф.А. Щербина басқарған экспедицияның зерттеген қазақ жерлері мен «ҚЖПМ» шыққан жері мен уақыты туралы мәліметтер

Зерттелген облыстар	Зерттелген уездер мен зерттелген жылдары	Материалдарды жинаған экспедиция мүшелері	«ҚЖПМ» басылып шыққан жері мен томдары
Ақмола облысы	1.Көкшетау (1896ж); 2.Атбасар (1897ж); 3.Омбы(1901ж); 4.Ақмола(1896-1900 жж.); 5).Петропавл (1901ж).	Ф.Щербина, Б.Баскин, А.Дядиченко, В.Владимирский, Н.Дмитриев, Г.Няшин, И.Гусев, А.Дарофеев, Л.Чермак, Ә.Бөкейханов, Е.Добровольский	Том 1. Воронеж, 1898 ж. Том 2. Воронеж, 1902 ж. Том 11. Омск, 1907 ж. Том 3. Воронеж, 1902 ж. Том12. Чернигов, 1908 ж.
Семей облысы	1.Павлодар (1897ж); 2.Қарқаралы (1898-1899 жж.); 3.Зайсан (1900 ж); 4.Өскемен (1900-1904 жж.); 5. Семей (1900 ж);	Ф.Щербина, Л.Чермак, Н.Дмитриев, Ә.Бөкейханов, И.Трипольский, П.Кондратьев, И.Гусев, Г.Няшин, В.Вардугин, В.Кузнецов	Том 4. Воронеж, 1903 ж. Том 6. Воронеж, 1905 ж. Том 8. Санкт-Петербург, 1909 ж. Том 9. Санкт-Петербург, 1905 ж.
Торғай облысы	1.Қостанай (1898); 2.Ақтөбе (1898/99).	Ф.Щербина, Е.Добровольский Н.Дмитриев. Г.С.Чернявский	Том 5. Воронеж, 1903 ж. Том 7. Воронеж, 1903 ж.
Қорытынды	3 облыс бойынша бюджеттік есеп	Ф.Щербина	Том 13. Санкт-Петербург, 1906 ж.
Барлығы 3 облыс зерттелінді	12 уезд, 149 болыс зерттелінді. Оның ішінде Ақмола облысынан–50, Семей облысынан–77, Торғай облысынан–22 болыс зерттелінді.	Зерттеу барысында экспедиция мүшелері өзгеріп отырды.	Барлығы 13 том

Экспедицияның материалдары көп уақытқа дейін тұрақты орында сақталынбай, арендаға алынған үйлерде жатты. Оған дәлел ретінде № 501 қордағы құжаттарда Сібір темір жолының қорынан осы материалдарды сақтауға

арналған үйге жылда қаржы бөлінгені туралы мәліметтер бар. Мәселен, осындай 1904 ж. 16 қаңтарда Ақмола және Семей облыстарының Мемлекеттік мүлік басқармасының бастығына жолданған бір хатта: «Вследствие представления от 15 ноября 1903 г. за № 8475, канцелярия министра уведомляет Вас, что об ассигновании 240 руб, для уплаты 1904 г. за наем помещения для хранения материалов собранных экспедициею по изследованию степных областей вместе с сим, сообщено зависящее распоряжения Департамента Государственных Земельных имуществ», - делінген.

Ал Орал-Торғай облыстарын зерттеу партияларының нәтижесінде пайда болған «ҚЖПМ» Орынбор қаласында басылып шықты. Төмендегі кестеде осы деректердің шыққан жылдары мен жерлері, негізгі авторлары берілді.

Кесте 6 - 1904-1912 жж. П.А. Хворостанский басқарған партияның зерттеген қазақ жерлері мен «ҚЖПМ» туралы мәлімет

Зерттелген облыстар	Зерттелген уездер	Материалдарды жинаған экспедиция мүшелері	«ҚЖПМ» басылып шыққан жері мен томдары
Торғай облысы	1. Торғай 2. Ырғыз 3. Қостанай 4. Ақтөбе	П.А.Хворостанский Т.И.Седельников В.П.Семенов Н.П.Шевалье	Том 3. Оренбург, 1911 ж. Том 6. Оренбург, 1913 ж. Том 4. Оренбург, 1912 ж. Том 5. Оренбург, 1912 ж.
Орал облысы	1. Ілбішін 2. Орал 3. Темір	П.А.Хворостанский Т.И.Седельников В.П.Семенов Н.П.Шевалье	Том . Оренбург, 1914 ж. Том 1. Оренбург, 1909 ж. Том 2. Оренбург, 1910 ж.
Барлығы 2 облыс	7 уезд зерттелінді.		7 том

Соңғы екі партияның материалдары бір баспадан ғана шығарылса, Ф.А. Щербина экспедициясының жинаған «ҚЖПМ» 4 түрлі баспадан шығарылды. Оның себептері туралы зерттеуші Т.П. Волкова: «Издание томов «Материалов...» проходило в сложных и неблагоприятных условиях, что объясняется отсутствием типографской базы, сменой редакторов и авторов, нехваткой квалифицированных кадров, финансовыми затруднениями. Это тормозило сводку данных и задерживало выход в свет отдельных томов», - деген болатын.

Сыр-Дария облысын зерттеген статистикалық партия жинақтаған «ҚЖПМ» сол кезеңде орталық болып есептелген Ташкент қаласында басылып шықты.

Төмендегі кестеде Сырдария облысы бойынша жарияланған «ҚЖПМ» шыққан жылдары мен негізгі авторлары туралы мәліметтер бар.

Кесте 7 - 1906-1913 жж. П.А. Скрыплев басқарған статистикалық партияның зерттеген қазақ жерлері мен «ҚЖПМ» туралы мәлімет

Зерттелген облыстар	Зерттелген уездер	Материалдарды жинаған экспедиция мүшелері	«ҚЖПМ» басылып шыққан жері мен томдары
Сыр-Дария облысы	1. Шымкент 2. Әулиеата 3. Перовск 4. Қазалы 5. Шу мен Талас бойы	П.А.Скрыплев, П.И.Путилов, И.И.Рылов, В.А.Якиманский, В.И.Юферев	1). Том 1. Ташкент, 1910.; 2) Том 2. 1-бөлім. Мәтін. Ташкент, 1910 ж.; Том 2. 2-бөлім. Кесте. Ташкент, 1910 ж. 3). Том 3. Ташкент, 1911 ж. 4). Том 4. Ташкент, 1912 ж. 5). Том 5. Ташкент, 1913 ж. 6). Том 6. Ташкент, 1915 ж.
Барлығы			Барлығы 6 том, 2-томы 2-бөлімнен және осыған сай екі кітаптан тұрады.

Зерттеу объектісі болып отырған дерек көзінде кездесетін типографиялық кемшіліктер сол бетте немесе ең бірінші, не соңғы беттерінде көрсетіліп, кейде кіріспесінде ескертулер де жасалынған. Өйткені, сандық мәліметтердің көптігі кейде шатастыруға алып келсе, жергілікті өңірлердегі топонимдердің, ру-тайпалардың атаулары да дұрыс жазылмай, әріптері ауысып кетіп отырған кездері де аз болмады. Мәселен, Шымкент уезіне арналған «ҚЖПМ»: «Пообщинная таблица в этом выпуске, к сожалению, сверстана типографией неправильно, благодаря чему при пользовании этим цифровым материалом необходимо после просмотра страниц 220 и 221 перейти на страницы 232 и 233, затем на 244 и 245 и т.д. Тогда относительно первых 20 общин читатель будет иметь все сведения, введенные в программу этой таблицы», - деп ескертулер жасалынған. Дерекпен жұмыс жасаған зерттеуші осы ескертулерді басшылыққа алмаса шатасады.

Сырдария облысына қатысты «ҚЖПМ» шығаратын Ташкенттегі типографияның материалдарды жариялаудағы баяулығын деректе былайша түсіндіріледі: «Печатание производилось крайне медленно, за неимением в местных типографиях цифрового шрифта, и потому было закончено только в начале 1908 года», - деп түсіндірілген.

1905 ж. бастап Омбы қаласындағы Мемлекеттік мүлік басқармасының ұсынысы бойынша «ҚЖПМ» сатуға «Степной край», «Сибирский Вестник» газеттеріне жарнама жасалынған. Бұл хабарландыру мұрағат құжаттарында да сақталынған. Онда: «В Управлений Государственных имуществами в г. Омске продаются сборники «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Цена за экземпляр 1 руб. - Омскому, Атбасарскому, Павлодарскому, Кустанайскому и Актюбинскому»», - деп жазылған. Сонымен қатар, «Степной край» газетіне хабарландыру жасағаны үшін 12 рубль. 50 коп. төленгендігі туралы құжаттар сақталынған. Бұл мәліметтерден байқағанымыз бүгінде тарихи құнды дерек көзіне айналып отырған, тек мұрағат пен сирек қорларда ғана кездесетін «ҚЖПМ» кезінде халық арасында кедергісіз, ашық сатылған екен.

Түйіндей келгенде «ҚЖПМ» көптомдық дерек көзінің әр томының өзіндік ерекшелігі, зерттеу әдістемесі бар. Олар ортақ мақсаттың негізінде дүниеге келгенімен, әрқайсысының ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басындағы қазақ халқының тарихына қосатын үлесі орасан зор.

Қорыта келгенде «ҚЖПМ» пайда болуының негізгі объективті себебі Патшалы Ресейдің отарлау саясаты болды. Ол туралы деректің өзінде де, басқа қосымша заңдық және мұрағат құжаттарында баяндалған болатын. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының сан қырын қамтыған экспедиция материалдарының дерек ретіндегі маңызы зор.

- Өйткені, ол Ресей империясының мүддесіне сай, сол елдің тапсыруымен жүргізілді. Ол арнайы, Ресей империясының отарлау мақсаты үшін жасалған зерттеу жұмысы еді;

- Бұл экспедицияның құрамында кәсіпқой статистиктер мен ауылшаруашылығының кандидаттары көп болды. Сондай-ақ қазақ зиялылары

мен жергілікті халықтың ішіндегі білімі барларының қатысуы зерттеудің объективтілігін жоғарылатты;

- Осы экспедицияның шынайы мәліметтерінің орыс еліне ұнамауы және қайтадан зерттелген уездерге 2-3 рет экспедицияларды жіберу осы «ҚЖПМ» объективтілігін аша түседі. Өйткені, алғашқы экспедицияның материалы дұрыс өлшемдер жасап, қоныс аудару қорларына «артық» жерлерді анағұрлым аз көлемде көрсеткен;

- Бұл дерек көзінде қазақтардың рулық-тайпалық құрылымы, олардың көші-қоны, орналасуы, тарихы арнайы зерттелінген;

Дегенмен, «ҚЖПМ» бүгінгі ұрпақ үшін ең алдымен өзіндік ерекшелігі бар тарихи дерек көздерінің бірі ретінде қымбат. Оларда сақталынған тарихи мәліметтердің басқа деректерді толықтыра түсері анық.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында пайда болған «ҚЖПМ» пайда болуының объективті және субъективті факторлары.

2. «ҚЖПМ» Қазақстан тарихының дерек көзі.

3. «ҚЖПМ» жариялану тарихы мен сақталу формасы.

4. «ҚЖПМ» сақталынған мәліметтердің шынайылығын анықтау.

5. Экспедициялық деректер құрылымы мен мазмұнының бір-бірінен ерекшелігі.

2 ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ

2.1 Ру-тайпаларға байланысты зерттеулердің ұйымдастырылу тарихы мен статистикалық ақпараттардың жинақталу ерекшелігі.

Бұл статистикалық зерттеулерге тоқталмастан бұрын біз «статистика» мен статистика ғылымының қалыптасу тарихына қысқаша тоқталып өтуді қажет деп таптық. «Статистика» ұғымы XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болып, алғаш рет Германия университетінде пән ретінде қолданылды.

«Статистика дегеніміз қоғамдық өзгермелі құбылыстардың сандық жағын (сапасымен байланыстыра отырып) арнайы тәсілдерді қолдану арқылы зерттеп, олардың сандық жағын бейнелейтін, сандық жағындағы заңдылықтарды ашатын ғылым саласы болып табылады». Ол қоғамның, қоғамдық құбылыстардың бет-бейнесі, айнасы ғана емес, қоғамдағы кейбір заңдылықтарды ашуға тәсіл көрсете алатын құрал немесе таным түрі болып табылады. Оның әдістері арқылы өзге ғылымдар өз міндеттерін тиімді іске асыра алады.

Кез келген мемлекет өз аумағындағы барлық салаға есеп жүргізеді және сол есептің көрсеткіштеріне қарай ол салаларға байланысты алдағы міндеттерін анықтап, сол құбылыстардың нәтижесі туралы саясатын белгілейді. Яғни, статистика қажеттіліктен пайда болған, барлық ғылымдарға ортақ сала.

Бұл тарихи деректің есепке алынатын, тіркелетін құжаттардан айырмашылығы, статистикалық мәліметтер кез келген басқарманың шешімі үшін, кез келген аймақтағы ұзақ уақытқа жоспарланған саясаттың шешімі үшін де, қоғамдық процесстердің даму тенденцияларын анықтау үшін де маңызы зор. Ол мәліметтер ең алдымен өзіндік әдіс-тәсілдермен жинақталады, кейіннен арнайы маман статистер арқылы өңдеуден өткізіледі де кез келген салада нақты шешім қабылдауға көмектеседі. Өйткені, осы мәліметтер арқылы кез келген аймақтағы түрлі саланың (ауыл шаруашылығы, демография, әлеуметтік-экономикалық) сандық дамуы айқындалып, оның жағдайы төмен, орташа немесе жоғары екендігі анықталып, оған сай шешімдер қабылданады.

Ресей империясында статистиканың негізі XVIII-XIX ғғ. I-жартысында қаланды. Бірақта ол кезеңдегі статистиканың өрісі тар еді. Өйткені, мемлекеттік басқармалар тек империяның мүддесіне қажетті деген құбылыстарды ғана зерттеу нысаны етіп алды. Тек 1860 ж. бастап Орталық статистикалық комитеттің құрылуы, статистиканың жаңа сатыға көтерілуіне жағдай жасады. 1864 ж. земство реформасы жүргізілді, осыдан бастап жергілікті өзін өзі басқару органдары – земстволар құрыла бастады. Олардың басты міндеті шаруалардың экономикалық жағдайын терең зерттеу болды. Осыдан кейін халық санағы, өнеркәсіп, ауылшаруашылық санақтар жүргізіліп, онда жинақталған ақпараттар баспадан жарық көріп отырды. Статистикамен тек қана мемлекеттік мекемелер мен земстволық ұйымдар ғана емес, енді онымен акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар да айналысты.

1871 ж. бастап земствода статистикалық мекемелер құрыла бастады. 1886 жылы барлық земстволарда дерлік статистикалық органдар құрылды. Земстволық статистиканың ең маңызды міндеті – жылжымайтын мүлікті және ең алдымен жерді бағалау болды. Әрбір земстволық статистикалық мекеме кішігірім ауданды зерттеу нысаны ретінде алғанымен, ол бүкіл Ресей бойынша материалдар бере алды.

XIX ғ. 70 жылдарында земстволық статистика 2-ге бөлінеді: негізгі және ағымдағы. Негізгі статистикалық зерттеулер белгілі бір уақытта жүргізілді. Ал ағымдағы статистикалық зерттеу күнделікті жүргізілді. Негізгі статистикалық зерттеулер экспедиция әдісімен жүзеге асырылды. Ал ағымдағы зерттеу анкеталар мен сауалнамаларды жан-жаққа жіберу арқылы мәліметтерді жинақтады. Әрине, бұл ретте мәліметтердің сапасы, шынайылығы жағынан негізгі статистикалық зерттеу жұмысының маңызы зор еді. Өйткені, олар арнайы экспедиция арқылы, сол зерттелінетін аймақта болып, жұмыстың басынан соңына дейін сонда мәлімет жинаумен айналысады. Және ол зерттеулерді арнайы топографтар, статистиктер, ауылшаруашылық жұмыстарымен шұғылданатын адамдар, тілмаштар, тіркеушілер бірлесе отырып жүргізеді.

Зерттеуші Г.Е. Ерменбетова экспедициялық әдіс туралы: «Жауап алудың экспедициялық әдісі өз мақсатына жету үшін земство статистикасы нақты әдістерді жасады. Соның ішінде экспедициялық әдіс ең негізгісі болды. Осы әдіс арқылы зерттеу объектісі ыңғайлы жинақталған үлкен территорияны қамтиды», - деп, экспедициялық әдіспен жиналған мәліметтер көбінесе дұрыс болғанын атап өтеді.

XIX ғ. II-жартысы мен XX ғ. басында патшалы Ресей империясының тарапынан көптеген санақтар мен статистикалық зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде сол кезеңдегі қоғамдық өмірдің сан қырына байланысты көлемді статистикалық мәліметтер жинақталды. Олар арнайы өңделіп, біразы жинақ ретінде басылып шығарылды. Мәселен, «ҚЖПМ» дерегі осы кезеңде жүргізілген зерттеулерден кейін пайда болды.

Бұл дерек көзін жинауға атсалысқан статистикалық экспедициялар мен партиялар арнайы зерттеулерде статистикалық әдістерді пайдаланды. Статистиканың әдістері дегеніміз әлеуметтік-қоғамдық құбылыстардың сандық жағы туралы қорытылған, қойылған мақсатқа сәйкес сандық көрсеткіштерді алу үшін, міндетті түрде жүргізілетін осы саладағы ерекше қызмет жүйесі. Ол 3 түрлі кезеңнен тұрды:

- 1 Жаппай бақылау;

- 2 Мәліметтерді жинақтау және топтастыру;

- 3 Топтастырылған немесе өңделген мәліметтердің көрсеткіштеріне талдау жасау;

Санақтың негізгі критерийлері:

1. орталықтандырылуы, яғни санақтың ресми, жергілікті органдардың қатысуы арқылы мемлекет тарапынан жүргізілуі;

2. мемлекеттің қаулылары немесе статистика мекемелерінің шешімдері арқылы белгілі бір шекара шеңберіндегі белгілі бір территорияның қамтылуы;

3. жаппай, немесе барлық адамның қамтылуы;
4. бір-ақ рет жүргізу, яғни есептеудің анық бір орынға және белгілі бір уақытқа бағыныштылығы немесе қысыл-таяң уақыт;
5. тіркеудің жеке-даралылығы, яғни үй шаруашылығы мен отбасы мүшелері толық қамтылатын мәліметтен де басқа, әр адам туралы жеке-дара есеп жинау;
6. географиялық шеңбердегі демографиялық және әлеуметтік белгілері сипатталатын мәліметтердің өңделуі және баспадан шығуы.

Статистикалық зерттеулер алдын ала ұйымдастырылады. Оның ең алдымен арнайы бағдарламасы қабылданады. Бұл бағдарламада зерттеудің мақсаты мен міндеті, зерттеу қажет объектілер нақты мәселе ретінде қойылады. Осы бағдарламаға негізделіп арнайы сауалнамалар, анкеталар, карточкалар жасалынады. Зерттеу жұмысына қатысатын топтың құрамы анықталып, смета бойынша олардың жалақылары бекітіледі. Осы жұмыстардан кейін арнайы топ статистикалық мәліметтерді жинақтап, оларды өңдеп, жариялап, бұл мәліметтерді қажетінше пайдаланып отырады. Міне, осы статистикалық зерттеулердің негізінде статистикалық деректер пайда болады. Статистикалық деректердің басты құндылығы олар зерттеушіге көп көлемде (массовый) мәлімет береді. Оларды әр салада дұрыс пайдалана білу зерттеушіге тарихи құбылыстардың бірегейлігін, сабақтастығын, ерекшелігін оларға тән тарих ғылымының дамуындағы заңдылықтарды анықтауға көмектеседі.

«ҚЖПМ» дерек көзі Қазақстанның кең байтақ жерін зерттеген статистикалық экспедициялардың нәтижесінде пайда болды. Оларды атап айтсақ:

1. 1896-1903 жж. аралығында Далалы Ақмола, Семей, Торғай облыстарының 12 уезіне жүргізген Ф.А. Щербина бастаған экспедиция.
2. 1904-1912 жж. Орал-Торғай облыстарын зерттеген П.А. Хворостанский басқарған статистикалық партия.
3. 1906-1913 жж. Сыр-Дария облысын зерттеген П.А. Скрыплев басқарған зерттеу партиясы.

Бұл Қазақстанның түрлі өңірінде жүргізілген зерттеулер болғанымен, нәтижесінде пайда болған дерек «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары» деп аталды. Және де бұл зерттеулер ортақ мақсатқа қызмет етіп, тек әртүрлі облыстарды қамту жағынан ерекшеленді. Бұлардан басқа 1907-1909 жж. Ақмола облысын қайта зерттеген В. Кузнецов бастаған және 1909-1913 жж. Жетісу уездерін зерттеген П.П. Румянцев басшылығымен зерттеу экспедициялары жүргізілді. Олардың нәтижесінде көптомдық құнды статистикалық дерек көзі пайда болды.

Статистикалық деректерді талдау әдістеріне байланысты деректанушы И.Д. Ковальченко: «При использовании статистических источников приходится обращаться прежде всего к статистическим публикациям. Данные статистического учета в них уже обработаны, приведены в определенную систему. Насколько достоверны эти данные, какова концепция, в соответствии с которой они собирались и обрабатывались? Ответить на эти вопросы можно только выяснив происхождение источника. Для этого нужно знать историю организации статистического учета и состояние статистической науки» - деген

болатын. Ендігі жерде «ҚЖПМ» дүниеге әкелген статистикалық зерттеулердің ұйымдастырылу ерекшеліктері мен мәлімет жинау мен өңдеуге байланысты әдістемесін әрқайсысын бөлек талдап көрейік.

Ф.А. Щербина экспедициясының 1896-1903 жж. Қазақстанның далалы облыстары Ресейдің еуропалық бөлігімен шекаралас болғандықтан, ең алдымен осы территория зерттеу нысаны етіп алынды.

Белгілі статист-маман А.А. Кауфманның «Есебі» бойынша 1893 жылға дейін «артық» жерлерді генерал-губернатор мен уезд басшылары тауып, арнайы қаулы бойынша беретін болған. 1893 жылы 13 маусымдағы Уақытша ереже Сібір темір жолы аймағында қоныс аудары қорларын құруға жаңа негіз берді. Бұл ереже бойынша уақытша комиссия құрылып, олар жергілікті шенеуніктермен бірігіп, қазақ шаруашылығына қажетті жер мөлшерін анықтау үшін зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды қолға алады. Бұл туралы А.А. Кауфман: «... уақытша комиссияның жергілікті қазақтарға қажетті жер нормасын, олардың шаруашылығына қажетті жер мөлшерін анықтамақ тұрмақ, ол туралы жалпы түсініктері де болған жоқ», - деп комиссия мүшелерінің көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен ешбір хабарсыз екендігін тілге тиек етті.

Сібір темір жолы Комитеті тек Сібір темір жолының құрылысымен ғана айналыспады, сонымен қатар 1892-1905 жж. аралығында қоныс аудару ісімен де қосымша айналысты.

Сібір темір жолы Комитетіне міндеттелген бұл жұмысты жүргізуде комитет Жер және мемлекеттік Мүлік министрлігі қарамағындағы жерге орналастырудың ерекше уақытша партияларын құрды. Бұл партиялар Сібір темір жолы бойындағы артық жерлерді іздеумен айналысты.

1894 жылдың наурыз айында Петербургте комитет мәжілісі өтеді. Мәжілісте Сібір темір жолы бойындағы жерлерді зерттеу бойынша Комитет жұмысы жеткіліксіз деп табылды. Осылайша Сібір темір жолы бойындағы жерлерді арнайы ғылыми түрде зерттеудің қажеттілігіне нұсқау берілді. Бұл зерттеу жұмыстары болашақта осы жерлерге қоныстанушы келімсектерге аз мерзімнің ішінде өлкенің климаты, топырағына икемделуі және осы жерлерге қанша қоныстанушы енгізуге болатындығын анықтау үшін де қажет еді.

Қазақтың кең-байтақ жерінің жоқтаушысы Телжан Шонанұлының пікірінше: «Темір жолдан 500-1300 шақырым жердегі Ақтөбеде, Қостанайда жер кесіп жүрген партиялар Сібір темір жолы езуінен жер кесіп жүргенге есептеледі. Сібір темір жолы мен уақытша партиялардан алғаш қазақтың көрген жарылқасыны, міне, осындай. Бұл жұмысқа «тал түсте тонау» дегеннен сыпайы сөз табуға болмайды. Сібір темір жолының комитеті мен оның жанындағы комиссия қазақтан жер кесу ісіне мұрындық көшбасшы болды» - деп баға берген болатын.

Бұл мәжіліске қатысқан Мемлекеттік Мүлік министрі А.С. Ермолов осы жоспарланған тапсырмаларды орындайтын арнайы ғылыми экспедиция құруды ұсынады. Осы жиналыста экспедицияны құру мәселесі Сібір темір жолы Комитеті құрамындағы комиссияға тапсырылады. Оның төрағасы болып комитет істерінің басқарушысы А.Н. Куломзин тағайындалады.

1895 ж. құпия кеңесші И.И. Тихеевтің комиссиясы қажетті мағлұматтарды жинап, 1893 ж. 13 маусымда қабылданған ереже көшпелі тұрмыстың жағдайына сай келмейтіндігін анықтап, осы жіберілген олқылықтарды қайталамау үшін Сібір темір жолы комиссиясы арнайы табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық зерттеулер ұйымдастыруды қолға алуы қажет деп тапты. Осы жылдың 21 сәуірінде өткен мәжілісте Комиссия мүшелері зерттеу экспедициясын ұйымдастыруды мақұлдап, қоныс аударушылар легінің көптігін тілге тиек етіп, бүкіл Далалық өлкеге зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігі жөнінде пікірлерін білдірді.

Бұл мәжілісте арнайы құрылған комиссияға Далалық облыстарды зерттеу ісі жүктеліп, далалық өлкеде зерттеу жұмыстарын жүргізетін экспедицияны құрудың алдын-ала атқарылатын шаралары белгіленді. Сонымен қатар осы облыстарды зерттеуді жалпы негізде ұйымдастыру және экспедицияға қатысты мәселелерді талдау үшін, комиссия мүшелерін далалық өлкенің генерал-губернаторына іс-сапармен жіберілуі қажет деп шешілді.

1895 ж. Омбы қаласында Далалық өлкенің генерал-губернаторы Барон М.А. фон-Таубенің төрағалық етуімен кеңес ұйымдастырылды. Бұл кеңес экспедицияның негізгі міндеттерін талқылап, жалпы 3 пунктке негізделген:

1. Территорияны ауылшаруашылық тұрғысынан зерттеу және сипаттау;
2. Жайылымға қажетті жер көлемін анықтау үшін көшпелілердің жерді иелену тәртібі мен шаруашылығын зерттеу;
3. Қоныстанған отырықшы орыс халықтарының тұрмысын зерттеу арқылы өмір сүру деңгейін анықтау міндеттері тұжырымдалды.

Омбыда қарастырылған бұл мәселелер Комиссияның мәжілісінде баяндалып, қызу талқылауға түсті. Әсіресе, көшпелі халықты зерттеу әдістемесі бойынша түрлі көзқарастар айтылып, пікірталастар да орын алды. Бұл Ф. Щербина басқарған экспедицияның құрылуының алғышарттары болатын.

1895 ж. 10 қарашада Мемлекеттік Жер Мүлкі Департаментінің директоры И.И. Тихеев далалық облыстарды зерттеу үшін құрылатын экспедицияны басқару туралы ұсынысын белгілі Воронеж статисті Ф.А. Щербинаға (1849-1936 жж.) жібереді. Өз келісімін берген Ф.А. Щербина 1896 жылдың қаңтар айында Петербург қаласына келеді. Осыдан кейін алдын-ала экспедицияның жұмыс жасау әдістеріне қатысты бірнеше кеңестер өткізіледі. Жалпы зерттеу экспедициясы туралы «ҚЖПМ» ең алғашқы 1-томында экспедиция жетекшісі Ф.А. Щербина: «1895 жылы жер және Мемлекеттік мүлік министрлігі Сібірдің далалы облыстарында қоныс аудару учаскелерін құру үшін жақсы істің бастамасын көтеріп, осы облыстарда табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық зерттеулерді ұйымдастыруды қажет деп тапты» - деп бұл экспедицияның ұйымдастыру жұмыстары нақты 1895 ж. басталғандығын және бұл істі жер және мемлекеттік Мүлік министрлігі ұйымдастырғандығын атап өтеді. Бұдан әрі экспедиция жетекшісі «Зерттеудің негізгі міндетіне бір жағынан қырғыз (қазақ) халқының табиғи және шаруашылық жағдайына қажеттілігін қанағаттандыратын жер көлемін анықтау болса, екінші жағынан сол артық жерлерді қоныс аударушылардың қажеттілігіне беру», - деп зерттеудің негізгі міндеттерін көрсетеді.

Жер және Мемлекеттік Мүлік министрі А.С. Ермоловтың ұйғаруымен және Сібір темір жолы Комитетіне қарасты дайындау комиссиясының төрағасы А.Н. Куломзин, Иркутск генерал-губернаторы А.Д. Горемыкин, Мемлекеттік Жер Мүлкі Департаментінің директоры И.И. Тихеев, Жерді жақсарту бөлімінің басшысы И.И. Жилински мен басқа да комиссия мүшелерінің қатысуымен 1896 ж. 27-қаңтарда экспедиция жетекшісі Ф.А. Щербина далалық өлкені зерттеуге байланысты ғылыми баяндамасын жасайды. Ол баяндамада экспедицияның мақсат-міндеттері туралы, зерттеу объектісі толық игерілмегендігі айтылып, ең алдымен алдын-ала белгілі бір жерлерді зерттеп, соның нәтижесінде зерттеу әдістемесі мен бағдарламасын құруды ұсынады. Бұл пікірмен кеңес мүшелері келісіп, А.С. Ермолов зерттеу ісін жүргізудің жалпы негізін бекітеді. Бұл «ҚЖПМ» көрсетілген мынандай 5 мәселеден тұрды:

1. Экспедиция жұмысының негізінде шаруашылық-статистикалық зерттеуді табиғи-тарихи зерттеумен бірге жүргізу қажет деп табылды;

2. Экспедицияның меңгерушісі жұмыстың барысы мен нәтижелеріне жауапты болғандықтан, оған экспедицияны және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, зерттеудің әр кезеңінде экспедиция құрамына қажетті тұлғаларды шақыру, және ол шақырылған тұлғаларға белгілі сметаның көлемінде жалақы тағайындау мүмкіндіктері берілді;

3. Алғашқы уақытқа экспедиция құрамына Сібірдің уақытша межелеу партияларының шенінен екі топограф қосылды, кейін қажет болса экспедиция меңгерушісі Министрлікке ерекше ұсыныс жасап топографтар құрамын көбейтуге құқық алды;

4. Жерді жақсарту бөлімінің басшысына екі гидротехникті қосу міндеті жүктелді;

5. Экспедиция меңгерушісі мен оның бас қызметкерлеріне бірігіп алдын-ала зерттеп көріп, соның негізінде зерттеу бағдарламасы мен жалпы жұмыс жоспарын жасау міндеттері жүктелді.

Осы мәселелердің басы ашылғаннан кейін тікелей алдын-ала зерттеп көру жұмыстары басталды. «ҚЖПМ» негізінде зерттеу жұмысы 1896 ж. мамыр айында басталды деп тұжырымдауға болады. Зерттеуші М.С. Амрина «...экспедицияның құрылуының нақты күнін 1896 жылғы наурыз айы деп есептеуге болады», - деп тұжырымдаған. Ал «ҚЖПМ» дерегінің алғысөзінде «... экспедиция толығымен 1896 жылдың мамырында құрылды. Мамыр мен маусымның басында Омбы уезінде алдын-ала зерттеу жұмыстары жүргізіліп, осы жұмыстарда жинақталған тәжірибе мен материалдардың негізінде бағдарлама жасалынып, Көкшетау уезіндегі қырғыздардың (қазақтардың) шаруашылығын зерттеуге кірістік», - делінген. Бұл мәліметтерден экспедиция толығымен 1896 ж. наурыз айында емес, сол жылдың мамыр айында құрылған деп тұжырым жасауға негіз бар. Өйткені, экспедиция жетекшісі, статист-маман, өзі сол зерттеу жұмыстарына қатысқан адам ретінде экспедицияның қашан толығымен ұйымдастырылғандығы туралы деректе нақты айтып өткен. Сонымен қатар зерттеу жұмыстары басталмастан бұрын оның әдістемесі, бағдарламасы құрастырылып, талқылануы қажет болатын. Мұрағат құжаттарында экспедицияға ақша бөлінгені туралы мәліметтер сақталынған.

Онда 1896 ж. 8 сәуірде № 9441 сәйкес 1896-1897 жж. Ақмола, Семей облыстарын зерттеуге Омбы кассасында Сібір темір жолы қорына 15000 рубль қаржы түскендігі хабарланады. Сондықтан да зерттеушілер сәуірден бастап зерттейтін жергілікті өңірлермен танысып, қажетті алғышарттарды жасауға кіріскенімен, нақтылы зерттеу жұмыстары мамырда басталды.

Бұл зерттеулер 1896 ж маусым-шілде айларында Омбы уезін алдын-ала зерттеп, бақылаудан басталды. Олар осы жерлердегі қазақ тұрғындарының жер пайдалану нормасын анықтады, алдын-ала зерттелген материалдардың негізінде Ф.А. Щербина басқарған экспедицияның бағдарламасы жасалынды және соның негізінде кейінгі В. Кузнецов, П.П. Румянцев, В. Скрыплев, П. Хворостанскийлер басқарған экспедициялардың зерттеу бағдарламасы мен әдістемесі жасалынды.

Экспедиция ұжымы зерттелетін өңірлер туралы көптеген әдебиеттер мен энциклопедиялармен танысып шыққан. Олар «Справочная книга русского сельского хазяина» секілді анықтамалық кітаптардан басқа «Брокгауз», «Эфрон» сөздіктерін, «Обзор» деп аталатын жыл сайын императордың құзырына әр облыс бойынша жинақталған статистикалық есептерді, А.И. Левшин, Л. Мейер, Н.И. Гродеков, А.И. Добросмыслов және т.б. зерттеушілердің еңбектерін кеңінен пайдаланып отырды.

Ресей империясының көздеген мақсатын жүзеге асыру үшін экспедиция мынандай мәселелерді зерттеп, анықтап алуы қажет еді:

- Біріншіден, көшпелі шаруашылықтың және тұрғылықты халық санын анықтау;

- Екіншіден, олардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін, орташа қырғыз (қазақ) отбасына қажетті азық-түлік заттардың және т.б. мөлшерін анықтау;

- Үшіншіден, көшпелі тұрғындардың тұрмысында басты шаруашылық фактор ретінде негізінен мал басының санын анықтау;

- Төртіншіден, қырғыздардың (қазақ) жер пайдалануы, тұрғылықты халықтың жерге қатынасын айқындау;

- Бесіншіден, мал бағатын түрлі жерлердің сапалық ерекшеліктерін анықтау. Жер және мемлекеттік мүлік министрлігінің нұсқауынан тыс Ф. Щербина жұмыс негізіне аулалық санақты (шаруашылық) енгізді.

Осыларды жүзеге асыру үшін алдын-ала мынандай әдістер қолданылу жоспарланды:

1. Шаруашылықты, тұрғындар мен өнеркәсіппен айналысатын адамдардың, малдың санын, жыртылған жер көлемін, жиналатын пішеннің мөлшерін есепке алу үшін карточкалар құрып, сол арқылы жергілікті адамдардан сұрау жұмыстарын жүргізу. Мұнда мал шаруашылығы маңызды рөл атқарғандықтан, негізінен малдың түріне, жасына баса көңіл аударылып, карточкада 41 сұрақ осыған арналды. Мәселен, бір жылқыға-11, мүйізді ірі қара мен түйеге әрқайсысына-9, қойға-7, ешкіге байланысты-5 сұрақтан болды. Статист тіркеуші әрбір тұрғыннан жеке-жеке сұрау алып, малдың жасын одан кейін жалпы санын сұрап отырды. Жалпы сан малдың жасымен айтқандағы санына сәйкес келуі керек еді. Егер жауап беруші жалпы мал санын әдейі айтпай немесе ұмытып кетсе, тіркеуші оған малдың жасымен айтқандағы санын есіне түсіріп,

салыстырып отырды. Осылайша зерттеушілер малды тұтас есепке алу тәсілімен әртүрлі малдың нақты әрі шынайы санын анықтап отырды.

2. Қазақ шаруашылығының құрамы, оның мүлкі мен жылдық айналымын анықтау орта типтегі шаруашылықтар мен бюджеттік тіркеудің негізінде жүзеге асырылды. Ол үшін дайындалған бланкілер бір жағынан отбасының құрамын, жалдамалы жұмысшылар мен шаруашылықтағы мүлікті: мал, жұмысшы инвентарь, ыдыс-аяқ, жиһаз, құрал-жабдықтар, төсек орындар, әйел мен ер, балалар киімін, ал екінші жағынан шаруашылықтағы жылдық шығыс пен кірісті анықтайтын жалпы 185 сұрақтан тұрды. Бұл сұрақтардың өзінде кішігірім жете сұраулар да орын алды. Мұнда ұсақ-түйектерден басқа ер адамның-23, ал әйелдер киіміне байланысты-22 сұрақ берілген болатын.

3. Қазақтардың жер пайдалану формаларын анықтау үшін, экспедиция көшіп-қонатын жерлерді толығымен «шаруашылық ауылдар» деп атады. Ол үшін ерекше ауылдық бланкілер құрастырылды. Мұнда шаруашылық ауыл қай уезде тіркелгендігі, ақсақалдар немесе басқа бір атпен аталуы, ауылдың құрылған жылы мен ру басшының не жақын жердің атауы туралы мағлұматтар беріледі. Сонымен қатар ол ауылдағы су көздерінің атауы (өзен, көл, бұлақ), судың сапасы (тұщы, тұзды), қанша жылдан бері сол сулар пайдаланылатындығы, қыстық, жаздық, күздік, көктемдік жайылымдардың көлемі, көшіп-қону маршруттары деген секілді көптеген сұрақтардан тұрды. Бұл арқылы зерттеушілер әрбір ауылдың индивидуалды сипаты мен басқа ауылдармен қатынасын анықтап отырды.

4. Шаруашылық ауылдардың жалпы немесе бірге пайдаланылатын жерлерін сипаттау ісі ерекше бланкілер арқылы жүзеге асырылды. Онда қыстық, көктемдік, күздік, жаздық жайылымдардың көлемі, пайдаланылуы мен олардың табиға-тарихи сипаттауларына байланысты сұрақтар орын алды.

Экспедиция мүшелері арнайы карточка, бланк, сауалнамалармен әр болыстағы шаруашылық ауылдардың жергілікті тұрғындарынан ауызша сұрап отырып, құжаттарды толтырды. Жиналған көптеген материалдарды статистер өңдеп, сұрыптап, арнайы кітап етіп шығарды.

Орал-Торғай облыстарын зерттеген статистикалық партия. 1904 ж. 6 маусымда казенны жерлерге қоныс аудару ережесі қабылданады. Бұл заң келімсектерге қазақ жеріне емін-еркін қоныстануына және де қажетінше жеңілдіктер алуына көмектесті.

XX ғ. ортасында империя көлемінде қоныстандыру ісі белгілі бір жүйеге түсті. 1904 жылы Петербургте Қоныс аудару және Жерге орналастыру бас басқармасы құрылды. Бұл мекеме Қонысаудару және Егіншілік шаруашылығының Бас Басқармасына қарасты еді. Қоныс аудару Басқармасы Ресейдің орталығынан шет аудандарға шаруалардың қоныстануы мен оларға жер үлестерін дайындау жұмыстарын атқарды.

1904 ж. 6 шілдедегі «Село тұрғындары мен егінші мещандарды өз еркімен қоныс аудару туралы уақытша ережелер» көші-қон еркіндігін күшейту үшін зор маңызға ие болды. Жаңа ережелерге сәйкес шаруалар бұрынғы қоныстанған орындарынан үкімет органдарының рұқсатынсыз еркін кетуіне құқылы болды.

Қоныс аудару қозғалысы ұйымдасқан түрде емес, бұрынғысынша неғұрлым стихиялы түрде жүре берді.

Ал 1904-1905 жылдары үкімет орындары Қазақстан аумағын қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар Орал-Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары еді. 1904-1906 жылдары бұл аталған облыстардың бәрінде аудандық қоныстандыру мекемелері ашылды. Осылайша ХХ ғасырдың алғашқы жылдары қатал орталықтандырылған қоныстандыру мекемелері жүйесі пайда болды. Олар қазақ жерлерін тартып алып, «Қоныс аудару қорын» толтырды.

Бұл қоныстандыру мекемелері әкімшілік құрылым тұрғысынан да, жұмыс жасау әдісі, атқарған міндеті жағынан да таза отаршылдық мазмұндағы мекемелер болды. Уездік, облыстық деңгейдегі ол мекемелердің негізгі міндеті жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» тауып, қоныс аударушыларға учаскелер даярлау, осы мақсатта құрылған жер межелеу топтарының қызметін ұйымдастыру, қоныс аударушыларға мемлекет тарапынан әртүрлі көмектерді уақытында беру және жергілікті халық пен келімсектер арасындағы дауларды реттеп отыру еді. Ал әкімшілік орындары бұл мекемелердің басына империяның саясатын жүргізетін адамдарды ғана қоюға тырысты.

Қазақ жерлерін зерттеу экспедициясы бірінен соң бірі ұйымдастырылып, Ф. Щербина экспедициясы қазақтарға көп жер бөлді деген сылтаумен зерттелген уездерге В. Кузнецов, А. Переплетчиков, П.А. Хворостанский және т.б. басқаруымен қайта зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады.

Ал 1904-1912 жж. Торғай-Орал облыстарын зерттеуге арналған «ҚЖПМ» 7-томдық дерек көзінің пайда болуына тоқталар болсақ, бұл дерек те патша өкіметінің қоныс аударушыларға «артық» жер көлемін анықтау үшін жүргізген статистикалық партиялардың зерттеуі нәтижесінде дүниеге келді. Оның ұйымдастырылуы Ф. Щербина басқарған экспедицияға қарағанда ерекше болды. «ҚЖПМ» мазмұнына оның пайда болуының алғышарттары, мақсат-міндеттері ықпал ететіні анық. Олай болса Торғай-Орал зерттеу партиясының ұйымдастырылу жұмыстары мен әдіс-тәсілдерін талдауды жөн деп таптық.

Торғай-Орал облыстарын зерттеу үшін құрылатын статистикалық партияның жұмыстары басталмастан бұрын, статист А.А. Кауфман осы өңірлерге саяхат жасап, өлкеде ұйымдастырылатын зерттеудің жалпы жобасын жасаған болатын. Бұл туралы ол өзінің «Есебінде»: «Жер және Мемлекеттік мүлік министрі менің ұсынысым бойынша, Торғай облысына іргелес жатқан Орал облысына, Торғайдың уақытша партиясының меңгерушісі Л.Н. Цабельді менімен бірге іс-сапарға жіберді», - деп баяндайды. Бұл сапардың негізгі мақсаты – орыс қонысаударушыларына жер алып беру және сол үшін зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру болды. Сонымен Орал қаласында осы мәселеге байланысты мәжіліс өтіп, оған Л.Н. Цабель, облыстың әскери губернаторы генерал-лейтенант К.Н. Ставровский, вице-губернатор К.А. Тарасенко және т.б. қатынасты. Бұл мәжіліс мынадай басты қорытындыларға алып келді:

а. Қырғыздардың (қазақтардың) шаруашылығының басты элементтері мен үй шаруашылығын тіркеу, әсіресе, ең бастысы жерді өңдеу мен мал бағудың ауқымын анықтау;

б. Қазақтардың пайдаланатын жерлеріне қарай топтарға бөліп, жерді пайдалану шекараларын зерттеушілер арқылы тексеру. Топырақтың құнарлығы мен сапасын анализ арқылы арнайы зертханаларда тексеру;

с. Зерттелінетін территорияларды біркелкі табиғи және шаруашылық жағдайына қарап райондарға бөлу, кейіннен олардың әрқайсысына жер пайдалану нормасын бекіту;

д. Ең бір қиын және күрделі мәселе қазақтардың жер нормасын жасау.

Мәжілістен кейін Орал облысында «артық» жерлерді анықтау үшін Торғай зерттеу партиясы лайық деп табылды, тек қана болашақ Орал зерттеу партиясының құрамына білімді статист-мамандар қажет еді. Осылайша Оралда өзінше бөлек зерттеу партиясы құрылмай, Торғайдың уақытша партиясына мұндағы бүкіл статистикалық жұмыстар жүктелді. Оның меңгерушісіне білікті көмекші және қажетті адамдар мен құрал-саймандар бөліп берілу жоспарланды.

Жұмыстың жүргізілу тәсіліне байланысты айтсақ, ең алдымен топографтар қазақтардың қоныстары мен шекараларын аралап, ал статистер өңірді бақылап көреді. Бұл алдын-ала жүргізілген зерттеудің нәтижесінде зерттеушілердің болыстық аудандардың көлемі туралы жалпы түсініктері пайда болды және осы өлкеден қонысаударушыларға берілетін жердің ыңғайлылығы мен отарлау үшін маңыздылығы анықтала түсті.

Зерттеу партиясына қажетті қаражатты статист А.А. Кауфман есептеп, шамамен Торғай-Орал статистикалық партиясына қанша қаражат қажет екендігі анықталды. Ол:

1. Өңірді алдын-ала жалпы геоботаникалық зерттеулер үшін арнайы маманды шақыру қажет. Өйткені, өлкенің топырақ қабатын зерттеп, оның құнарлы немесе жарамсыздығын анықтау өте ауыр жұмыс. Оған тек білікті, тәжірибелі адамды ғана алу шарт. Оның еңбегі мен көшіп-қонуына жұмсалатын қаражат шамамен -3000 рубльден кем болмайды;

2. Топырақты анализден өткізу үшін әрқайсысы 75 рубльден тұратын 10 толық және әрқайсысы 30-35 рубльден тұратын 30 толық емес анализ жасау керек. Бұл шаруаға жалпы 1750 рубль қаражат жұмсалады.

3. Вегетативті сынақтар жүргізілсе арнайы ұйымның лаборантын шақыру үшін және күзетші жалдауға шамамен 300 рубль қажет;

4. Метеорологиялық бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті құралдарды тәртіп бойынша Бас физикалық обсерваториядан тегін жіберіледі. Бірақта ол құралдардың келуін күту ұзақ уақытты алады. Сондықтан белгілі бір мөлшердегі қаражатты осыған жұмсау қажет. Профессор П.И. Брауновтың пікірінше әрбір тұраққа мына құрал-саймандарды алу керек: жаңбырды өлшеуіш (20 р.), гелиограф (24 р.), флюгер (26 р.), анероид (27 р.), кіші Асман психрометрін (60 р.); Бұл бір тұрақ үшін құралдардың комплектісі шамамен 157 рубльге тоқтайды. Ал барлық тұрақтарға 1100 р. Осылайша істі ұйымдастыру үшін обсерваториядан инструктор шақырып, оған 1000 р. беру қажет. 7

станцияны құруға шамамен 500 р. Ондағы бақылаушылардың әрқайсысына 180 р. барлығына 1260 р. қаражат бөлу керек.

5. Әртүрлі топырақтың құнарлығын, егіннің шығуын байқауға 10 тұрақты әрқайсысы 3 десятина жеріне егін егу үшін: әр десятинаны жырту үшін-10 р., себілетін тұқымға 6 р. дейін, егу үшін 2 р., егінді жинау үшін 8 р. барлығы 1 десятинаға 26 р., ал 30 десятинаға 780 р. қаражат жұмсалады.

Жалпы зерттеуге А.А. Кауфманның есептеуі бойынша шамамен 20000 р. жұмсалады. Егер де Орал облысын зерттеу партиясы басынан Торғай уақытша партиясынан бөлектеніп құрылатын болса, жоғарыда көрсетілген қаражаттан да көп шығын кететіні анық еді. Демек империя бір оқпен екі қоянды атып, бір партия арқылы екі облысты зерттеу нысанына алды.

Мемлекеттік Жер Мүлкі Департаменті Торғай облысындағы уақытша партияға Ақтөбе уезіне жақын орналасқан Орал облысының Орал уезіне «артық» жер мөлшерін анықтау үшін табиғи-тарихи және экономикалық жағдайын зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы 1904 ж. 15 маусымда № 8847 нұсқауды шығарды. Осы нұсқаудың негізінде Орал облысында ең алғашқы зерттеу жұмыстары Орал уезінде 1904-1906 жж. жүргізілді. Статистикалық есептеу жұмыстары 2 жылда жүзеге асты. 1904 жылы қысқа бағдарламаның негізінде Жиренкөпен, Қараағаш, Қарашағанак уездері алдын-ала зерттеуге алынды. 1905 ж. арнайы кеңейтілген бағдарламаның негізінде қалған уездер зерттелінді.

Мемлекеттік жер және мүлік департаментінің шешімі бойынша Орал уезіне Щербина жасаған Ақтөбе уезіне қолданылған норманы пайдалану міндеттелген болатын. Осы мақсатта партияға жер нормасын анықтау үшін халықтың шаруашылығын қысқа ғана санаққа алып және өңірдің табиғи-тарихи жағдайын жете зерттеу жұмыстарын жүргізу ұсынылды. Әрине, Департаменттің бұл ұсыныстарының түп төркіні зерттеуді жылдам және көп қаржы жұмсамай жүзеге асыру мақсаты іске аспай қалды.

Қазақтардың «артық» жерлерін анықтау үшін партия екі операцияны іске асыруы қажет еді. Оның: 1). Ауылдық-қауымдық топтардың пайдалануындағы барлық жердің көлемін есептеу; 2). Қазақтардың қажеттілігін қанағаттандыратын, мал шаруашылығына мүмкіндік беретін жер көлемін анықтау; Әрине, бұл жұмыстарды жүзеге асыруда партия Ф. Щербина жасаған әдістемеге сүйенді. Мәселен, жоспар бойынша:

1. Жаппай қазақ тұрғындарын зерттеу, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын анықтау;

2. Бюджеттік зерттеу;

3. Пайдаланылған жерлерді есепке алу жоспарланды.

Жалпы Торғай-Орал зерттеу партиясы көбінесе Щербина экспедициясының бағдарламасы мен әдістемесіне сүйенді, бірақта оған арналған «ҚЖПМ» дерек көзінде ру-тайпалық құрылымға бұрынғыдай онша көп көңіл бөлінбеген. Оларда ру-тайпалық кестелер де жоқ деуге болады.

Сыр-Дария облысын зерттеген статистикалық партия. 1896-1906 жылдар аралығында Түркістан өлкесі қоныс аударушыларға жабық аймақ болып есептеледі. Бірақта 1903 жылғы 10 маусымдағы «Сырдария, Ферғана және

Самарқан облыстарындағы қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аудару» туралы ереженің қабылдануы, бұл аудандарға сол кезге дейін іс жүзінде заңсыз болып келген қоныс аударуды заңдастырып берді.

XX ғасырдың басында П.А. Столыпин реформасы аграрлық қайшылықтарды шиеленістірді. Аграрлық реформа Николай II 1906 ж. 9 қазандағы Указға және 1910 ж. 14 маусымдағы заңға негізделіп жүргізілді. Осыдан кейін «артық» жерлерді аламыз деген сылтаумен қазақтардың жақсы игерілген жерлерін ашық түрде тартып алу басталды. Жерді тартып алумен қатар, қазақ халқын аяусыз өз территориясынан шөлейт жерлерге қуды, қыстаулары мен тұрақтарын қиратып, оның құнын төлеуді ойлаған да жоқ.

Ресей империясының шығарған ресми заңдық құжаттарын талдау арқылы Түркістан өңірін жаулап алу империяның геостратегиялық позицияларын кеңейту, бай материалдық, табиғи және еңбек ресурстарын эксплуатациялау мақсатында жүргізілгендігін көруге болады.

1906 жылы 10 наурызда шығарылған үкім негізінде империя жанындағы ішкі істер министрлігінде қонысаудару басқармасы құрылды. Ал Түркістанда – Сырдария қонысаудару бөлімі ашылды. Бұл өңірдің ресурсты-экономикалық потенциалының бай болуы отарлаушылардың қызығушылығын тудырды. Бұл туралы 1908 жылы Түркістанға ревизиялауға барған граф К.К. Пален өзінің есептерінде: «Если не считать мотивов политического характера, имевших значение для завоевания Туркестана, этот край с первых же дней присоединение его к России представлял для русского правительства двоякий интерес: 1) с точки зрения финансовой политики как источник государственных доходов и как новый рынок для продуктов внутреннего производства и 2) с точки зрения колониальной политики как новая область для перемещения избыточного населения из губерний» - деп бұл өлкенің отарлау үшін құндылығын атап көрсеткен болатын.

Ал 1910 ж. 19 желтоқсандағы заң көшпенділердің «артық» жерлерін алудың қалыптасқан жүйесін айқындап берген болатын. Бұл туралы Ә.Бөкейхан өзінің «Үшінші Дума һәм қазақ» мақаласында: «Бұл закон бұрынғы күйінде тұрса Түркістанда қазақ жері мүжыққа алынбайтын еді; хукімет 279-ншы статьяға қосымша деп 1911-нші жылы 3-нші Думаға ұзындығы екі жол закон кіргізді: «Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса, қазына өз пайдасына алатын болсын» деп. Осылайша, Түркістан қазағына да Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал қазағының кебі келді. Енді Түркістанда қазақ жерін алғанда закон деп алады», - деген болатын.

Сырдария облысы XIX ғ. ортасында 7 уезден тұрды: Құрамын – 32100, Ходжент – 38550, Шымкент – 51250, Түркістан – 79550, Әулиеата – 67800, Перовск – 65950, Қазалы – 59550, ал барлығы 394750 кв. верст жерді алып жатты. Кейіннен оның құрамында Шымкент, Ташкент, Әулиеата, Перовск, Қазалы уезі қалды.

Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата, Перовск, Қазалы 4 уезінде 1906-1913 жж. жүргізілген зерттеу жұмыстарына тоқталар болсақ, ол зерттеу бұл өңірлерді алдын-ала білікті мамандардың көріп, арнайы кеңесте жүргізілетін жұмыстардың қажеттілігін негіздеп, қаулы шығарғаннан кейін ғана жүзеге асты.

Мәселен, белгілі статист А.А. Кауфман Ф. Щербина, П. Хворостанский, П. Скрыплев басқарған зерттеу партияларының ұйымдастырылу және жүргізілу барысында арнайы іс-сапармен сол жерлерге барып, қажетті нұсқаулар мен кеңестер беріп отырған. 1903 ж. Түркістан өңірінде болған сапарының есебінде А. Кауфман бұл жерлерді статистикалық партиялар арқылы зерттеу қажеттілігін негіздеген болатын.

Жер министрлігі 1904 ж. өзінде Сыр-Дария облысында қоныс аудару учаскелерін құру мақсатында зерттеу партияларын құруды жоспарлады. Бұл мәселе Мемлекеттік кеңестің күн тәртібіне де қойылып, заңдық негізде үлкен қарсылыққа да тап болды. Өйткені, 1886 ж. 12 маусымдағы «Түркістан генерал-губернаторлығын басқару жөніндегі ереженің» 270-бабында көрсетілген «Көшпелілердің қоныстары орналасқан мемлекет жерлері, олардың дәстүрі мен осы Ереже баптары негізінде мерзімсіз уақытқа көшпелілердің қоғамдық пайдалануына беріледі», - делінген болатын. Ол «Далалық облыстарды басқару туралы ереженің» 120-бабымен ұқсас та еді, тек 270-бапта 120-бапта көрсетілген «Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік Мүлік министрлігі басқаруына өтеді», - делінген қосымша болмады. Демек, осы ресми заңдағы кемшілік көп уақытқа дейін Сыр-Дария облысында қоныс аудару партияларын құруға үлкен кедергілерді туғызды.

Тек 1905 ж. ғана Мемлекеттік кеңес жаңа заңдық негіздерді жасап, осы өңірді зерттеп, қоныс аудару ісін жүргізу үшін Сыр-Дария облысында статистикалық партияны құруды ұйғарды. Ол туралы «ҚЖПМ» дерегінде «1906 ж. көктемде Сыр-Дария статистикалық партиясының жұмысы басталды...», - деп нақты зерттеудің ашылған уақытын көрсеткен. Бұл, осы өңірде ең алғаш рет шаруашылық-статистикалық, агрономдық және гидрогеологиялық зерттеулерді ұйымдастырған статистикалық партия еді.

«ҚЖПМ» дерегінде бұл зерттеудің басты міндеті түземдік тұрғындарға жер нормасын және артық жер мөлшерін анықтап, оларды Еуропалық Ресейден келетін келімсектерге беру болған деп жасырмай жазады. Сонымен қатар, бұл деректе: «Мемлекеттік кеңес қонысаудару ісін кеңінен қою үшін заңдық негіздің болмауынан 1905 жылы Сыр-Дария облысында шаруашылық-статистикалық, агрономиялық және гидрогеологиялық зерттеу үшін статистикалық партияны құруды қажет деп тауып, бір жағынан «қоныстандыру мақсатында артық жерлерді пайдалану мәселесіне негізделген заңдық шешімдер үшін материалдарды, екінші жағынан – ешбір уақытты ұттырмай-ақ қонысаудару учаскелерін құру жұмыстарын бастап кету үшін қажетті мәліметтердің қорын жинап, осылардың барлығын қазіргі таңдағы заңдық сипаттағы қиындықтарды жою үшін дайындап қою үстінде», - деген сөзінен зерттеудің Түркістанды басқару ережесіне қатысты мәселенің шешімі табылғанша, отарлау жұмыстарын зерттеу жұмысының астарымен жүргізуді ойластырғандығын көруімізге болады.

Зерттеу партиялар жұмысының нақты міндеттерімен оған сәйкес ешқандай нұсқаулар болмағанымен, бұл статистикалық зерттеулер отарлау мақсатына қызмет етуі қажет екендігі айтпаса да белгілі еді. Яғни, бұл статистикалық

зерттеу отарлау, қазақ жерін тартып алу мақсатында болғанымен, оның сол уақытта заңдық негізі болмаған еді.

Сыр-Дария облысының Шымкент уезін зерттеген (1906-1908 жж.) партия осы жерлердің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі 18 келімсек орыс деревняларын зерттеуге алды. Мұндағы басты мақсат - бір жағынан орыс келімсектерінің экономикалық жағдайын бақылау болса, екінші жағынан жер жетіспейді деген орыстар тарапынан түскен шағымдар болатын. Бұл деревнялардың жалпы көлемі оңтүстіктен солтүстікке 65 верст, шығыстан батысқа қарай 120 верстке созылып жатыр. Солтүстігінде Арыс өзені, шығысында Әулиеата уезімен, оңтүстігінде Ташкент уезімен шекараласады, батысында Бадам өзені мен Шымкент уезі созылып жатыр. Осы орыс деревняларын зерттеу Шымкент уезін зерттеумен қатар жүргізілгендіктен көп уақыт пен қаражатты қажет етті.

Дерек мәліметтеріне сүйенсек, 1906 ж. Шымкент уезінде зерттеу жұмыстары оңтүстік-шығысындағы таулы аймақтарынан бастау алды. Бұл кезеңде Машат, Қарамұрт, Бадам, Қазығұрт, Майлықент және Түлкібастың бір бөлігі зерттелген болатын. 1906-1907 жж. қыс бойы жиналған материалдар өңделіп, соның негізінде 1908 ж. «ҚЖПМ» I-томы жарияланды.

1907 ж. Түлкібастың екінші зерттелмеген бөлігі, Қошқарата, Сарыбұлақ, Бұрулдай, Бүгін, Шаян, Арыстанды, Бұржар, Арыс болыстары зерттелсе, 1908 ж. Ақтас, Байыркүм, Сарыкөл, Сыр-Дария, Жылыбұлақ, Қаракөл, Жанасу, Көкшеқұм, Қаратау, Құршу, Шелек, Ноғай-Құрын, Шеғатай, Хантақ, Ақтөбе, Шу болыстары зерттелінді. Осы статистикалық материалдарды есептеу жұмыстары 1909 ж. көктемінде аяқталды. Нәтижесінде Қонысаудару басқармасы 1910 ж. Шымкент уезіне арналған II-томның 1, 2-бөлімдерін басып шығарған болатын.

1909 ж. Түркістан өлкесін ревизиялаған Сенатор Граф Паленнің тапсыруымен зерттеу партиялары шұғұл түрде Сыр-Дария, Ферғана, Самарқанд облыстары мен Әму-Дария бөлімшесін зерттеуге кірісті.

Сыр-Дария облысы Әулиеата уезінде зерттеу (1907-1910 жж.) жұмыстары 2 кезеңде жүзеге асты. Ең алғаш рет 1907 ж. Билікөл, Құйық, Тастөбе, Асын болыстары зерттелініп, топографтардың жетіспеуінен толық қамтылмаған болатын. 1909 ж. 25 болыс, атап айтсақ Аспарын, Ашын, Бақаир, Баутерек, Бештас, Ботамойнақ-Алмалы, Жайлау, Қарабақыр, Қарабура, Қаракөл, Қарақыстақ, Кенкөл, Қарақатын, Күм-Арық, Күркіреу, Күшеней, Мақпал, Талас, Толқын, Үш-Қорған, Шүнкүр болыстары зерттеу нысаны етіп алынды.

Жалпы зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, қоныс аудару ісі мен қарашекпенділерге қажетті көмек туралы негізгі нұсқаулар мен тапсырмалар, оның барысы мен әдісі, зерттеушілер мен Қонысаудару басқармаларының меңгерушілері, олардың қызметі туралы «Переселение и землеустройство в Азиатской России» атты заңдар жинағында тәкпіштеліп баяндалған. Бұл жинақ бойынша қонысаударушыларға қажетті жерді анықтау үшін жүргізілген барлық зерттеулер тек келімсектерге ғана көмектесу мақсатында болған. Ал жергілікті халықтың жағдайын ешкім ойлаған да жоқ.

Қорыта келетін болсақ, патша өкіметі Қазақстан жерін отарлау мақсатында бүкіл кең-даласын зерттеп, қазақтар үшін «артық» деп табылатын жерлерді

анықтау үшін бірнеше үлкен масштабтағы зерттеу экспедициялар мен статистикалық партияларды құрды. Олардың ортақ мақсаты «артық» деп қазақ жерлерін көбірек алып, осылайша отарлаудың «ғылыми» негізін жасау болды. Бұл зерттеу экспедицияларының жинаған материалдарының негізінде пайда болған «ҚЖПМ» отарлау тарихының дерегі болғанымен, онда Қазақстан тарихын, этнографиясын, геологиясы мен жағрафиясын, ботаникасын, экономикасы мен әлеуметтік құрылымының тарихын байытатын құнды мағлұматтар баршылық. Және бұл дерек көзін талдау нәтижесі ХІХ ғ. соңы - ХХ ғ. басындағы бүкіл қазақ жерінің тарихын қайта жаңғыртуға септігін тигізетіні анық.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Статистика ұғымы және ғылымы.
2. Статистикалық экспедиция жүргізу әдістемесі мен ұйымдастыру ерекшеліктері.
3. ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы Қазақстанды зерттеген Ф. Щербина, П. Хворостанский, В. Скрыплев, В. Кузнецов, Л. Чермактың зерттеу әдістемелері мен қорытындылары.
4. А.А. Кауфманның статистикалық зерттеулерді ұйымдастырудағы жетекшілік рөлі мен статистикаға қосқан үлесі.
5. Қазақстанды зерттеген Ф. Щербина, П. Хворостанский, В. Скрыплев, В. Кузнецов, П. Румянцев, Л. Чермактың басқарған статистикалық экспедицияларының ұйымдастыру және зерттеу ерекшеліктері.

2.2 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарындағы...» рулар мен тайпалар жөніндегі статистикалық мәліметтерді талдаудың негізгі принциптері мен әдістері.

Статистикалық деректерді талдауда ең алдымен деректің толықтығы, шынайылығы мен нақтылығы, мәліметтердің біркелкілігі анықталуы қажет. Мұндағы толықтығы дегеніміз дерек кез-келген халық тұрмысының барлық жақтарын, немесе негізгі элементтерін қамтуы қажет. Ал шынайылығы мен нақтылығы дегеніміз сандық мағынада емес, статистикалық деректегі шындықтың объективті түрде бейнеленуін айтамыз. Статистикалық деректің сапасы оның қандай әдіс-тәсілмен жинақталуына тікелей байланысты.

Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың тарихын, құрамын зерттеу ХІХ ғасырдың ортасынан бастап жүйелі түрде жолға қойылды. Алғашқы мәліметтер жер аударылып барған орыс зиялылары, орыс экспедицияларының қорытындылары, экспедиция мүшелерінің жазбалары, статистикалық мәліметтер арқылы толықтырыла бастады. Осы кезеңдегі шежірені, ру-тайпаны зерттеу отаршылдық саясатпен тығыз байланыста болды. Себебі, жерді тартып алу, бөлу секілді мәселелерде қазақтардың рулық құрамын, орналасу ареалын білуді қажет етті. Зерттеп отырған «ҚЖПМ» ру-тайпалық құрылымға аса зор

мән беріліп, кез-келген тарауында оған қатысты мағлұматтарды көптеп беріп отырған.

Зерттеуші әрі экономист С. Толыбеков бұл материалдарды ғылыми тұрғыда дұрыс пайдалану, зерттеушіге қазақтардың жерді пайдалану сипаты мен көшпелі шаруашылықтың экономикалық дамуына қатысты құнды мәліметтерді алуға көмектесетінін атап өтеді. Мұнда Щербинаның 1896-1901 жж. 12 уезд, П. Скрыплевтің басқарған 1906-1913 жж. 5 уезд, П. Румянцев бастаған 1909-1913 жж. Жетісу уездерінің материалдары пайдаланылып, зерттеу жұмыстарының әдіс-тәсілдері мен негізгі зерттеу объектілері нақты көрсетілген. Мәселен, автор: «Зерттеулер кең масштабта жүргізілді: әрбір отбасының экономикалық жағдайы, оның құрамы, негізгі жұмысы; жалпы шаруашылық сұрақтар, жерлердің шекаралары мен жер пайдалану формалары, зерттелген жерлердің табиғи жағдайы және т.б. аулалық сауалнамалар арқылы жүргізілді. Содан кейін алынған жауаптар жалпы байқау, білетін адамдардан сұрау тәсілі арқылы тексерілетін», - деп, мәліметтерді жинау әдістеріне тоқталады.

Экспедиция өзінің зерттеу жұмысын осы Далалық өлке туралы анықтамалық, энциклопедиялық әдебиеттермен танысып, генерал-губернаторлардың есептері мен жергілікті статистикалық комитеттердің басылымдарын, басқа да заңдық құжаттарды пайдалана отырып зерттеудің алғашқы схемалық бағдарламасын құрудан бастады. Жалпы зерттеу бағдарламасы алдын-ала бақылаудан кейін іс-тәжірибеде жинақталған әдістеме негізінде қайта өңделді. Бағдарламаны Ф. Щербина құрастырды. Экспедиция бағдарламасы 17 тараудан және кішігірім 93 тараушадан тұрды. Ол:

1. Рулық бастама;
2. Шаруашылық ауылдардың тарихы;
3. Жер пайдалану формасы;
4. Мал шаруашылығы;
5. Пішен шабу;
6. Жер өңдеу;
7. Бақшашылық және бау егіп өсіру;
8. Орман және тоғайлы жерлер;
9. Жерді жалға беру (аренда);
10. Өнеркәсіп және жалақы;
11. Алым-салық және борышы;
12. Қырғыз отбасының ерекшелігі;
13. Ортақ шаруашылық істер;
14. Сауда;
15. Несие (кредит);
16. Халықтың қажеттілігі;
17. Табиғи-жаратылыс жағдайы.

Осы бағдарлама кейінгі барлық зерттеу жұмыстарына мұрындық болып, Ф. Щербинаның қолданған әдіс-тәсілдерін барлық статистер негізге алып отырды.

Негізінен «ҚЖПМ» дүниеге алып келген зерттеу экспедициясының бағдарламасында ең алдымен рулық бастамаға егжей-тегжейлі тоқталған. Онда «А. Рулық бастама» деп:

- Болыстар бойынша рулар кестесін жасау;

- Қыстаулардың құрылуы мен оларды өзара бөліп алуға рулық бастаманың ықпалы және оған байланысты ауызша аңыз-әңгімелер сақталынғанба соны анықтау;

- Рулық бастаманың бірнеше шаруашылық ауылдардың бір топқа бірігіп, бір жайылымды бір-біріне хабарлап пайдалану, басқа да көшпелілерден өз мүдделерін қорғауына ықпалы бар не жоқ екендігін анықтау;

- Рулық бастаманың некелік қатынастар арқылы өз алдына шаруашылық құрып немесе дербес үйдің пайда болуына себепші болуна әсерін тигізуі;

- Билеуші болыстарды, билерді, ауылдық старшындарды және т.б. сайлауда рулық қатынастардың ықпалы болды ма? Ру аралық кек алу бар ма?, - деген мәселелер арнайы қарастырылды. Сондықтан да зерттеушілер ең алдымен зерттелінетін уездер мен болыстардың тұрғылықты халқының құрамын (қай ру-тайпадан шыққанын) айқындап, олар қай кезеңнен осы территорияға келіп қоныстанғанын анықтаудан бастаған.

Бұл зерттеуде қазақтың ру-тайпалық құрылымын, орналасу тарихын, шежіресін тізбектеген ғалымдар ол мәліметтерді көнекөз қариялардан, ауыл ақсақалдарынан немесе ру басыларынан сұрап, жазып алып отырған. Бұл туралы деректе: «... киргизы основательно отказываются отъ сообщенія имен родовъ чужой орды, опасаясь дать неверныя сведенія, и твердо и уверенно сообщаютъ лишь свою прямую родословнию съ ближайшими къ ней коленами. Имена приводимой родословной сверены со схемами Левшина, Аристова и Гродекова ... от которых они не даютъ значительныхъ отступлений, во многихъ родовыхъ коленахъ дополняя ихъ», - делінген. Бұл зерттеушілер біріншіден, білетін адамдардан шежірелерді сұрастырған. Сұрау алынған қазақтар өздерінің руларын тарқатып, өздеріне қатысы бар туысқан руларды ғана атап беретін болған. Ал қатысы жоқ ру-тайпалардың шежіресін шатастырмау үшін айтудан бас тартып отырған. Ол деректің шынайылығын жоғарылатты. Екіншіден, ол ру-тайпалардың атаулары ғылыми маңызы дәлелденген Аристов, Гродеков, Левшин сияқты зерттеушілердің еңбектерімен салыстырмалы талданған. Бұл мәліметтерді одан әрі нақтыландыра түседі.

«ҚЖПМ» әр уездің шежіресі, ру-тайпалардың көшіп-қону маршруттары мен қоныстары арнайы картаға түсірілген болатын. Шежіре екі негізгі компоненттерден құралады: генеологиялық схемалар мен тарихи аңыз-әңгіме. Бұл екеуі де «ҚЖПМ» кездеседі.

Қазақ шежіресі - халық тарихының көптеген ақтаңдақ мәселелерін ашуға көмектесетін дерек көзі. Ең алдымен, шежіре – ұлт тазалығы мен ұлт құрамының ерекшелігінің басты көрсеткіші. Шежіре – көшпенділердің кеңістік пен уақыт, тарих пен адамзат арасындағы қатынасты анықтайтын фактор. Шежіре – кез-келген кезең (кеңістік) мен әртүрлі уақыт, кез-келген оқиға мен адамзат арасындағы қарым-қатынасты анықтауға көмектесетін, уақыт пен кеңістікке тез бейімделетін деректік қордың жиынтығы. Шежіре – бұл дерек

көзі ғана емес, халық қазынасы. Шежіре тарихи дерек болғандықтан, шежіретану ғылымының теориялық-методологиялық проблемалары деректану ғылымының шеңберінде қарастырылады. Олардың қатарында, тарихи шындықтың шежіреде сақталған мәліметтерге енуі мен бейнеленуі, шежіренің әлеуметтік табиғаты мен ондағы субъективтіліктің деңгейі, шежіре мәліметтерін сыныптау, шежіре деректерінің ғылыми құндылығын анықтау принциптері мен тәсілдері және т.б.

Шежіренің сақталу формалары әртүрлі болып келеді. Көшпелі және жартылай көшпелі халықтарда шежіре алғашында ауыздан-ауызға аңыз-әңгіме түрінде берілген, ортағасырларда билеуші әулеттердің көздеген саясаты мен мүддесіне сай шежірелер жазба түрінде арнайы жинақталып, идеологиялық сипат алып отырған. Бірақта шежірені ауызша айту дәстүрі де қатар қолданыста болған.

XIX ғ. соңына дейін орыс зерттеушілері қазақ ру-тайпаларының құрамы мен орналасуына қатысты көптеген мәліметтерді зерттеушілер мен елшілер, саудагерлер мен миссионерлер арқылы жинап алғанымен, Ф.А. Щербина экспедициясы бұл мәселені арнайы қарастыруға шешім қабылдады. Осы экспедицияның жасаған бағдарламаны кейінгі В. Кузнецов, П. Румянцев, П. Скрыплев, П. Хворостанскийлердің зерттеу партиялары негізге алып, оның әдістемесін пайдаланды.

«ҚЖПМ» соңында сызба түріндегі шежірелер берілсе, әр уездің қоныстану тарихына қатысты бөлімінде ру-тайпалардың сол жерлерге орналасуы туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелер орын алған. «ҚЖПМ» сақталған кестелердің жинақтаушысы зерттеушілер болса, олардың авторлары әрине, халық болған. Зерттеушілер халық арасында жүріп, сауалнама арқылы шежірені жақсы білетін ақсақалдар мен қариялардан жазып алған. Қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов: «Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін, шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан ыждаһатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шыңдауға көптеген аңыз, әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды», - деген болатын.

«ҚЖПМ» дерегінде сақталған аңыз-әңгімелерді зерттеу мәселесі де маңызды. Өйткені, әр кезеңде әртүрлі аңыздардың тарихи шындықпен араласып жататын тұсы көп. Аңыз ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүрлі халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Оның негізгі қызметі – тарихи тұлғалар мен ірі оқиғалар жайлы жадыны сақтап, баға беру. Ол арқылы көшпелі халықтың тарихи зердесін, тарихи пайымын анықтауға болады. Деректе сақталған аңыздарға терең талдау жасау арқылы, ондағы тарихи географиялық атаулар мен тарихи тұлғалардың қызметін айқын аңғаруымызға болады. «ҚЖПМ» жинаған экспедиция мүшелері зерттелген аймақтар мен ру-тайпалардың тарихы туралы мағлұматтарды ел аузынан жинап алған. Олардың көбісі әрине, аңыз-әңгімелерден құралды. Бұл этнографиялық мәліметтердің құндылығын М. Мұқанов: «... олар тарихтың белгілі бір кезеңіндегі халықтың идеологиясын сипаттайды және ең бастысы түп-тамырын (мифологиялық түрғыдан болса да)

бейнелейді. Этнографияға қатысты нәрсенің бәрі, соның ішінде аңыз-генеалогия да ой елегінен өткізіліп, зерттелуге тиіс, өйткені халықтың дүниеге көзқарасы этнос сипаттамаларының бірі болып табылады», - деп аңыздардың да деректік құндылығын атап көрсетсе, екінші жағынан «Алайда, қазақтың әрбір рулық тегінен аңызға айналған генеалогия мен рулық-тайпалық құрылымының кейінгі кездегі таксономиялық жігін айыра білу керек.», - деп аңыздың өзін талдай білу қажеттілігін негіздейді.

Қазақ халқының ру-тайпаларының көшіп-қонуын зерттеу үшін оның ру-тайпалық құрылымын жақсы білу қажет.

«Б. Шаруашылық ауылдардың тарихы» деп аталатын бағдарламаның екінші тармағында 7 мәселе бойынша сұрау берілген. Мұнда негізінен қазақтардың қыстауларын ауыстыру тәртібі, оны ауыстыруға қандай жағдайлар итермелегені немесе басқа күштірек топтардың әсері мен ықпалы болғаны туралы егжей-тегжейлі сұраулар жасалынған.

«В. Жер пайдалану түрі», «И. Жерді жалға беру (аренда)» деп аталатын тармақ 18 сұрақтан тұрады. Онда картаға жерді түсіру арқылы болыстар мен ауылдардың пайдаланатын жер көлемі, оны жалға беру, сату немесе ауыстыру тәртібі мен ережесі туралы мәселелер қарастырылған.

Бағдарламаның «Г. Мал шаруашылығы» тармағында 18 сұрақ бар. Мұнда малдың түрі, оларды бағатын қыстақ пен жайлаудың қолайлығы, үй жануарынан алынатын азық-түліктің түрлері, жүнді қай уақытта қырқатыны, малдың жас ерекшеліктері, оның көбею ерекшеліктері, соғым соятын уақыт пен оған жетерлік еттің мөлшері, бай, орташа және кедей шаруашылықтарға қажетті мал саны, барымта, мал шаруашылығының тарихы, мал терісі мен жүнін пайдалану техникасы т.б. мәселелер қарастырылған.

«Д. Егін шаруашылығы», «Е. Жерді пайдалану», «Ж. Бақшашылық және бау егіп өсіру», «З. Орман мен орман алқаптары» тармақшасында негізінен егін егілетін жердің көлемі, құнарлығы, егіннің мөлшері, одан түсетін өнімнің сапасы мен бағасы, жерді пайдалану тәртібі мен оны өндейтін құрал-саймандардың түрлері, егіннің түрлері мен оны сақтау ерекшеліктері, орманды алқаптар мен бау-бақшаларды өсіру тәртібі туралы 23 сұрақтан құралған.

Кезінде осы бағдарлама мен бланкілермен танысқан А. Кауфман: «Бұл бағдарлама мен бланкілерде тек бір ғана теориялық білгіштіктен жазылған дейтіндей бір де бір сұрақ жоқ деуге болады, әрбір рубрика, статистикалық экспедицияның міндетіне жүктелген таза практикалық мәселелерді шешуге тура немесе жанама болсын материал береді, әрбір сұрақ және әрбір графа қырғыздардың (қазақтар) жер пайдалану нормасын анықтауға, не олардың шекараларын айқындауға, немесе өңірдің табиғи-тарихи сипатын... анықтауға қызмет етеді», - деп жоғары бағалаған болатын.

Экспедиция мүшелері халық санын анықтаумен айналысқанда олардың жыныс, жас ерекшеліктерін де ескеріп отырған болатын. Зерттеушілер қазақтардың жасын анықтағанда олар өздерінің жасын 12 жылдық мүшелмен қанша мүшел өмір сүргенін, жыл санау бойынша қай жылы (тышқан, сиыр, барыс, қоян, үлү, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз) туылғанын

айтып отырған. Тіркеушілер осы мәліметтердің негізінде олардың жас мөлшерін анықтап алған.

Сонымен қатар, «ҚЖПМ» халықтың тұрмысы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, этнографиялық мәліметтер көптеп кездеседі. Мәселен сол кезеңдегі некеге байланысты деректе: «Неке үйленетін екі жақтың ерікті ықыласымен анықталмады, әйелге белгілі құны бар қалым төлеумен анықталды», - деп кімнің жағдайы мен жинағаны болса, сол үйленді деп қорытындылаған. Ал үйлену кезінде қыз бен жігіт екі бөлек рудан және 7 аталық ұстанымды ескеру қажеттілігі де айтылған. Сондай-ақ қазақтар арасында 2-3 әйел алу кездесетіні және оған ислам діні шек қоймайтындығы да тілге тиек етілген. Бұл ретте әйел мен ердің үй шаруашылығындағы міндеттері, әйелдің ауыр тұрмысы да біршама талданған.

Қазақтың киімі, киіз үйі мен ондағы заттар, киіз бен кілем, ыдыстардың түрлері де жақсы суреттелген.

Зерттеушілер әскери-топографиялық бөлімнің осы өңірлерді екі, бес верстік масштабта түсірген карталарына сүйеніп және қажетті аудандарды топографтар арқылы схемалық карталарға түсіріп отырды. Бұл материалдар статистерге уездерді табиғи-тарихи суреттеуі үшін қажет болды.

Ф. Щербина бағдарламаға сәйкес өндірісте мынандай іс-шараларды атқарды: 1. Қырғыз (қазақ) халқын жалпы шаруашылық санаққа алды, бұл жаппай тұрғындар мен малды, шаруашылықты есепке алып, соның негізінде қырғыз қауымының әртүрлі жайылымдарының көлемі мен олардың бұл жерлерді қай уақыттан бері пайдаланатынын анықтауға мүмкіндік берді; 2. Бюджеттік есеп жасалынды, ол орташа қырғыз (қазақ) отбасына қажетті азық-түлік және басқа да керектерін анықтауға және оларды қанағаттандыратын тәсілдерді айқындауға мүмкіндік берді; 3. Табиғи-тарихи жағдайларын зерттеу: өлкенің рельефін, топырақтың ерекшелігін, су көздері мен орман мен тоғай өсімдіктерін зерттеді. Бұл шараларды атқаруда:

а). Зерттелген әр уездің жер көлемін бөлек аудандарға бөлді, олар қыстық (қыстау), көктемдік және күздік жайылымдар (күзеу) және жаздық жайлауды құрады;

б). Аудандарды жалпы сапалық белгілеріне қарай бірнеше топтарға бөлді;

в). Әрбір топқа бір жылда бір бірлік (единица) мал басын (жылқыға айналдырғанда) асырауға қажетті жер мөлшерін анықтады;

г). Уезд бойынша қырғыз (қазақ) шаруашылығындағы орташа мал бірлігінің санын бекітті;

д). Уездегі орташа шаруашылыққа қажетті жер нормасын бекітті;

с). Аудандардың әрбір тобы мен қауымына қажетті жер мөлшерін санаққа алды;

ж). Қырғыздардың (қазақтардың) экспедиция жұмыстарына дейінгі және кейінгі жер мөлшерлерін салыстыру арқылы, нәтижесінде әрбір аудандағы артық және қажетті жерлерді анықтап шығарды.

Зерттеу экспедициясының әдіс-тәсіліне, негізгі принциптеріне тоқталар болсақ, бұл ең алдымен алдын-ала бір уезді зерттеп, бақылап көруден басталды. Зерттеушілерге алдын-ала жиналыс өткізіліп, онда зерттеудің мақсаты мен

міндеті, негізгі әдіс-тәсілдер мен нұсқаулары түсіндіріліп, әрқайсысына жұмыс бөліп беріледі. Экспедицияны 2-3 партияға бөліп, әр партияның басына бір агрономдық білімі бар статист маманды басшылыққа бөліп береді. Партияның өзі кішігірім партияларға бөлініп, оларға да бөлек меңгерушілер тағайындалады. Әр партияға аудармашы, 2 тіркеуші, есепке алушы, топографтар бөлінеді.

Олар арнайы бағдарламаның негізінде зерттеу бланкілерін жасап, арнайы типографиядан шығарып, соның негізінде жергілікті тұрғындарға сауалнама жүргізеді. Бетпе бет әрбір адамнан аудармашылар арқылы сұрауларға жауап алады. Топографтар жергілікті территорияны схемалық карталарға түсіріп, алынған мәліметтерді статистер талдап, кестемен салыстырып шынайылық деңгейін анықтап, жинақтады. Ал ботаниктер мен гидротехниктер өңірдің табиғаты мен өсімдіктерін, суы мен топырағын зерттеп табиғатын және ауа-райын сипаттап берді.

Ф.А. Щербина бұл зерттеуде воронеждік іс-тәжірибесін негізге ала отырып, орташа көрсеткіштер базасын жасайды. Онда ол малды жылқымен есептейді. Мәселен, Ф. Щербина қазақ шаруашылығына қажетті жер нормасын былайша есептеп шығарды. Ол қазақтардың орташа отбасына біріншіден, қажетті мал басын 6 қой = 1 жылқыға теңестіріледі, екіншіден, әрбір мал басына қажетті әртүрлі жайылымдардағы десятина жердің көлемін анықтап алуды, содан кейін екеуін көбейту арқылы әрбір орташа қазақ отбасына қажетті жер мөлшерін шығаруды ұйғарды.

Төмендегі кестеде қазақ халқының экспедициялық зерттеулерге дейінгі, зерттеулерден кейінгі және де 1901 жылғы заңға сәйкес орын алған өзгеріс бойынша иеленуге қалдырылған жер мөлшерін есептеп шығарылуы көрсетілген. Бұл кестеде Ресей империясының қазақтардың жерін пәрменді түрде отарлауы анық көрініс тапқан.

Кесте 8 - 1896-1908 жж. жер мөлшерін есептеу мен өзгерістер енгізу жөнінде

Экспедицияға дейінгі жер көлемі мен өзгерістер	Экспедициядан кейін қазақтарға қалдырылған жер	Экспедициядан кейін қоныс аудару қорларына қалдырылған жер	1 орташа шаруашылыққа қажетті жер нормасы
45.889.000 дес.	23.297.000 дес	22.592.000 дес.	187 дес.
100 %	51 %	49 %	138-261 дес. аралығында
1901 ж 5-наурыздағы №11 циркулярдан кейін қазақтарға қалдырылатын жер 25 % өседі	$23.297.000 + 5.824.000 = 29.121.000 \approx 63\%$ десятина	$22.592.000 - 5.824.000 = 16.768.000 \approx 37\%$ десятина	234-555 десятина
1904-1908 жж. қайта зерттеу экспедициясынан кейін			70-210 дес. \approx 36-57 % азайды

Жоғарыда көрсетілген кестеден екі деректің мәліметін салыстыру арқылы экспедицияның мәліметі шындыққа жақын келеді деп тұжырымдауға негіз береді. Өйткені, экспедицияның пайдаланған статистикалық әдістемесі индивидуальді сұрау арқылы жүргізілген неғұрлым объективті мағлұматтар береді, ал ресми есеп жалпы есептеумен ғана шектелген болатын.

1 орташа отбасына қажетті жер мөлшері = $xЧy=z$

Мұндағы x —орташа отбасына қажетті мал саны = 24 (жылқыға айналдырғанда); y = бір бас малға 12 айда қажетті жер көлемі (десятинада); Осы шыққан сандарды көбейту арқылы қажетті жер «нормасы» шығарылды.

Жалпы Ф. Щербина басқарған 7 жылдық зерттеу жұмыстары Ақмола облысының – Көкшетау, Атбасар, Омбы, Ақмола, Петропавл уездері, Семей облысының – Павлодар, Қарқаралы, Зайсан, Өскемен, Семей уездері және Торғай облысының – Қостанай, Ақтөбе уездерін қамтыды.

Деректің пайда болуына әсер еткен сыртқы факторлар мен туындаған қиындықтар деректің объективтілігі мен шынайылығына әсер ететіні хақ. Өз кезегінде Ф. Щербина зерттеу жұмыстары кезіндегі туындаған қиыншылықтар мен кемшіліктерді де атап көрсетті. Оның ішінде:

1. Жердің кеңдігі, көшіп-қонуға көп уақыт пен күш қажет етті;
2. Зерттеушілердің қазақ тілін білмеуі, ортада үшінші (аудармашы) адам арқылы сұрау жүргізуді талап етті;
3. Зерттелінетін өңірдің белгісіздігі; Бұл мәселелердің әрқайсысы және барлығы қосылғанда шын мәнінде жұмыстың тез аяқталуын тежеді, - деп көрсеткен болатын.

Кесте 9 - Мал саны жөнінде ресми есеп пен экспедиция материалдарының көрсеткіштерін салыстыру жөнінде мәлімет

Мал түрі	Ресми есеп бойынша (1896 ж. 1-қаңтар)	Экспедиция мәліметтері бойынша (1896 ж)	Экспедицияның мал санын көбейтіп көрсетуі	Экспедицияның мал санын % көбейтіп көрсетуі
Жылқы	99.024	185.527	86503	87,5 %
Мүйізді ірі қара	45.500	105.532	60032	131,9 %
Түйе	244	646	402	164,7 %
Қой	94.566	239.064	144498	152,8 %
Ешкі	10.234	66.967	55733	554,8 %
Барлығы	249.568	597.736	348168	139,5 %

«ҚЖПМ» дерегінің 12 томы сәйкесінше 12 уездің зерттеу қорытындысы (Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Семей, Павлодар, Қостанай, Қарқаралы, Ақтөбе, Зайсан, Өскемен, Омск, Петропавл уездері) және 13-қосымша томнан тұрады. 13-томның құрылымы әлдеқайда өзгеше, онда жалпы бюджеттік сипаттамалар берілген. Бюджеттерге арналған мәліметтер арнайы П. Волкованың көлемді мақаласында талданған болатын.

Деректің жалпы құрылымы бастапқы экспедицияның бағдарламасында қарастырылған мәселелерге сай келгенімен, әр облыс пен уездің өзіне тән ерекшелігіне сай деректің құрылымы өзгеріске ұшырап отырды. Мәселен, қажетті жағдайларда жаңа кестелер қосылып немесе мәтінде бұрын қаралмаған тақырыптар да әр өлкенің өзгешілігіне сай дерекке қосылып отырған.

Жинақтарды құрастырушылар әр уездің құрамындағы болыстықтар мен әкімшілік ауылдарда тұратын әрбір шаруашылық ауыл туралы әлеуметтік-

экономикалық сипаттағы деректермен қатар, сол ауылдарда тұрып жатқан отбасыларға қатысты шежірелік материалдар береді. Бұл жинақтардағы шежіреге қатысты материалдардың өзі сан-салалы болып келеді. Оларға әр уездегі қазақтардың шығу тегі туралы кестелер, әр ауыл бойынша құрастырылған статистикалық мәліметтер және олардағы ауыл ақсақалдарының ру-тайпалары, әрбір қауым бойынша жасалған кестеге түсіндірмелер, сондай-ақ әр уездің қысқаша тарихи географиялық очеркіндегі ру-тайпаларға қатысты мәліметтер жатады.

«ҚЖПМ» дерегі әр жылдары жарық көрген 500-700 бет көлемі бар томдықтар. Бұл деректің кітап болып шығуында да көптеген қиындықтар туындап, жұмыстың тез жарық көруіне кері әсерін тигізді. Сондай-ақ типографиялық базаның болмауы, қаржының тапшылығы, біліктілігі жоғары мамандардың жоқтығы да өз әсерін тигізді. Және де дерекке қажетті материалдардың жарым-жартылай немесе мүлдем дайын болмауы да деректің басылып шығуын тежеді. Кейбір томдары уақыттың тығыздығынан асығыс басылып шығарылды. Осы олқылықтардың нәтижесінде 1903 ж. аяқталған экспедицияның материалдары 1909 ж. дейін созылып, «ҚЖПМ» әртүрлі қалаларда басылып шығарылды. Сондықтан да бұл деректі пайдаланған зерттеуші осы олқылықтар мен кемшіліктерді ескеруі қажет деп ойлаймыз.

Сыр-Дария облысындағы статистикалық зерттеу алдын-ала бақылау жұмыстарының негізінде жүзеге асты. Мұнда Далалы облыстарда Ф. Щербина жасаған бағдарлама мен әдістеме пайдаланылды. Осы бақылаудан кейін Ф. Щербина бағдарламасының мал шаруашылығына қатысты мәселелерін ешбір өзгеріссіз Сыр-Дария облысында пайдалануға болатындығы, ал жерді пайдалануға қатысты сұраулары мүлдем Түркістан өңірінің ерекшелігіне сай келмейтіндігі анықталды.

Түркістан өңіріндегі негізгі ерекшелік климаттық жағдайға байланысты болғандықтан егін шаруашылығымен айналысу үшін суармалы арықтар мен каналдарды пайдалану қажеттігі болды. Екінші бір ерекшелігі өлкеде диқаншылық кәсібі жақсы дамыған еді. Бұл өңірдегі қазақ халқының жер пайдалану ерекшелігі туралы «Журнал совещания о землеустройстве киргиз» деп аталатын мерзімді басылымда «Түркістан көшпелілерінің (қазақтары) шаруашылығы мен жерді пайдалану тәртібі бойынша Далалы облыс қазақтарынан өзіндік ерекшеліктері бар. Түркістандағы жер өңдеудің негізін қолдан суару құрайды. Жерді суару түрлі өндірістік және қоректік өсімдіктерден жақсы өнім береді», - деп жазылған болатын. Сондықтан да зерттеу бағдарламасында егін шаруашылығына қатысты бірқатар өзгерістер енгізіліп, ал мал шаруашылығына қатысты кейбір сұрақтар қысқартылды.

Статистикалық партиялардың қазақтардың жалпы шаруашылық жағдайын сипаттайтын бағдарламасы төмендегідей мәселелерден тұрды:

1. Рулық бастама;
2. Шаруашылық ауылдардың тарихы;
3. Суару;
4. Жер пайдалану формалары;
5. Мал шаруашылығы;

6. Пішен шабу;
7. Бақшашылық пен бау өсіру;
8. Орманды алқаптар;
9. Жерді жалға беру;
10. Кәсіп пен жалақы;
11. Алымдар мен салықтар;
12. Қазақ отбасының ерекшелігі;
13. Ортақ шаруашылық істер;
14. Сауда;
15. Несие;
16. Тұрғындардың қажеттілігі;
17. Жер өңдеу;
18. Табиғи жағдайы.

Бұл бағдарлама 18 негізгі мәселелерден тұрды. Оның ерекшелігі «Суару» мәселесі Ф. Щербина жасаған 17 тараулық бағдарламада кездеспейтіндігінде болды.

Зерттеу партиялары мынандай әдістеме арқылы жүргізілді:

1. Аулалық карточкалар құрастырылды. Оның мазмұнына тұрғындардың саны, үйлер мен құрылыстардың, жалдамалы жұмысшылар, ауылшаруашылық инвентарь, мал, егістік пен пішен шабу, тұрғындардың кәсібі мен дақылдар, жануарлардың өнімдерін пайдалануға қатысты сұрақтармен кішігірім сұраулар да орын алды.

2. Малдың қыстық жем-шөбін есепке алу карточкасы барлық тіркелген шаруашылықтың 10% ғана құрылды. Мұнда малдың байлауда тұрған күндерінің саны мен оған қажет жемнің мөлшері туралы мағлұматтар енгізілді. Бұл мәліметтер пішен мөлшерін шығаруға негіз берді.

3. Ауылдық бланкілер құрастырылып, оның мазмұнында қыстаулар жанындағы су көздері мен оның мөлшері, суару жүйесі мен топырақ, егістік, су мен жерді пайдалану, суармалы және суарылмайтын егістіктегі егін, көшіп-қону, жайлау туралы сұраулар орын алды. Мұндай ауылдық бланкілер шаруашылық ауылдың негізгі поселкелік түріне пайдаланылды.

4. Қауымдық бланкілер мал шаруашылығымен айналысатындардың жерді пайдалану тәртібін анықтау үшін құрылды. Онда ортақ жайылымдарды пайдалану тәртібі, көшіп-қону барысы, жайлау, күзеу және жайылымдарды арендаға беру секілді сұраулар орын алды.

5. Қазақ шаруашылығының құрамы мен жылдық айналымын анықтау үшін бюджеттік бланкілер құрастырылды. Мұнда барлығы 59 бюджет құрылды. Ол бланкілерде әрбір сұрақ деталді түрде кішігірім сұраулардан тұрғандықтан нәтижесінде нақты ақпараттар алынды. Осы мағлұматтардың негізінде орташа қазақ отбасының сұранысы мен оларды қанағаттандыратын жолдар мен тәсілдер анықталып отырды.

6. Өлкенің табиғаты мен тарихын сипаттайтын бланкілерде өңірдің ауа-райы, су ресурстары мен жер қабатының рельефі, топырағының құнарлығы мен өсімдіктері туралы мәліметтер жинақталды.

Зерттеудің барысында топографтар қазақ жерлерін 1 верстік масштабта картаға түсіреді. Әсіресе, әртүрлі қауымдардың жер пайдалану шекараларын, арықтар мен қыстауларды, жолдар мен егістіктерді, тау-тастарды суретке түсірді. Бұл карталар уездерді райондарға бөлу үшін ыңғайлы және жайылымдар мен өзен-көлдерді айқындап, шаруашылыққа қолайлы жерді анықтау үшін қажет еді.

Бұл деректің әр томының ішкі құрылымында 1) мәтін (қара сөз), 2) кестелер (статистикалық), 3) карталар міндетті түрде кездеседі. Деректің мәтіні бір бағдарламаның негізінде жоспарланғанымен, бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі құрылымда жазылған. Мұнда әр уездің тарихи сипаттамасы, жер пайдалануы, территориясы, географиясы мен табиғи ерекшелігі, ру-тайпалардың орналасуы мен көшіп-қонуы, ру-тайпалар кестесі, уездердің шаруашылығы мен басқа уездерден ерекшелігі туралы жазылған. Содай-ақ, әр томның мәтінінде міндетті түрде жер пайдалану формалары, жер өңдеуі, мал шаруашылығы, қолөнері, аренда және уездердің тарихы беріледі. Әрине, деректе кездесетін мазмұндық сәйкессіздіктер біздің ойымызша әр уездің өзіндік ерекшелігіне және мәтін авторына байланысты болған.

Жалпы «ҚЖПМ» дерегінің барлық томдары тек жеке бір ғана адамдың еңбегі емес, ол экспедицияға қатысушы барлық қызметкерлердің ұжымдық еңбектерінің жемісі. Алайда ұжымның жинаған материалдарын талдап, оның нақты нәтижесін дерекке енгізу ісін Ф.А. Щербина, Л.К. Чермак, Добровольский, В. Кузнецов, П. Скрыплев, И. Рылов, П. Хворостанский сияқты зерттеуші-статистер өздерінің міндеттеріне алған еді.

Экспедиция материалдарының ең маңызды бөлігі деректің бас жағында «Алғы сөз» (Предисловіе) деп аталатын кіріспесінде. «Алғы сөздің» маңыздылығы онда әр уездің өзіне сай ерекшелігі басшылыққа алынып, жүргізілген барлық зерттеу жұмыстары, олардың әдіс-тәсілдері, әдістердің өзгеруі, экспедиция құрамы, зерттеу барысында кездескен қиындықтар мен оқшылықтар, деректің мәтінін құрастырушылар мен зерттеушілер және т.б. мәліметтерді анықтау үшін құндылығы зор. Бірақта «Алғы сөздің» өзі әр томда көлемі, мәлімет беру сипаты, ішкі мазмұны мен құрылымы бір-біріне ұқсамайды. Өйткені, оны құрастырушы авторлардың өзі әртүрлі зерттеушілер болды.

Жалпы табиғаты мен географиясын, жер қыртысын зерттеуде экспедиция мына тәртіп бойынша жұмыс жасайтын:

1. Барлық экспедицияның мүшелері мен қоныс аудару ісінің меңгерушісі зерттелінетін жердің барлығына ортақ белгілі бір жерінде жиналады.

2. Экспедицияның басталу мерзімі әр облысқа бөлек-бөлек шығарылады. Мәселен, Ақмола облысы үшін 15 мамыр болса, Торғай-Орал, Сырдария облыстарында 1 мамырда белгіленеді.

3. Экспедицияның аяқталу мерзімі күзгі, зерттеуге қолайсыз уақытта тоқтатылуымен анықталады.

4. Экспедиция мүшелерінің тізімін (жер өлшеушілер, ботаниктер, астрономдар мен олардың көмекшілері) қоныс аудару басқармасының бастығы бекітеді, ал топографтарды аймақтың меңгерушілері бекітеді.

5. Жұмыс жоспарында көрсетілген қаржыдан артық қаржы жұмсалмайды. Экспедицияның құрамын басқарманың рұқсатынсыз ешкім көбейте алмайды.

6. Қаражаттың қалдықтарын экспедиция меңгерушілері басқа нәрсеге жұмсамауы қажет.

7. Қаржы тек қана қажетті жерге жұмсалып, сәйкесінше құжаттармен нақтылы дәлелденіп отыруы қажет. Экспедиция жетекшісі экспедиция мүшелерінің зерттеу операцияларына ғана қаражат жұмсауы керек.

8. Барлық жоспардан тыс шыққан шығынды сол шығындаушының қалтасынан төлеуі тиісті.

Деректің бірінші тарауында әрбір зерттелінетін уездің табиғаты мен географиясы туралы толыққанды мағлұмат алуға болады. Онда уездер мен болыстардың көлемі, шекаралары, жер-су аттары, өсімдіктері мен жануарлары, ауа-райы туралы ғылыми сараптамалар жасалынған.

Көптеген географиялық атаулар өткен ғасырларда халық өмірінде кеңінен қолданыс тапқан, қазіргі кезде басым көпшілігі ұмытылып, өз орнын жоғалтып алды. Кейбір тарихи жер-судың атауы орыс переселендер көшіп келгеннен кейін орыс тіліне аударылып, мүлдем жойылды. Оларды қалпына келтіру үшін сол кезеңдегі жасалған еңбектерге талдау жасау аса маңызды болып табылады. «ҚЖПМ» өте көп тарихи жер-су атауларын кездестіруге болады. Олардың көбі жойылғанымен, біразы бүгінгі күнде де қолданысқа ие. Мәселен, Ф. Щербина экспедициясы зерттеген Семей облысы, Павлодар уезіне арналған деректегі топонимдерді талдай келе, зерттеушілер онда жайлау, қыстау, сай, өзен, құдық атаулары көптеп кездесетіндігін негіздеген. Негізінен дерек мәліметіне сүйенсек Семей облысында 5 уездің жалпы көлемі 422246,2 кв. верст, соның ішінде Павлодар уезі – 103788,2 кв. версті алып жатыр. Ол шығысында Алтай таулы округімен, солтүстігінде Том губерниясының Қайын уезі мен Ақмола облысының Омбы уезімен, батысында Ақмола және оңтүстігінде Семей мен Қарқаралы уездерімен шектеседі.

Деректе «Павлодар уезінің қырғыз жерін пайдалану және жайылымдық аудандар картасында» (масштабы 15 верст) 180-ге жуық географиялық нысандардың қазақ тілінде атаулары бейнеленіп, нақты көрсетілген. Ал есеп беру бөлімінде 3363 топонимдер тізімі жазылған кестесі құрастырылған.

Зерттеушілер Павлодар уезінің физикалық-географиялық жағдайларына сипаттама бере отырып, географиялық атауларды ұқыптап жинақтап, ауылдыр бойынша статистикалық мәліметтер кестесінде бір жүйеге келтірген.

Бұл кестеде әр болыстың ауылдар саны, әрбір ауылда қай рудың өкілдері тұратыны, ауыл қандай қоныстың не құдықтың маңайында орналасқандығы, су көзі сияқты ақпараттар ұсынылған. Бірақ ауылдардың, қыстақтар мен жайлаулардың атаулары берілмей, олар белгілі бір нөмір арқылы тіркелген және болыстың есімімен аталған.

Қазақтардың әрбір жерге, ұсақ болсын, не ірі болсын әрбір географиялық нысанға оның ерекшелігін тауып, оған сипаттама бере алатын сәйкесті атау берген. Қазақ халқының географиялық нысандарға атау қоюы оның физикалық-географиялық көрсеткіштерін бейнелеу мысалы болып табылады.

Рулардың таралуына назар аудару топонимиялық заңдылықтарының бірін ашу болып табылады. Сондықтан Ф.А. Щербина рулық қауымдастықтарының орналасуына сипаттама беру географиялық атаулардың таралуын зерттеуде көмек көрсетеді. Өйткені, көптеген жер-су аттары сол жерді қоныс ететін рудың атауына байланысты қойылады.

Қазақтардың жер-су атауларында нысанның сипаттамасын көрсететін индикатор-терминдер орын алады. Олардың бірқатарына зерттеуші мамандар анықтама берген болатын.

Ф. Щербина жинаған «ҚЖПМ» кездесетін топонимдердің түрлері комоним, лимпоним, потамоним, микрогидроним, гелоним деп бөлуге болады.

Дерек көзін талдауда бір ғана Павлодар уезінің Ақкелін болысында – 377, Ақкөл – 189, Ақбеттау – 182, Ақсу - 105, Алқакөл - 108, Алтыбай - 145, Атағөзы - 229, Баянауыл - 292, Далба - 235, Қарамола - 340, Қызылағаш - 157, Қызылтау - 239, Маралды - 150, Тереңкөл - 177, Ұрық - 161, Шақшан - 277, ал барлығын қосқанда 3363 атау кездеседі екен.

«ҚЖПМ» дерегінің екінші бөлігі кестелерден (таблицалар) тұрады. Кестелер әр томда міндетті түрде кездеседі. Сонымен қатар, әр бір зерттеуге ұшыраған уездің өзіндік ерекшелігіне сай басқа да кестелер қосылып отырған.

Төмендегі 10-кестеде «ҚЖПМ» дерек көзінде кездесетін кестелердің түрлері, әрқайсысының ерекшеліктері көрсетілген.

Кесте 10 - «ҚЖПМ» дерегінде кездесетін статистикалық кестелердің түрлері

«ҚЖПМ» дерегіндегі кестелердің түрлері	Кестелердің ерекшеліктері мен онда сақталған мәліметтер
Ауылдық кесте	Әр болыс бойынша ауылдардың, қыстаулардың атауы, сол жерлерге қашаннан бері қоныстанған, ру басшыларының аттары, тұрғындар(әйелдер, ерлер) саны, тұрғын үйлер саны, шаруашылықтар, малшаруашылығы (жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі) мен саны, егін егетін жерлер мен дақылдар туралы статистикалық мәліметтер сақталған.
Қауымдық кесте	Қауымға кіретін ауылдардың шаруашылығы, мал, жер өңдеу, аренда, тұрғындар саны туралы статистикалық мәліметтер.
Аймақтық кесте	Тұрғындардың жас ерекшелігіне байланысты саны, сауаттылар, оқып жүргендер саны, мал шаруашылығы мен жерөңдеу туралы статистикалық мәліметтер.
Шаруашылығы жөніндегі кесте	Шаруашылық топтар, олардың жалпы саны, жалдамалы жұмысшылар, мал шаруашылығы, қажетті сүт, жүн, ет, үн мөлшері, жер өңдейтін құралдар саны, колөнер туралы мәліметтер.
Уездердің ерекшелігіне сай жасалған кестелер: қосымша, жалпы мәліметтер.	Әр зерттелініп жатқан уездің спецификалық ерекшелігіне сай қосымша жасалған кестелер.
Ру-тайпалардың кестесі: а). Зерттеліп жатқан уездерге көшіп келетін қазақ руларының кестесі; б). Уездегі жергілікті ру-тайпалардың кестесі.	а). Зерттеліп жатқан уездерге көшіп келетін ру-тайпалардың атаулары мен олардың шежіресі беріледі; б). Уездің әр болысы мен ауылдарында орналасқан ру-тайпалардың атаулары, шежіресі беріледі.

Бұл кестелер жер өлшеушілер мен статистиктердің белгілі бір практикалық міндеттерін жүзеге асырудағы қажеттіліктерінен туындаған. Сондықтан деректе бір-біріне ұқсамайтын кестелер де кездеседі. Мәселен, ауылдық кестелерде 78 сұрақ, онда негізінен шаруашылық ауыл, қыстау орналасқан жер, соңғы ру басы, ауылға қанша жыл, су көздерінің атауы, халқы жас және жыныс ерекшеліктеріне сай, тұрғын үйлері, өнеркәсібі, мал шаруашылығы мал түрі мен жас мөлшеріне сай, егістік сияқты сауалдардан тұрды. Ру-тайпалардың

қоныстануы, территориясы туралы мәліметтерді осы ауылдық кестелерден алуға болады.

Мәселен, деректе ол туралы: «Более подробные сведения о времени заселения уезда и различных волостей его дают поаульня таблицы статистических сведений настоящего издания; в них против каждого аула поставлена цифра, показывающая сколько лет или поколений прошло со времени основания зимовки на данном месте», - деп әрбір ауыл мен болыста қоныстанған рулардың қанша жыл бұрын көшіп келгендігі туралы мәліметтер сақталынған.

Район бойынша аймақтық кестеде 149 сұрақ бар. Онда: жылқы мен түйе санына байланысты шаруашылық топтар, халқы, тұрғын үйлері, жұмысшылар, мал, етт пайдалану, ұнды пайдалану, егістік, пішен шабу, өнеркәсіп деген сұрақтардан тұрды.

Қауымдық кесте 65 сауалдан тұрды. Оның ауылдық кестеден айырмашылығы сол, онда ауылдар қауымдарға топталып, есептелген. Негізінен кестелерде статистикалық материалдар сақталған. Статистикалық ақпарат ең алдымен жинақталады (анкета, сауалнама, карточкалар арқылы), одан кейін өңдеу және талдау жұмыстары жүргізіледі. Ол жұмыстар бірыңғай принцип, ортақ бағдарлама мен методологияға негізделіп жүргізіледі.

Комбинациялық кестелер шаруашылықтағы жылқы саны мен егілетін жер көлемінің топталып есептелуімен де ерекшеленеді. Бұл негізінен мал және егін шаруашылығын қатар қолданған аудандарда көп қолданылған кестенің түрі.

Қосымша кестелерде ортақ пайдаланудағы тұрақтар туралы 20 сұрақтан тұрады. Онда тұрақтың атауы, ол тұраққа келетін ауылдар мен болыстардың атаулары, аялдау кезеңінің уақыты, тұрақтау уақыты, су көздері және т.б. сұраулар.

Деректегі «Алфавитный указатель киргизских терминов вошедших в примечания к общинно-аульным группам» деп аталатын бөлімде қазақтардың қолданысындағы және аударылмайтын терминдерге түсініктеме берілген. Онда Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама, арғымақ, арқан, арық, атайды, ат-майын, бәйбіше баласы, жайлау, жатақ, жерошақ, жұт, енші, ерулік, қазы, киіт, қойбөлек, қонақасы, күзеу, қыстау, бейіт, соғым, тоқал және т.б. барлығы 64 сөзге орысша түсіндіріп, ол сөздердің түбірі мен қосымшалары қандай мағына беретінін түсіндіріп өткен. Сонымен қатар онда қазақтардың мақал-мәтелдері де берілген. Мәселен, «Ат биеден, ер анадан туады».

«ҚЖПМ» кездесетін карталардың деректік маңызы өте зор. Олар тарихи деректердің ішінде ерекше әрі әлі де зерттелмеген дерек түріне жатады. Оған бөлек аймақтар мен облыстар, уездер, қалалар және белгілі бір территорияның картасы жатқызылады. Қазақ жерлерін зерттеген экспедиция мүшелерінің ішінде арнайы уездер мен болыстарды картаға түсірген топографтар болды. Бұл экспедицияда олардың рөлі өте зор еді. Деректегі карталарды 1) ру-тайпалардың орналасу картасы; 2) уездердің жалпы картасы; 3) зерттеліп жатқан уездегі болыстар мен ауылдардың картасы деп бөліп қарастыруға болады. Қазақстанның сол кезеңдегі территориялық бөлінісін, ру-тайпалардың қоныстанған жерлерін анықтау үшін бұл карталардың маңызы зор еді. Деректің

мазмұнында бар деп көрсетілген картаның түрлері жоғалып, сақталмағандығын да атап өту қажет. Мәселен, ру-тайпалардың орналасу картасы Қарқаралы, Өскемен, Омбы уездеріне қатысты сақталынған.

Жалпы деректің мазмұнына тоқталатын болсақ, ол шартты түрде төмендегідей құрылымнан тұрады:

1. Алғысөз;
2. Қысқаша табиғи-тарихи очерк: халқы;
3. Қырғыз (қазақ) шаруашылығы: мал шаруашылығы; егін шаруашылығы;
4. Қазақтардың жер пайдалану нормасы;
5. Қосымшалар;
6. Ру-тайпалар кестесі;
7. Қазақтардың жерді пайдалану картасы;
8. Кестелер (ауылды, қауымдық, топтық және т.б.);
9. Қазақтардың жер пайдалану нормалары туралы түсіністеме.

Жоғарыдағы деректің құрылымы шартты деп отырғанымыз, «ҚЖПМ» көптомдық және ол әртүрлі уақытта, әртүрлі редактордың, әртүрлі баспаның басып шығарған дүниесі болғандықтан, онда қосымша тараушалар немесе кейбір мәселелер жоқ болуы мүмкін. Бірақта біз ұсынып отырған құрылым көпшілігінде кездеседі.

Осылайша 1896-1903 жж. Ф. Щербина, 1904-1912 жж. П. Хворостанский, 1906-1913 жж. П. Скрыплев басқарған зерттеу экспедициясының нәтижесінде «ҚЖПМ» 27 томнан тұратын дерек көзі пайда болды. Бұл Ресей империясының Қазақстан жерін отарлау мақсатында жүргізілген зерттеудің нәтижесінде пайда болған деректен тек қана қазақтардың жер пайдалануы туралы мәліметтерді ғана емес, басқа да жанама фактілерді де алуға болады. Жалпы «ҚЖПМ» ХІХ ғ. соңы - ХХ ғ. басындағы бүкіл қазақ қоғамын жан-жақты сипаттауға, нақты сол кезеңдегі тарихи жағдайларды талдауға қомақты үлес қоса алатыны анық.

Қорыта келгенде, «ҚЖПМ» жинағында жалпы қазақ жерінің географиялық орналасуы мен жер бедері, табиғаты, қазақтардың кәсібі, шаруашылығы, ру-тайпалардың атауы, орналасуы мен жері туралы құнды-құнды дүниелер бар. Онда таблица, қосымшалар мен карталар өте көп. «ҚЖПМ» жинағында статистикалық материалдардың құндылығы жоғары. Ол қайталанатын (массовые источники) деректерге жатады. Қайталанатын статистикалық деректердің шынайылығы туралы мәселе ерекше қойылады. Мұндай ақпарат әр түрлі өлшемдер қорытындысында алынған жағдайда, бұл проблеманы шешу сол өлшемнің жүргізілу принциптерін, методикасын және техникасын айқындау арқылы жүреді. Мұндай деректің шынайылық дәрежесін бағалау кезінде, өлшем арқылы алынған сандық көрсеткіштердің дәлдігі туралы қорытынды жатады. Кей жағдайда арнаулы математикалық-статистикалық тәсілдерді пайдалануды қажет етеді.

«ҚЖПМ» өздерінің зерттеулерінде кеңінен қолданған «Алаш» тарихи – зерттеу орталығы: «Жалпы қорыта келе айтарымыз, ХХ ғасыр басында жарық көрген бұл статистикалық зерттеу жинақтарындағы ру-тайпалар шежіресіне қатысты материалдардың қазіргі күнде ғылыми құндылығы өте жоғары. Жинақты құрастырушылар бірнеше жыл бойы әр уездегі қазақтардың рулары

мен аталықтарын арнайы түрде қарастырады. Оларға мәлімет берушілер әр ауылдың ру басы немесе рудың шежіресін өте жақсы білетін ақсақалдар болғандықтан жинақтағы мәліметтерді бірден-бір дұрыс деректер деп есептейміз. Болашақта да бұл материалдар әрбір зерттеушінің осы мәселелер бойынша назарынан тыс қалмайды деген ойдамыз», - деп атап өтіп, жоғары бағасын берген.

«ҚЖПМ» жинаған зерттеушілердің пайдаланған әдіс-тәсілдері кейінгі статистерге үлгі болып, олар осы жинақты пайдалана отырып өз зерттеулерін жүргізген болатын. Осы дерекпен қатар жинақталған әр облысқа арналған «Обзор» деп аталатын статистикалық материалдардың өзі сол кезеңдегі қазақ қоғамының шаруашылығына байланысты мәлімет бергенімен, ру-тайпалық құрылымына қатысты мәлімет бере алмады. Онда тек жалпы қазақтың, орыстың саны ғана беріліп отырды. П.Г. Галузо өз еңбегінде «Обзордағы» мәліметтердің жинақталу әдісі инструкцияны дұрыс пайдаланбаған жергілікті әкімшілік көптеген қателіктерге ұрынғандығын, ондағы мәліметтер тек жалпы сипаттама беруге ғана жарайтынын атап өткен болатын.

Біз «ҚЖПМ» «Обзор» мәліметтермен салыстыра отырып, «ҚЖПМ» мәліметтері әлдеқайда объективті мәліметтер беретіндігіне көзіміз жетті.

Қорыта келгенде «ҚЖПМ» қазақ халқының тарихынан жан-жақты мәліметтер беретін құндылығы жоғары дерек көздерінің кешенін құрайды. Ол Сырдария, Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстарындағы көптеген уездер мен болыстардың, ауылдардың тарихынан, экономикасы мен географиясынан шынайылығы жоғары мәліметтер бере алуымен де маңызы зор. Оның жинақталу әдістемесі, зерттеушілерінің құрамы мен білігі, пайдаланған ғылыми әдебиеттері мен сауалнамаға қатысты қолданған әдістері деректің объективтілігін жоғарылатып, ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының жағдайын шынайы бере алуымен де ерекшеленеді. Көптеген зерттеушілер экспедициялық тәсілмен жинақталған «ҚЖПМ» мәліметтері мен оның жинақталу әдістемесін өздерінің зерттеулерінде басшылыққа алған. Демек, студенттердің біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған дерек көзімен жұмыс істеу әдістемесін меңгеру, болашақта осы дерек көзін жан-жақты пайдаланып, ашылмаған қырларын тереңірек зерттейді деген сенімдеміз. Бұл деректе әртүрлі түрде сақталынған ақпараттарды кешенді түрде өзіне тән әдістермен талдау, өткен тарихымызды жақсы түсініп, шынайы жазуға жол ашады.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Патша үкіметінің қоныс аудары саясатының салдары.
2. ХІХ-ХХ ғғ. Қазақстанның жер мәселесі және статист-зерттеушілердің жерді өлшеу принциптері.
3. Статистикалық экспедициялар мен статистикалық деректерді деректанулық түрғыдан талдау әдістемесі.
4. Статистикалық деректерді пайдалану принциптері.
5. Статистикалық деректердің маңызы, құндылығы мен ерекшеліктері.

3 «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - XIX Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

3.1 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» дәстүрлі қазақ қоғамының этникалық, әлеуметтік құрылымы мен көшіп-қону тарихының дерек көзі.

Қазақ халқының Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі сақталып келген ру-тайпалық құрылымының тамыры тым тереңде жатқаны баршамызға мәлім. Десек те дәстүрлі рулық-тайпалық құрылым адамзат арасында жік тудырып, ұлтшылдыққа, жікшілдікке алып келеді деп тоталитарлық режим бұл мәселені тереңнен зерттеуге тыйым салды. Бүгінгі тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі жағдайда тарихымызды жанаша концептуалдық ұлттық тұрғыда зерделеудің қажеттілігі, бұл мәселені де зерттеу аясынан шығарған жоқ. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев «Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндеті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшелігін танытып әрі орнықтырып отырған, тағдыр тәлкегінде тегінен көз жұмып қалмауға және ассимиляцияға түспеуіне себепші болған», - деп әрбір қазақ өзінің шыққан тегін, ата-бабасын білуі қажеттілігін негіздеген.

Көшпелілер тарихын түбегейлі танып-түсіну үшін сөз жоқ, ру-тайпалар тарихы алдымен мойын бұрғызады. Зерттеушілер Т. Омарбеков пен Х. Ғабжалилов бұл ретте: «Расында да қазақ халқының тарихы рулық-тайпалық құрылымдармен тығыз байланысты екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қаласақ та, қаламасақ та бұл біздің ұлтымыздың тарихына тән сипат болып табылады. Тайпалық-рулық қауымдастық ерекшеліктері біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтардан бастау алып, кешегі XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы кеңестік дәуірдің берік орнығу кезеңіне дейін біздің ата-бабаларымыздың әлеуметтік, саяси-шаруашылықтық өмірімен тығыз, біте қайнасып, өрбіп, өрістеп келді. Бұл ғылымда дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Кеңестік тоталитарлық жүйе рулық қауымдастықты ғана емес, осы негізде өркендеген қазақ халқының өзіндік рухани болмысын, дәстүрлі шаруашылыққа негізделген күллі өмірін күйретіп жіберді», - деп айтқан болатын.

Кеңестік жүйеге дейін қазақтың әрбір руының өзіндік ата-қонысы, шаруашылықтық көшу жолдары, ел басқарған ру басылары болған. Бірақта қазақ халқының сол кезеңде өмір сүрген ру-тайпалар тарихы туралы толық әрі жүйелі жазылған еңбектер жоқтың қасы. Тек бүгінгі таңда өз ата-бабаларының төл тарихына ғылыми тұрғыда зерттеп, баға беруге кіріскен «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының қажырлы еңбегі мен ізденісінің арқасында біраз ру-тайпаларымыздың жүйелі әрі ғылыми дәйектелген еңбектері жарық көруде.

Қазіргі республикамыз дағдарысты кезеңді бастан өткеріп, қоғам өркениетті даму жолына түсіп келе жатқан жағдайда тарих ғылымы қожырап, дел-сал күйден қайта жанданып, өрлеу үстінде. Осындай ғылыми жаңғыру

республикалық “Алаш” тарихи-зерттеу орталығының жұмысынан да байқалады. Орталық “Қазақ ру-тайпаларының тарихы” ғылыми-зерттеу жобасының негізінде айтарлықтай ізденістер жүргізіп, қомақты нәтижелерге қол жеткізуде. Орталық ғалымдары мен қызметкерлері Кіші жүздің Жетіру бірлестігіндегі тайпалардың тарихын толығымен зерттеп, бірнеше том еңбектер даярлады. Зерттеулер “Атамұра” баспасынан барлығы он бір кітап түрінде жарық көрді. Атап айтатын болсақ, олар: Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Рамадан, Телеу. Барлық кітаптардың алғы сөздерінде жалпы Жетіру тайпалар одағының тарихы, таңбалары, ұрандары т.с.с. баяндалған, сондай-ақ әрбір тайпаның тарихына байланысты ерекшеліктері көрсетілген. Одан басқа Арғын, Жалайыр, Наймандардың тарихы баспадан жарық көрді.

Біз төл тарихымызды, қоғамымызға тән дәстүрлі рулық-тайпалық құрылымымызды зерттеп, ғылыми тұрғыдан тану үшін міндетті түрде жазбаша, ауызша, археологиялық деректерге сыни талдау жасап, объективті төл-тума тарихымызды қайта жаңғыртуымыз қажет.

Қазақтың ру-тайпалық құрылымы мен этникалық тарихын зерттеген М. Мұқанов: «Қазақтардың рулық-тайпалық құрылымына талдау жасаудың бір мәні сонда, ол – қазақ шежіресінің маңызды тарихи деректемесі екенін де көрсетеді. Мәселен, әр түрлі таксономиялық жіктерді зерделей келіп, белгілі бір рудың өмір сүрген уақыты мен ата қонысын, рулар арасындағы өзара қатынастарды анықтау үшін; сондай-ақ қазақ қоғамындағы туыстық байланыс мәселелері мен соған байланысты аталық әулеттердің тарау, тармақталу құбылыстарын және тұтастай алғанда революцияға дейін үстем болып келген патриархалдық-феодалдық қатынастардың мәнін ашу үшін рулық-тайпалық құрылымдарды зерттеудің ғылым үшін орасан зор пайдасы бар», - деп айтқан болатын. Сондықтанда бұл мәселені ХІХ ғ. соңы - ХХ ғасырдың басында пайда болған «ҚЖПМ» дерек көзін талдау арқылы зерделеудің бүгінгі таңда маңызы зор.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басы қазақы дерек көздерінің маңызды бір саласы – жазба шежіресі дәстүрінің қалыптасу кезеңі болды. Ауызша дерек көздерді жазба нысанға көшіру ісі М. Көпеев, Ш. Құдайбердіұлы, Н. Наушабаев, Қ. Халид, М. Тынышпаев, Ә. Бөкейханов сияқты ғалымдардың ғылыми-шығармашылық қызметімен тікелей байланысты болды. Олардың қалдырған бай мұрасын «ҚЖПМ» дерек көздерінде сақталынған мәліметтермен салыстыра талдау деректің шынайылығы мен тарихи оқиғалардың объективтілігін дәлелдей түседі. Сонымен қатар ілгеріде әртүрлі баспалардан өздерінің жинап-тергендерін жариялаған шежірелік кітаптардың да маңызы зор. Оларды деректанулық талдаудан өткізіп, дұрыс-бұрысын айырып, зерттеулерде пайдалануға болады.

Жалпы қазақ халқын құраған ру-тайпалар XV-XVI ғғ. қай өңірлерде өмір сүрсе XVIII-XIX ғғ. да сол аймақтарды мекендеген. Біз осы принципті жағдайды негізге ала отырып, ХІХ ғ. соңы - ХХ ғ. басындағы ру-тайпалардың атаулары мен орналасуына «ҚЖПМ» бойынша деректанулық талдау жасамақпыз.

Қазақстанның ежелден бергі тұрғындары қазақтар Евразияның ірі көшпелі және түркі тілдес халықтарының бірі болып табылады. ХІХ ғ. соңы - ХХ

ғасырдың басында Қазақстан территориясында мекендеген қазақ халқының саны 1897 ж. Ресей империясының бірінші жалпы халықтық санағының материалдары бойынша 3392751 адамды құрады. Ол осы өңірдегі тұрғындардың 81,7 % болды. Жалпы қазақ халқының саны Орал облысында – 460173, Торғай облысында – 410904, Ақмола облысында – 389204, Семей облысында – 604564, Жетісу облысында – 515001, Сырдария облысында – 741811, Закаспий облысы Маңғышлақ уезі – 63795, Астрахан губерниясындағы Ішкі Ордада – 207299, Омбы уезінде – 38185, Томск облысында – 24643, Тобыл облысы Тюкалы уезінде – 5148, Ташкент уезінде – 163105, Амудария бөлімшесінде – 47145 адам өмір сүрді.

Жалпы көптеген деректерде қазақтардың облыс, уез бойынша жалпы саны беріледі де, ал олардың ру-тайпалық құрылымы, саны мен орналасу ареалы туралы мәліметтер кез-келген деректе кездесе бермейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда «ҚЖПМ» сақталған мағлұматтардың маңызы мен құндылығы жоғары болып келеді.

Қазақтар үш Ұлы, Орта, Кіші жүзден құралатыны баршамызға мәлім. Жүздердің өзінде әрқайсысы өзіндік ерекшеліктері бар ру-тайпалық құрылымдардан құралады. Ол тайпа, ру, ұсақ топтар мен тармақтар. Бұл туралы деректе: «В свое время киргизы делились на три орды: большую, среднюю и малую. Каждая орда имела своих ханов, вела до известной степени обособленную жизнь и занимали определенные места кочеваний», - делінген.

Бұл жүздердің құрамындағы ру-тайпалардың дәстүрлі көш-қоны, орналасқан мекендері болды. Мәселен Ұлы жүз қазақтары Жетісу, Іле өзені аңғарында, Жоңғар, Іле Алатауы мен Қырғыз, Қаратау бөктерінде, Шу мен Талас, Сырдария өзендерінің жоғарғы және орта ағысы бойында орналасқан. XIX-XX ғғ. басында Ұлы жүз қазақтарының жуықтап алғандағы саны – 700 мың болды. Ұлы жүздің құрамына: Жалайыр, Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Сіргелі, Ысты, Ошақты, Шапырашты, Шанышқылы, Қаңлы тайпалары енді. Бұл әрбір ірі рулар өз тарапынан аталарға жіктеліп, одан әрі кішігірім этникалық топтарға бөлініп кетеді.

Орта жүз қазақтары орталық, солтүстік және шығыс Қазақстан территориясында және оңтүстіктегі Сырдария өзенінің орта ағысында қоныстанған. XIX-XX ғғ. Орта жүз қазақтарының саны шамамен – 1300-1350 мың болды. Олар Қыпшақ, Арғын, Найман, Керей, Қоңырат, Уақ тайпаларының бірлестігінен құралған .

Кіші жүз қазақтары батыс Қазақстандағы Ырғыз, Тобыл, Торғай мен Каспий теңізінің шығыс бөлігі және Оралдың төменгі, Сырдарияның орта және төменгі ағысын мекендеді. Кіші жүз қазақтары үш ірі бірлестіктерден құралды: Әлімұлы, Байұлы, және Жетіру. Жалпы XIX-XX ғғ. олардың саны әлімұлы – 300-350 мың, оның ішінде шекті – 60-80 мың, шөмекей – 100 мың, төртқара – 50-60 мың, кете – 50-60 мың, қаракесек – 20-25 мың, қарасақал – 10-15 мың; Ал байұлы – 500-550 мың, оның ішінде адай – 80-90 мың, байбақты – 40 мың, беріш – 40 мың, таз – 20 мың, серкеш – 45 мың, масқар – 20 мың, тана – 25 мың, қызылқұрт – 40 мың, жаппас – 50 мың, алтын – 30 мың, ысық – 20 мың, есентемір – 20 мың, алаша – 40 мың, шихлар – 70 мың; Жетіру бірлестігінің

жалпы саны – 250-300 мың адамнан тұрды. Соның ішінде табын – 80 мың, жағалбайлы – 70 мың, керейт – 30-35 мың, тама – 40-45 мың, телеу – 20 мың, кердері – 20 мың, рамадан – 5 мың адамды құрады.

А. Левшин 1832 жылы жарияланған өзінің танымалы «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде «леть через 100 большая часть вычисленных нами названий отраслей Киргизскаго народа останется только в наших архивах и в памяти немногих стариков», - деген екен, ал «ҚЖПМ» дерегінде Ресейдің бұл ойлағандары іске аспағандығын былайша жеткізеді: «Со времени написания этих слов прошло уже более 80 лет, и жизнь показала иное. Не старики только, а все взрослые киргизы-казаки превосходно знают, к какой орде, роду и его подразделению они относятся. Местные исследования Переселенческаго Управления тех районов, где обитают киргизы-казаки, зарегистрировали и опубликовали несколько вариантов общих родовых схем казачьих орд и целый ряд детальных схем отдельных ветвей родословной и дали материал к исправлению и значительным дополнениям составленной А. Левшиным схемы», - деген болатын. Бұл бір жағынан біздің ата-бабаларымыздың өз шыққан тегін ұмытпай, атадан балаға жеткізіп отырған дәстүрлі мұрасы болса, екінші жағынан А. Левшиннің сөзі империяның отарлау саясатында қазақ халқының ру-тайпалық құрылымын ұмыт қалдыруға тырысқан әрекеттерінің дәлелі бола алады. Мұндай мәліметтерді жинау қазақтардың тарихы мен тұрмысын, этнографиясын зерттеу үшін құндылығын зерттеушілер жасырмай жазды.

Одан әрі қазақтар арасында ру-тайпалық құрылымның рөлі туралы: «Родовой строй еще очень силен в среде киргизь-казаков и, хотя неизбежный, не скоро еще в полной мере совершится переход казаков на положение оседлаго народа. Брачные союзы, калымь, кунь, судь, выборы туземной администрації, группировка населения в аулы и волости, земельныя отношения между соседними аулами, летнія передвиженія населения на джайляу, - все это большею частью имеет своимъ основаніемъ родовыя отношения отдельных группъ населения, иногда выявляетъ исторически сложившійся антогонизмъ ихъ или, наоборотъ, известную уступчивость и добрососедскія отношения, исходящія изъ сознания общности интересовъ своего рода», - деп зерттеушілер қазақ қоғамында ру-тайпалық құрылымның әсерін, рулар тарихын жан-жақты зерттеуге құлшыныс танытқан.

Ең алдымен «ҚЖПМ» ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басындағы қазақтардың ру-тайпалық құрылымы туралы мәлімет беріп қана қоймайды, дерек көзінде сонымен қатар, ІІ, VI-XII, XIII-XVIII ғасырлардағы тарихы, тарихи тұлғалары туралы біршама мәліметтер сақталынған. Мәселен, Сырдария облысы, Әулиеата уезінің жергілікті халқына арналған 2-тарауда: «Еще в II веке до Р. Хр. около озера Иссык-куль и в верховьях Чу обитали народы саки, геты (юечжи), усуни. В VI в. по Р. Хр. сюда пришли изъ Алтая тюркскія племена, объединенныя общимъ именемъ тукіу, которыя в конце этого века образовали здесь, на месте бывшаго расположенія усуней, западно-тюркское государство, со столицей Суябь (вблизи настоящего местоположенія г. Токмака)», - делінген. Одан әрі қарай зерттеушілер Шу мен Талас бойындағы араб, саманид, қарлұқ,

қараханиттерге жалпылама тоқталып, тарихи қалалар туралы біршама мәліметтер қалдырған. Онда: «Қараханиттер әулеті билеген кезеңде Шу өзені бойында Баласағұн қаласы салынғаны белгілі. Оның нақты қай жерде орналасқаны туралы белгісіз, бірақта Шу өзенінің жоғарғы ағысы бойында, Алатау тауларына жақын жерде орналасқан деп топшылауға негіз бар. XI ғ. Баласағұнда түрік тайпаларынан шыққан қарақытайлар жаулап алған», - деп, ежелгі қала туралы айтылған. Деректе осыдан кейінгі моңғолдардың басшысы Шыңғыс хан, Әмір Темірдің жорықтары туралы жалпылама XV ғ. дейінгі шолулар жасалынып, Қазақ хандығының құрылуы туралы да біршама айтылған. Онда: «Даланың шығысында (Дешті-Қыпшақтың) көшіп жүрген түркі-моңғол тайпалар XV ғ. ортасында екі топқа бөлінді. Батысындағылар өзбек атауын алып, Темір әулетінің иелігін жаулап алды, ал шығысындағылар Жетісу мен Шу өзені аңғарын иеленді, онда түрлі моңғол тайпаларының күшеюімен, қырғыз-қайсақ одағы құрылды», - деп қазақ ордасының құрылу тарихын баяндайды. Деректің Әулиеата уезіне арналған жеке томында да Қазақ хандығының құрылуы туралы осылайша баяндалып, соңында «...оның қалдықтарынан (Қазақ хандығының) үлкен, орта және кіші орда құрылды», - деп 18 ғасырларда Ұлы, Орта, Кіші жүздер пайда болып, қазірге дейін өміршең екендігі баяндалған.

Сырдария облысының құрамына Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск, Ташкент уездері мен Әму-Дария бөлімшесі кірген. П. Скрыплевтің статистикалық партиясы ең алдымен Шымкент, Әулиеата уездерін зерттеп, кейіннен Қазалы және Перовск уездерін зерттеуге алды.

«ҚЖПМ» дерек көзі бойынша Әулиеата уезінде негізінен Ұлы жүздер Шу өзенінің сол жақ жағалауын, Таластың төменгі ағысындағы Ашын, Аққұлтұқ, Ағашақ, Ұйық, Үшақты болыстары мен Шудың шығыс бөлігіндегі Черняев уезінің Қаракөл, Жанасу, Жылыбұлақ болыстарында мекендейді. Ал Орта жүз қазақтары Сарыөзек, Қаратау, Құршу болысының бір бөлігінде тұрақтайды. Кіші жүз қазақтары Шудың төменгі ағысында Перовск уезімен шекараласқан тұстағы Құршу болысының бір бөлігі мен Черняев уезінің Шу болысын мекендейді. Шудың оң жақ жағалауында Шу болысында ұлы жүз, Арғын болысында орта жүздер қоныстанған.

Дерек бойынша зерттелген уездегі ру-тайпалардың шаруашылық саны туралы да мәліметтер сақталынған. Онда ұлы жүз тайпалары: Дулаттар – 2457 шаруашылық, Ұйық – 1835, Ошақты – 1663, Жалайыр – 734, Шапрашты – 368, Сарыүйсін – 328, Тлық, Ойсыл, Сіргелі – 114 шаруашылықты құрайды. Орта жүзден Арғындар – 700, Қоңыраттар – 127 шаруашылық. Кіші жүздің Тама – 1135, Серкеш пен Жағалбайлы – 158 шаруашылық. Бұл мәліметтерден біз нақты уездегі ру-тайпалардың шаруашылық санын анықтап, жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі Ұлы жүз қазақтары екендігін айқындадық.

Перовск уезінде Кіші жүздің жетіру мен байұлы рулары және Орта жүздің – қыпшақ, найман, арғын рулары мекендейді.

«ҚЖПМ» мәліметтері бойынша Перовск уезінің тұрғындарының 99% қазақтардан құралған. Олардың көбісі Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Жаппас, Табын, Керейт руларынан. Уездің оңтүстік-шығысында руға кірмейтін қожалар,

Сұнақ, Тарақты, Арғын рулары мекендесе, солтүстік-батысында Жалайыр, Бахтиар, Таздар, Төре, Сарыбай, Тома, Ошақты және т.б. мекендейді.

Жүлек болысында қыпшақтың 2481 шаруашылығы қыстады, ол болыс халқының 90% құрайды. Сондай-ақ мұнда арғын руының - 10% яғни, 259 шаруашылық шоғырланды [95, 112-113 бб.]. М. Мұқановтың топшылауы бойынша уезде жаппастар – 28 %, қыпшақ – 20, табын – 13, керейт – 11, кете – 10, басқа аз санды рулар – 12 % құрайды.

Ал енді керейт руларының орналасуын мен көшіп-қонуын «ҚЖПМ» талдап көрейік. Сырдария облысына арналған дерек көздеріне сүйенсек, Перовск, Қазалы уездері мен Әмудария бөлімшесінде негізінен Кіші жүздің құрамындағы керейт руы мекендейді. Аталған әкімшілік бірліктердің ішіндегі Перовск уезі – зерттеліп отырған кезеңде керейт руының ең басты шоғырланған аудандарының бірі болған. Перовск уезінде керейттер Орта жүздің қыпшақ, арғын, найман, қоңырат және Кіші жүздің табын, тама, алаша, жаппас, кете руларымен аралас қоныстанып, негізгі тұрақтары Жаңадария мен Қуандария өзендерінің алқабын және аталған екі өзенге келіп құятын бұлақ пен бастаулардың бойын алып жатты. 1912 ж. Перовск уезіне арналған «ҚЖПМ» басылып шықты. Ол бойынша керейттердің қоныстары мен саны жөнінде мәліметтерді алуға болады. Дерек бойынша Қышбөгет болысын толығымен мекендеген керейт руы, мынадай қыстаулар мен шатқалдарда қыстаған: Шаған, Бозарық, Ақарық, Базарбай ағаш, Қожамжар ағаш, Тасарық, Шеңгелді сай, Күбен, Мұнара, Қаңбақты шал, Таубай ағаш, Жерік бөгет, Көк шеңгіл, Бітім төбесі. Сонымен қатар, керейттер Перовск уезінің оңтүстік-батысында орналасқан Аламесек болысындағы 6 әкімшілік ауылдың екеуінде қоныстанған. Ал қалған төртеуі тама руына тиесілі болды. Серікбай Мұхамед ақсақал басқаратын №3 әкімшілік ауылда керейттердің 133 шаңырағы мен 747 тұрғыны қоныстанды. Бұл ауыл тұрғындарының қыстаулары Ақ-үшкөл шатқалы мен Шіркейлі, Көксу өзендерінің бойында орналасқан. 133 шаңырақтың 36-сы көшпелі, 97 отырықшы болып тіркелген. № 6 әкімшілік ауылда қоныстанған керейт руын Алпысбай Үрпек ақсақал басқарды. Бұл ауылға қарасты 68 шаңырақта 337 тұрғын болған. олардың қыстаулары Көксу өзенінің бойында орналасқан.

«ҚЖПМ» Қазалы уезіне арналған томындағы сақталған мәліметтер бойынша мұнда Кіші жүздің кете, төртқара, алтын, шекті, шөмекей, керейт руларымен қатар Орта жүздің қыпшақ, арғын руларының кейбір тармақтары қоныстанды. Негізінен Кіші жүз рулары Қаракөл болысында орналасқан. №11 әкімшілік ауылдың тек біреуінде ғана және Қармақшы болысының № 5 әкімшілік ауылда керейттер орналасқан. Онда Шалқар, Қарасу, Жылқыбай көлдері маңында қоныстанған болатын. М. Мұқанов «Материалы для статистики Туркестанского края» жинағы мен басқа да деректердің негізінде Қазалы уезінде Құланды маңындағы Қаракөл, Қостам, Райым болыстарында шекті рулары, Қаратал аралшығында қаракесек рулары, уездің батыс бөлігінде Ырғыз уезімен шекараласқан Тулағай, Теректі, Талдын, Қызылжар болыстарында мекендеген төртқара рулары қоныстанғанын. Ал шекті рулары Қостам болысында – 81,4 %, ал Қаракөл болысында – 50 % құрайтынын анықтап берген.

Уезд бойынша әртүрлі рулардың пайыздық қатынасы мынадай болды: шекті - 40%, төртқара – 15, шөмекей – 30, қаракесек – 4, қарасақал – 7, қожа, сұлтандар мен төленгіттер, қарақалпақтар - 4% құрады.

Шымкент уезі Сырдария облысының оңтүстік бөлігін алып жатыр. Ол солтүстігінде Ақмола облысымен, оңтүстігінде Ташкент уезімен, Ферғана облысының Наманган уезімен, Самарқанд облысының Жызақ уездерімен, ал батысында Әмудария бөлімшесімен, солтүстік-батысында Перовск уезімен шектесіп жатыр. Уезде 28 болыс, оларда 540 ауылдық қауым бар. Сондықтан да Шымкент уезін зерттеу жұмыстары ұзақ уақытқа созылды, ал оған қатысты статистикалық материалдар көлемі үлкен 2 томнан және 3 кітаптан тұрды.

XX ғасырдың басындағы мәліметтерге қарағанда өңірде 250794 қазақ, 11000 орыс және 41350 өзбек ұлты мекен етеді.

Сыр бойында Орта жүз руларының бірі арғындар Шымкент уезінің солтүстік және оңтүстік бөлігін, Перовск уезінің оңтүстік-шығыс бөлігін мекендеді. Шымкент уезіне арналған статистикалық деректің мәліметтеріне сүйенсек Шағатай болысының №1 әкімшілік ауылын толығымен арғын рулары қоныстанып, ауыл Қарасай қыстауында отырған.осы болыстық құрамындағы арғындардың ең тығыз қоныстанған жері Құмкөл көлінің маңайы. Ал Шілік болысында арғындар керейлермен аралас қоныстанған. Хантақ болысындағы тарақты-арғындар Құмкөл көлінің бойында қыстаған.

Сондай-ақ, Қараөзек, Приречная, Скобелев болыстарында да арғын руының ауылдары мен қыстақтары болды. Ол туралы мәліметтерді «ҚЖПМ» толығымен алуға болады.

Төмендегі кестеде автор «ҚЖПМ» дерегіндегі статистикалық кестелердегі мәліметтерді пайдалана отырып, наймандардың Шымкент және Перовск уездеріндегі орналасуын көрсеткен.

Кесте 11 - «ҚЖПМ» бойынша Сырдария облысындағы Орта жүз Найман руларының қоныстанған территориясы

Ру атауы	Наймандардың қоныстанған территориясы	
	Уезд	Болыстар мен қоныстанған өзен-көлдердің атауы
Найман	Шымкент	Қошқарата болысы Тастыбұлақ басында, Ақтөбе болысы Сыр өзені аңғарындағы Сызған, Шернақ, Қаратөбе, Разды Ата жерлері мен Қарашық, Ашылған өзендері, Шошқакөл аңғарында мекендеді. Бұржар болысында Арыс, Ақсай өзені аңғарында Бұржар, Қаражантақ, Текесу қыстаулары мен Маятас, Асыл арығы және Шұбар, Ақдала, Құлмырза молда деген жерлерде
	Перовск	Қараөзек болысы Болтай, Тереңөзек қыстаулары мен Айман арығы, Қараөзектің Болтай сағасында. Приречная болысы Сыр бойында Алмалы, Бестоғай, Есекбел, Сорқұдық, Шақшатай қыстаулары. Скобелев болысы Қаракөл, Жаман, Шиелі, Сорқұдық, Татай көлдері мен Шиелі арығы бойында.Телекөл болысы Тұранкөл, Қарамола, Төрежан, Ортаукөл, Сабанкөл, Жөкенкөл, Шартақкөл, Жұмалақ көл, Ащыкөл мен Сарысу өзені аңғарында көшіп-қонған.

Демек, әрбір уезге арналған статистикалық дерек көзінің томдарын ақтарып отырып, қазақтың әрбір руының XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы орналасуын, негізгі шаруашылығы мен кәсібі туралы құндылығы жоғары мәліметтер алуға болады.

Сонымен қатар арғындар Бадам өзенінің бастау алатын Көкарық бойында, Бұржар болысында, Қарабастау бұлағының басында орналасты. Албастыхана, Қарабастау, Айыртау, Көкарық, Сақсай, Қаратөбе, Бадам, Айтанак

қыстауларында қыстаған. Бұл мәліметтерден біз бірнеше географиялық атаулармен қоса арғындардың орналасуын анықтадық.

Перовск уезіне арналған статистикалық деректің мәліметтері арғындардың қоныстары мен қыстаулары туралы құнды мәліметтер береді. Мәселен, Головачев болысында арғындар қыпшақтармен көршілес отырды. Олар Шұқыркұдық, Бозшакөл, Мешіткөл қыстауларында, Ақшарал және Жамбас арықтары бойындағы қыстауларда отырды. Осы болыстың құрамындағы арғындардың келесі ауылы Жанға арығы бойындағы Қойжасар, Ақкөл, Тайтыққұм, Жалғызқұм, Шұқыркұдық қыстауларында, сонымен қатар Еске арығы бойындағы Мешітқұм, Құмтоған, Есексоққан, Жалғызқұм қыстауларында отырды.

Наймандардың тарихына қатысты көптеген шежірелік еңбектер жарық көруде. Алайда ғылыми жүйеленіп жазылғандар қатарына «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының 3 кітаптан тұратын Найман атты еңбегінің маңызы мен құндылығы жоғары.

Наймандардың шежіресі мен тарихына қатысты зерттеу жүргізген Ә. Марғұлан 1930 ж. жарық көрген «Найманы» атты мақаласында осы руға байланысты халық арасынан жинастырған мағлұматтарын қазақтың зиялы азаматы М. Тынышпаевтың, Ф.А. Щербина экспедициясының материалдарымен салыстыра талдаған. Автор Найман тайпасының шежіресін, ру-тайпалық жүйесін, қоныстануын зерттей отырып: «Между Щербинскими таблицами и нашей записью особенного расхождения нет», - деп тұжырымдайды.

Орта жүздің Қыпшақ рулары да Сырдария облысында көптеп қоныстанған. Олар негізінен Перовск уезінің шығыс бөлігіндегі болыстарда қоныстанды. Мәселен, «ҚЖПМ» ауылдық кестелер бойынша Головачев болысында қыпшақтар қыста Келдеу, Бел, Масабай, Еске, Жанға, Ақарық арықтары бойында және Қызылша, Бестамақ, Жетікөл, Көктенкөл, Жарма, Тұрандықөл көлдері бойларында орналасқан. Гродеков болысын толығымен қыпшақтар қоныстанған. Олар Шолақ арық, Мылқұм арық, Тастоқ, Кебір арықтары мен Сырдария өзенінің Көксу, Тоғызбайөзек, Дәуренөзек сағалары, Керкелмес тоғаны, Иземберлі, Құмжарған, Баякеш, Нұртайкөл, Сасықкөл, Сұңқарлы көлдері маңында мекендеген. Ал Жөлек болысындағы 16 қыпшақ ауылы, ал екі қауымы Приречная болысындағы Қырықжайың, Аққала, Кердері, Қаракүкөл, Сарытұранғыз қыстауларында қыстады. Сонымен қатар Скобелев, Кентүб болыстарында да қыпшақ рулары қоныстанған.

Шымкент уезіндегі қыпшақ рулары дерек мәліметтеріне сүйенсек, Қошқарата, Шілік, Сырдария болыстарында және Шошқакөл, Тұмакөл көлдері мен Бөген өзені бойы, Қыпшақбұлақ, Қамыстыбұлақ бастарында қоныстанып, 1907 ж. санақ бойынша 21 ауылды, 383 шаңырақты құраған.

Орта жүз құрамындағы Қоңырат руларына тоқталар болсақ, деректегі ауылдық кестелер бойынша олар Сырдария облысы Перовск уезіндегі Приречная болысында қыпшақ, найман, тарақты руларымен көршілес қонды. Негізінен Сырдария өзені мен Ақұйық, өзені, Сарымбет арығы, Мешіткөл, Отырлықөл, бойындағы қыстауларда қыстаған. Сонымен қатар Сауран болысында Сыр өзені, Диірмен, Бесарық, Ақұйық, Талдысу, Қосүйеңкі өзендері

мен Теріс, Өзгент арықтарының бойында орналасты. Ал Жаңақорған болысындағы қоңыраттар Сырдария өзені, Бұйра, Күлтөбе, Назар арықтары мен Еркөл, Шоғырлықөл, Ақши, Ақұйық, Жайылма өзені бойындағы қыстауларды иеленді.


Көптеген деректер мен зерттеулер бойынша қоңырат рулары негізінен Шымкент уезінде көптеп шоғырланған. Бұл мәліметтерді «ҚЖПМ» бойынша да аңғару қиынға соқпайда. Ол бойынша қоңыраттар Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейі, Көккөл, Көксарай, Жартоғай, Талдыөзек көлдері, Үштөбе, Жартөбе, Хантақ, Алмалы, Арыс өзендерінің бойы мен Сырдарияға дейінгі алқаптарда қоныстанды. Қоңыраттар Көкшекүм, Ақтөбе, Шағатай, Хантақ, Ноғайқұрған, Бұржар, Сарыкөл, Байыркүм, Сырдария болыстарында 7577 шаңырақ, 478 шаруашылық ауылды құрап, мекендеген.

Ұлы жүз руларының ішінде ең ірісі және саны жағынан ең көбі Дулаттарға тоқталатын болсақ, XIX ғ. ортасы – XX ғ. басында көптеген зерттеушілердің еңбектері бойынша дулаттар негізінен Сыр-Дария облысының Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерінде, Жетісу облысының Қапал, Верный мен Пішпек уездерінде қоныс тепті деп топшылауымызға болады. «ҚЖПМ» Сырдария уезіне арналған томдары мен П. Румянцевтің жинаған Жетісу уездеріне арналған дерек көздері бойынша дулаттардың мекендеген территорияларын айқындауға болады.

Дулаттардың этникалық, яғни аталық құрамын тарихшы ғалым Х. Арғынбаев ірі төрт ата: Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс деп бөліп көрсеткен. Сонымен қатар автор Шымкент уезінде дулаттардың 65 % құрайды деп, төрт атасынан сиқымдар – 4570 шаңырақ, жаныстар – 3374, шымырлар – 3334, ботбайлар – 274 шаңырақ болғанын атап өтеді.

«ҚЖПМ» мен орталық мұрағаттан табылған шежірелерді салыстыра талдау, бізге Сырдария облысында, яғни, Шымкент, Әулиеата уездерінде негізінен Ұлы жүз тайпалары мекендегенін көруімізге болады.

Кесте 12 - Шымкент уезі, Қарамұрт болысы. № VIII әкімшілік ауылдың рулық кестесі



Зерттеуші Т. Қартаева тарихи деректер мен зерттеулердің негізінде Дулат тайпасының қоныстануы мен көшу бағыттарын анықтаған болатын. Автор Сыр-Дария облысының қоныс аудару басқармасының статистикалық партиялардың зерттеу негізінде жинақтаған «ҚЖПМ» сүйене отырып, Дулат тайпаларының қоныстанған жерлерін айқындап береді.

Мұрағат құжаттарына қарағанда Сыр-Дария облысы, Шымкент уезінің Майлықент болысының № 7 әкімшілік ауылда Дулаттың Шымыр, № 4 әкімшілік ауылда Ботпай, Шымыр рулары, № 2 әкімшілік ауылда Шымыр, № 5 әкімшілік ауылда Ботпай, Жаныс, Сиқым, Шымыр рулары орналасқан. Ал Сарыбұлақ, Майлықент болыстарында негізінен Шанышқылының Дарқан, Саңырау рулары, Дулаттың Шымыр, Жаныс рулары, Сіргелінің Кеңірдектен тараған аталары қоныстанған. Шымкент уезі Қарамұрт болысының № 8 әкімшілік ауылында Дулаттың Сиқым рулары қоныстанған. Жалпы қорытатын болсақ, Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата уездерінде Дулаттың төрт атасы да мекендеген екен. Олардың шежірелік кестесін осы № 33 қордың негізінде кеңінен қарастыруға болады. Сонымен қатар ол құжаттарды «ҚЖПМ» салыстыра талдауға да болады.

Әулиеата уезінде дулаттар сарыүйсін, шапырашты, ысты, жалайыр руларымен аралас қоныстанып, негізгі тұрақтары Шу, Талас өзендерінің бойы, Мойынқұм өңірінің орталық аймағын, Талас Алатауының етегін, Шу мен Талас өзендерінен бастау алатын бұлақ пен бастаулар бойын алып жатты. Әулиеата уезінде ХІХ ғасырдың соңына қарай жоғарыда аталған тек дулат руларымен аталған болыс аттары өзгергенімен, дулаттардың байырғы қоныстары өзгермеді.

Әулиеата уезіне арналған «ҚЖПМ» Аспара болысын толығымен дулаттың ботпай рулары қоныстанған. Олар Аспара өзенінен бастау алатын Көк, Бел, Тұзық, Қисық, Жартоған, Қарасу, Тас, Жамбастоған, Жаманбұлақ, Молалы алыс, Сасық бұлақ, Жаман, Тас тоған, Екінші тоған, Қарақобы Жалқамыс тоған, Мақан, Жота арықтары бойларындағы Мұңғазан, Апанды төбе, Ойтал, Ақермен, Ақөлең, Түзу үсрат, Қисық үсрат, Тақыркөл, Жартоған, Қарақобы, Саршыбүр, Аспара, Қызтоған, Шошқалы, Талдыбұлақ қыстауларында қыстап, мекендеген. 1909 ж санақ бойынша ауылдар көлемі мен ондағы адамдардың саны да әртүрлі болған. Мәселен, Қарақобы арығы жағасында қоныстанған Тауырбай Жындыбай, Өмірші Мамгөз, Мамадыр Будақора ақсақалдар ауылында 20-26 ботпайлар шаңырағы тұрса, Тұрсын Ұлдымаболат, Байсейіт Құлмамбет, Егінбай Базарбай, Жұмакүл Қосай, Елікүл Бамыбай ақсақалдар басқарған ауылдарда 140-158 шаңыраққа дейін ботпайлар біріккен. Болыс 11 әкімшілік ауыл, 22 шаруашылық ауылға бөлініп, 1715 шаңырақта 14213 ботпай тұрған.

«ҚЖПМ» ауылдық кестелер бойынша Асы болысының 2, 3, 4, 7-ші әкімшілік ауылдарында шымырдың күнту аталығынан тарағандар мекендесе, 5-ші әкімшілік ауылында бөкқайнат аталығынан тарағандар, ал 6-шы әкімшілік ауылында бөкқайнат пен күнту аталығынан тарағандар аралас қоныстанып, Шу өзені бойындағы Батырбек, Аққұдық, Алаботалы, Қаракұдық, Тасөткел, Жаршапқан, Шарбақты, Тамдықарын, Шынкелдіқарын, Бүргенсу, Тайсойған, Тастөбе, Ағашық, Жусан құдық, Кемерқұдық қыстауларын иемденді. Ал Билікөл болысының 7-ші әкімшілік ауылына қараған Өтеп Абылай ақсақал

басқарған 23 шаңырақ шымырлар Жіңішке жуалы өзені бойындағы Теріс қыстауында қоныстанды.

Әулиеата болысындағы Ботамойнақ-алмалы болысының 1, 2, 3, 4-ші әкімшілік ауылдары шымырдың жанғыбай аталығынан тараған 238 шаңырақтан құралып, Сүгіт өзені, Қайыңдыарығы бойындағы Тілеміс сай, Әйтiмбет Сүгіт қыстауларын, Тегембай сай, Шалы бастау бұлақтары басындағы Түс, Шымшық сай, Шилі бастау, Қосқара, Шыңырау құдық, Сасықкөл, Ұзынбұлақ қыстауларын иемденген. Осы болыстықтың 5-ші әкімшілік ауылында жанғыбайлар мен бестеректер Алмалы, Көкбастау бұлақ бастарында, Төленді арығы бойындағы Қызылқайнар, Алмалы, Қоңыртөбе, Коянбайтал, Ботамойнақ, Тесік бастау, Ақбүйім қыстауларында қоныстанды. 8-ші әкімшілік ауылды толығымен Жаныс-жанғыбайлардың 127 шаңырағы құрап, олар Талас өзені бойында қыстады. Ботамойнақ-алмалы болысы 12 әкімшілік және 78 шаруашылық ауылдарға бөлінеді. Оның 52 ауылын толығымен Шымырдың Бекболат атасынан тараған сәнбет, жанғыбайлар құрап, 1868 шаңырақта 11725 тұрғыны бар болса, соның 90 % шымыр рулары. Одан басқа ауылдарда қыпшақ, керей рулары қоныстанған, - деп айтылған.

Әулиеата уезінің келесі Қарабақыр болысының 8 әкімшілік ауылына қарасты 52 ауылда өтеміс-жаныстар мекендейді. Олар Арбай, Жамантөрткөл, Өтеміс, Күлпейіс, Тұрарт, Қарабөгет, Аюбай, Сарышым, Ақберді, Тілеген, Мәмбет арықтары бойындағы Құлқайнар, Естеміс, Қарашеңгел, Кеңтоғай, Шөлтөбе, Дөңгелексай, Көкүзек, Қанқожа мешіті, Дермен қыстауларында 1313 шаңырақта 8569 жаныс қыстаған.

Сонымен қатар, «ҚЖПМ» бойынша Қарақыстақ болысында да дулаттар қоныстанған. Онда ботпайлар Мөңке, Боқтыкен, Ақбастау, Қарақыстақ өзендері, Төре, Жарарық, Көкөзек, Тас, Қисық, Сарбек, Таскетбай, Ақназар арықтары бойындағы, Сарбұлақ, Талдыбұлақ бастарындағы Ойқұдық, Бозжота, Тастақ, Мөңке, Бөгібайсаз, Ақназар, Молалы, Тасшілік, Ойранды Әулиебұлақ қыстауларында қыстаған. Болыста барлығы 1630 шаңырақта 11166 тұрғын болса, соның 1587 шаңырағында 10877 ботпай болған.

«ҚЖПМ» ауылдық кестелерге сүйенсек, Құрағатын болысында құдайқұл-ботпай, сиыршы-ботпай, жаныс, қоралас, бесторсық рулары мекендеді. Ал Күшеней болысында шымырдың бестерек, жанғыбай аталығынан тарағандар қоныстанды. Мақпал болысындағы Ащыбұлақ, Қайыңды өзендері бойында дулаттың жиенбет, күнту ұрпақтары мекендеді.

Шымкент уезінің Машат болысындағы Машат, Шымбұлақ, Жыланды, Дәубаба арықтары бойында сыйқымдар қоныстанған. Қарамұрт болысында асан аталығынан 119 шаңырақ, 1534 тұрғын, Бадам болысында өтеміс ұрпақтарынан 149 шаңырақ, 1011 тұрғын, Майлыкент болысында шілмәмбет аталығынан 25 шаңырақ, 127 тұрғын Талдыбұлақ басында, шымыр руынан 18 шаңырақ, 77 тұрғын Кішкене бұлақ басында, ботпай руынан 31 шаңырақ, 96 тұрғын Жабағалы арығы бойында қоныстанды.

Қошқарата болысында сыйқымдар 219 шаңырақ, 1302 тұрғын Тасбұлақ, Көлтоған, Үлкен, Белбұлақ, Тасбастау, Балақұтүй, Қараш, Ордақонған,

Көкбастау, Қыйқы бастау, Сүңгібұлақ бұлақтары басында қыстаған. Сонымен қатар мұнда ботпай, жаныс, шымыр, сыйқымдар аралас орналасқан.

Боралдай болысында толығымен дулаттың жаныс, байыс, қоралас, күнту, шоқай, бөгетжайлы, құттық, асан, қошқар, қыбырай, бестерек, шуылдақ рулары мен ұрпақтары мекендейді. Бөген, Жилібұлақ болыстарында ботпай руы, Көкшеқұм болысында шымыр, күнту аталықтары мекендейді. Қаратай болысында жиенбет-ботпай, Арыс болысында жаныс, бөгетжайлылардан 853 шаңырақ, 4909 тұрғыны тұрақтайды. Сарыбұлақ болысында сыйқымның темір аталығынан тарағандар 327 шаңырақ, 2340 тұрғын қоныстанса, ал Сарыкөл болысында өтеміс аталығынан 71 шаңырақ, 604 тұрғын Арыс бойында қыстады. Мұнда қоңырат рулары араласып тұрақтады. Түлкібас болысында ботпайдың құдайқұл, көкірек аталығы, шымырдың шілмәмбет ұрпақтары мен жаныстар мекендеді. Демек, «ҚЖПМ» талдай келе біз, біріншіден, дулаттардың ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы ру-тайпаларының атауларын, екіншіден, олардың орналасқан болыстары мен әкімшілік ауылдарын, қоныстары орналасқан өзен-көлдер мен арықтардың атауларын, үшіншіден, шаңырақ пен шаруашылық санын анықтап алдық. Оған қоса олардың шаруашылығы, мал басының саны, егістік жерлері туралы көптеген мәліметтерді де алуға болады.

Сырдария облысының Әулиеата мен Черняевск уездеріне арналған «ҚЖПМ» ру-тайпаларға қатысты мәліметтер сол өңірдегі білгір ақсақалдар мен көнекөз қариялардан жазып алынған. Ол туралы деректің өзінде 1913 ж. Әулиеата уезін зерттеуде Шу болысының ІІ-ауылының молдасы Құлжан Жолбарыс (жалайыр руынан), ІІІ-ауылдың старшыны Тоғайбай Билібай, Ағашақ болысының VI-ауылдың молдасы Тынаш Атекей (дулат руынан), VII-ауылдан Талқамбай Дайрабай деген адамдардан, ал Черняевск уезінде Қаракөл болысының басқарушысы Құрбанбек Әділбектің (тлық руы), Жылыбұлақ болысы VI-ауыл ақсақалы Әлімбек Тілеумолда (сіргелі руы), Сарыөзек болысы ІІІ-ауылының тұрғыны Рысмахамед Басыбай (қоңырат руы), Шу болысы І-ауылы Туғанбай Игембай (тама руы), Құршу болысы ІІ-ауылы Қойшыбай Баймахамбет, ІІІ-ауылдан Әбдірахман Байтүгүл деген адамдардан жазып алынған делінген. Демек, руларға қатысы бар әрбір мәлімет білетін адамдардан сұрап алынған. Ал қазақтардың ақсақалдары мен шежірешіл қарттары өз руының құрылымы мен тармақтарын, оның қай жерлерде мекендегенін жатқа білетін. Бұл мәліметтердің объективті болуына ықпал ететіні сөзсіз.

Экспедиция Ақмола облысы Көкшетау, Атбасар, Омбы, Ақмола, Петропавл уездерін зерттеу нысанына алған болатын.

«ҚЖПМ» сүйенсек, Көкшетау уезінің қазақтары орта жүз құрамында болған. Зерттеуші Е.П. Добровольскийдің айтуынша қазақтарда әлі күнге дейін ауызша және жазбаша әулеттер хроникасы мен шежірелер сақталынған. Ол әртүрлі кезеңдерге қатысты естеліктер мен көпшілікке танымалы тұлғалардың тарихы туралы аңыз-әңгімелер әлі де ел аузында деп таңғаларлықпен баяндайды. Шын мәнінде қазақтың әрбір азаматы өз шежіресін, жеті атасын білу ертеден келе жатқан дәстүр, ата-баба ұлағаты. Ел арасында жырау, жыршы, ақындармен қатар шежіреші кісілер болған. Кейбір шежірешілер әрбір рудың

ара жігін ашамын деп, оны аңыз-әңгімемен араластырып, бірнеше күн әңгіме ететін болған.

К. Жүнісбаев: «...шежіредегі аңыз және басқа қосымша дерек көздер арқылы XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтардың көшпелі өмірінің кейбір мерзімдерін, қазақ руларының жерге орналасу, қоныстану тәртібін, олардың басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын, сыртқы жаулармен күресін, ішкі ру арасындағы таптық талас тартыстың шыға бастағанын, қазақтың көшпелі феодалдық қоғамының біртіндеп қалыптасу сатысын анықтауға болады», - деп атап өткен екен.

Деректегі «Көкшетау уезі қазақтарының жалпы шаруашылық жағдайы» деп аталатын бөлімде бағдарламаға сәйкес әрбір сұраққа жауап жазылған. Оның біріншісі әрине, рулық бастама. Ол бойынша Көкшетауда 1) Бағыс № 1, 2, 3, 4, 8, 9 әкімшілік ауылда, 2) Қадыр № 5, 3) Қылды № 7, 4) Баба мен 5) Қырғыз № 6 әкімшілік ауылдарда мекендеді. Сонымен қатар Аблай сұлтанның соңынан ерген рулар № 4 ауылдың құрамында өмір сүрді. Бұлардың ішінде саны ең көп Бағыс руы болды делінген.

Көкшетау уезінің қазақтары Аблай ханның тарихы мен оның осы өңірге келу себептерін аңыз әңгімелерге сүйеніп баяндаған. Ол бойынша Аблай Ұлы, Орта, Кіші жүз қазақтарының басын қосқан, мықты билеуші болған. Сондай-ақ, Айыртау болысының қазақтары Көкшетауға Орта Азия мен Бұхара маңынан көшіп келіп, осындағы қалмақтар мен остяктарды ығыстырғаны туралы әңгімелеп берген болатын.

Омбы уезіне арналған деректің «Исторія заселенія Омскаго уезда» деп аталатын тарауында бұл өңірдің қазақтары өздерінің ата-тектеріне байланысты аңыз-әңгімелерді жақсы сақтамағандығы тілге тиек етіледі. Бірақта деректің өзінде Омбы уезіне келген рулардың қай жылдары, қашан келгендігі нақты баяндалады. Мәселен Ақмола уезінде тұрақтаған Керейдің Ақсарыдан тараған ұрпақтары бұл өңірге 200 ж бұрын келген. Ал 33, 41, 43 топтың ұрпақтары Павлодар уезінің Баянауыл және Ақмола уезінің Ереймен тауларынан 200 жыл бұрын көшіп келген. Омбы болысындағы Атығай рулары мұнда Көкшетау уезінен 100-150 жыл бұрын көшіп келген. Шерлақ болысының № 49 топ тұрғындары бұнда Түркістандағы Қаратаудан 200 ж бұрын келгендер, деп баяндалады. Жалпы дерекке сүйенсек Омбы уезінің тұрғындары осы жерге 200 ж бұрын көшіп келген Атығай, Қарауыл, Қыпшақ, Керей рулары. «ҚЖПМ» бойынша олар Қарқаралы, Павлодар, Ақмола, Көкшетау уездері мен Торғай облысынан, Түркістаннан көшіп келгендер. Олар ең алдымен Ертіс өзеніне қоныстанып, кейіннен Омбы уезіне тұрақтады. Бұл рулардың көшіп келуінің басты себептері: жоңғар шапқыншылығы, казактардың Ертіске қоныстануы, өзара ру арасындағы жерге келіспеушілік, тар жерден кең жерге ауысу, келімсектердің көшіп келуі болды.

Негізінде Омбы уезінде Омбы болысында Атығай рулары, Николаев болысында Қарауыл, Шерлақ болысында Қыпшақтар, Покровскі мен Қорған болыстарында Керейлер қоныстанды. Сонымен қатар, азды-көпті қазақ рулары осы негізгі ірі рулардың арасында өмір сүрді. Шерлақ болысында сұлтандар, Покровск болысында Жағалбайлы, Қанжығалы, Қозған, Уақ, Ағыз және

сұлтандар өмір сүрді. Ал Омбы болысында Қанжығалы, Найман рулары қоныстанды. Қорған болысында қожалар, құлдықта қалған қалмақтар мекендесе, Николаев болысында Қаңлы, Қанжығалы рулары мен қожалар қоныстанды.

«ҚЖПМ» Омбы уезінің ауылдық кестелеріне қосымшаларында «Атығай руы Баулық, Матай, Шаға, Жауғашар бөлімдеріне жіктеледі», - делінген. Бұл деректе кездесетін қосымшалардан кестелердегі мәліметтерді толықтырып отыруға болады.

Деректе кездесетін Омбы уезінде орналасқан ру-тайпалардың картасындағы мәліметтерге сүйенсек онда Қараул, Керей, Атығай, Қанжығалы, Қаңлы, Қыпшақ, Атығай, Найман, Ағыс, Уақ, Табын рулары мен сұлтандар мекен етті.

«ҚЖПМ» дерегінде ру-тайпаларға қатысты аңыз-әңгімелер көптеп кездеседі. Соның бірі Ақмола облысы Ақмола уезінде мекендеген Арғын тайпалық одағына жататын Жетімомын тобындағы ірі тайпаларының бірі Атығай рулары тұрасында Ә. Бөкейханның 1898 ж жазып алған аңызын атап өтуге болады. Ол бойынша Атығай руының атауы сонау Есім ханның (1598-1627 жж.) өмір сүрген кезеңімен байланыстырылады. Статистикалық деректегі аңызға сүйенсек, ол былайша өрбиді: «Есім хан қалмақтармен жауласып тұрған шақта, қол астында ағайынды қос жетім 15 жасар Атығай мен 12 жасар Бағыс өмір сүріпті. Бір күні Атығай басқаларға еріп, қалмаққа қарсы жорыққа аттанады. Ол жаумен шайқасқанда өзінің ептілігімен, батырлығымен көзге түседі. Қалмақтармен арадағы шешуші ұрыстардың бірінде «Ақ боз атқа мінген Атығай, қолына егеулі найза іліп алып», «Атығайлап» ұран тастап жаудың ортасына бұзып-жарып кіреді. Кірген бетте жаудың туын ұстап тұрған батырды шауып түсіреді. Қалмақтар желбіреп тұрған туының құлағанын көріп кейін шегінеді. Атығайдың ерлігіне ырза болған Есім хан, оны ордасына шақырып алып, батасын береді және Дәуіттен тараған 12 ру, бұдан былай Атығай аталсын деп бұйырады», - делінген. Сөз соңында Ә. Бөкейхан өзіндік қорытындыларға келіп: «аңызға қарағанда, тайпаның негізін салушы Атығайдың өзі емес, Атығай бар болғаны бірнеше рулардың жиынтық атауы болғанын көруге болады. Ол руларға: 1. Баба, 2. Бағыс, 3. Майлы, 4. Балта, 5. Бабасын, 6. Құдайберді-Бәйімбет, 7. Сүйіндік-Қара, 8. Ақ-киік, 9. Қойлы Атығай, 10. Құлансу, 11. Қадыр, 12. Атығайды жатқызамыз», - деп тұжырымдаған. Әрі қарай автор Атығайдан тараған Баулық, Матай, Шаға, Жауғашар атты 4 баланың ұрпақтарын таратады.

Зерттеуші Х. Ғабжалилов өзінің «Атығай этнонимі және рулық құрылымы» атты мақаласында «Атығай» этнонимінің шығу тегі туралы деректерді талдай келе, «ҚЖПМ» сақталған Ә. Бөкейханның жазып алған аңызын шындыққа жақын келетінін атап өтеді. Ол: «Деректерде кездесетін мәліметтердің барлығы осы нұсқаның дұрыстығына меңзейді. Біріншіден, Атығай этнонимі жеке адамның есіміне байланысты шыққан және ол XVII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға деп санаймыз. Екіншіден, Атығай тайпаның Атығай деп аталынуы XVII ғасырдан басталады. Оған дейін тайпа басқаша аталып келген деп ойлаймыз. Үшіншіден, тайпаның жаугершілік заманда қолданатын бірнеше ұраны болған. Бүкіл Арғын ұлысына ортақ ұран – «Ақжол» басты ұран болса, соғыс кезінде

Атығайлар біресе «Атығайды», енді бірде «Ошыбай» ұранын қолданып отырған», - деп, аңыздағы мәліметтердің шынайылық деңгейінің жоғары екендігін дәлелдеп береді.

Олардың саны туралы мәліметті ауыл мен шаруашылықтарының саны бойынша есептеп шығаруға болады. Ол төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 13 - Петропавл уезіндегі рулардың ауыл мен шаруашылық сандары туралы мәлімет

Рудың атауы	Ауыл саны	Шаруашылық саны	Шаруашылықтың % өлшемі
Арғын	547	4423	38,8 %
Керей	509	4380	38,5 %
Уақ	221	2260	19,8 %
Қыпшақ	35	252	2,2 %
Басқалары	6	84	0,7 %
Барлығы	1318	11399	100 %

Ақмола уезінің ру-тайпалардың шежірелік кестесі бойынша уезде негізінен арғын рулары мекендейді. Оның үлкен әйелінен: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, кіші әйелінен: Шұбыртпалы (Токтауыл), Жалықпас, Қамбар, күнінен Болатқожа (Қаракесек) және өкіл баласы Қаржасты таратады. Қуандықтың өзінен: Есенқарт, Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш руларынан тұрады. Олар кесте бойынша Есенқарт ұрпақтары: Қалқамандар Есім болысында, ал Ағыстар Шерубай-Нұрын болысында, Алтай ұрпақтары: Мойын – Рахманкүл, Мұрат ұрпақтары және Санғай – Ақбура, Тоқбура, Байбура рулары Ақмола, Спасск, Шерубай-Нұрын болыстарында қоныстанды. Жалпы арғындардың басқа да ру-тармақтары сонымен қатар Нұрын, Жыланды, Нелды, Қарағаш, Моншақты, Қоржынкөл, Еремен болыстарын қоныстанды. Ал қыпшақтар Есім, Ақмола, Жыланды, Моншақты, Қызылтау, Қызылтопырақ, Нұрын болыстарын мекендеді.

Ақмола уезіне арналған ру-тайпалар картасы бойынша онда Арғынның: Момыннан – Қанжығалы, Атығай, Басентеин рулары мен Мейрамнан: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік рулары қоныстанған. Сонымен қатар уезде Керей, Уақ, Қыпшақ рулары мен қара-қырғыздар, төрелер, төленгіттер де бар.

Петропавл уезінде дерек мәліметтеріне сүйенсек 4 ірі рулардан Арғын, Керей, Уақ, Қыпшақтар мен төре мен төленгіттерден құралған. Деректе: «Род Керей представлен в уезде четырьмя отделениями, расположившимися по территории уезда в следующем последовательном порядке: На границе с родом Атыгай (Арғын) расположилось самое малочисленное отделение Кереев, род Балта; затем рядом, по границе Становской и Пресновской волостей – род Кошубе, далее – самый сильный род Смаил, и, наконец, находящийся с тремя перечисленными родами в отдаленном родстве, Сван, расположился на западе (южная часть Пресногорьковской волости) между чуждыми ему родами Уақ, Кыпшақ и Канджигалы...», - деп уездегі Керей руларының тармақтарының қоныстарын көрсеткен болатын.

Бұдан көретініміз уездегі Арғын мен Керей рулары барлық тұрғындардың 3/4 құрайды екен, ал Уақтар 1/5, басқа тұрғындар 3 % шаруашылықты құрайды. Дерек көзіне сүйенсек Есіл өзенінің шығысында Арғындар, солтүстік-шығысында Уақтар, батысында Керей мен Уақтар көршілес мекендеді, ал

олардың арасында Арғынның Қанжығалы руы Қыпшақтармен көршілес орналасқан.

Петропавл уезіндегі рулардың орналасуын «ҚЖПМ» былайша суреттелген: «Славным представителями рода Арғын в уезде является род Атығай (он же Даут), занимающий почти всю восточную часть уезда. Цельность территории этого рода нарушается владениями небольшого рода Караул, узкой полосой с севера на юг прорезывающими территорию Атыгаевцев (7-е аульн. община. Таинчинской волости. и 10-е аульн. община Петропавл. вол.). Кроме того, владения того же рода располагаются в крайней восточной части уезда, между владениями рода Атығай и Уак. Местонахождения владений третьяго Арғынского рода, Канджигалы, было уже указано (Средняя волость)», - деп одан басқа Қаракесек пен Қаржас руларында өздерінің жеке территориясы болмағандықтан, олар Полудень болысындағы казактар мен қара шекпенділерден арендаға жер алып отырғаны баяндалады.

Сонымен қатар статистикалық деректің мәліметтерінде Арғынның Атығай руларының ішкі құрылымы жайлы мәліметтер кездеседі. Ол бойынша Атығай 12 рудың бірлестігінен тұратындығы айтылып, оларға : Баба, Бағыс, Майлы, Балта, Бабасын, Сүйіндік-Қара, Құдайберді-Бәйімбет, Ақ-Киік, Қойлы-Атығай, Құлансу, Қадыр, Атығай рулары жатқызылады.

«ҚЖПМ» Уак руы туралы: «Род Уак представлен в уезде двумя поколениями Еркосая, происходящими от двух его жен. Поколению от старшей жены (байбыче) присвоено общее название Уак: представители этого поколения (рода Шога) занимают в уезде крайний запад (верховье нижнего Обагана в Кушмурунской волости) и крайни восток уезда (Полуден волость по границе с Омским уездом)», - деп Уактардың қоныстарын сипаттап берген.

Деректе сонымен қатар XIV-XVIII ғасырлардағы түрлі тарихи оқиғалар желісі мен сол кезендердегі қазақ ру-тайпаларының көшіп-қонуы туралы мәліметтер сақталынған. Әсіресе, жоңғарлардың шабуылы, олардың қазақтардан тартып алған территориялары туралы да баяндалған. Мәселен, «Уже в начале XVII века (1621 год) калмыки появляются в верховьях рек Ишима и Тобыла», - десе, тағы бір жерде: «Калмыцкие нашествия, как известно, прекратились только во второй половине XVIII столетия, когда в 1756 году было окончательно разгромлено Китаем безпокойное Джунгарское государство. С этого времени начинается новая эпоха в жизни Петропавловских киргизь, эпоха русскаго влияния», - деп қазақтардың жоңғар басқыншылығынан кейін орыс елінің ықпалына ұшырағаны туралы жазады. Деректегі осы секілді даталар өте дұрыс берілген.

Сонымен қатар 1824, 1822, 1867-67 жж. реформалар, олардың түпкі мәні туралы жасырмай баяндалған. Мәселен, деректе: «1824 году вводится в действие устав о Сибирьских киргизах, открываются так называемые внешние округа, управление которыми поручается киргизским султанам (потомки ханов)», - делінген.

Атбасар уезіне арналған дерек көзінде «История» деп аталатын тараушада уездегі жергілікті халықтың XVII ғасырдан бері осы өңірлерге көшіп келгендігі мен онда негізінен Найман руының Бағаналы тармақтары, Арғындардың

Қуандық пен Сүйіндік және Қыпшақтар мекендегені баяндалған. Ал осы уезге арналған деректің «Родовые схемы» деп аталатын тарауда болыстар бойынша қандай рулар мекендейтіндігі туралы мәліметтер сақталынған.

Мәселен, «Киргизы Атбасарского уезда принадлежать главнымъ образом к двумъ родамъ Средней Орды – Найманъ и Аргынъ, кроме того въ немъ имеются представители рода Кипчакъ, и очень немного изъ рода Тама – Большой Орды, а также несколько султанскихъ родовъ съ ихъ теленгутами», - деп жалпы уездегі рулардың құрамын баяндаған. Жалпы наймандар уездің оңтүстігін қоныстанған.

Олар Бағаналы мен Балталы тармақтарынан құралған. Балталылар мен Бағаналының Шиғодық, Шегелек (Сары) рулары Сарысу, Құмқоңыр болыстарын мекен етсе, Бағаналылардың Ақ-таз деп аталатын тармақтары Айнакөл мен Жарқайын, Кентөбек болыстарында қоныстанған. Ал Қызыл-таз рулары Кенгір, Жезді, Жарқайын мен Кентөбек болыстарының бр бөлігін мекендеді. Шегелектен тараған Сарғалдақ рулары Ұлытау болысында қоныстанған.

Уездегі арғындар бірінші баласы Мейрамнан тараған Қуандықтан: Алтай рулары Денгіз болысында, Қалқаман – Денгіз, Терісаққан, Қызылкөл болыстарында, Алдияр – Терісаққан, Қызылкөл, Тоқтас руы – Атбасар болыстарында қоныстанды. Ал екінші баласы Сүйіндіктен тараған Төртүл – Терісаққан, Қызылкөл болысында, төртінші ұлы Шегендіктен тараған Қақсал – Атбасар болысында, бесінші баласы Қаракесектен Тоқтауыл – Терісаққан, Қызылкөл болыстарында мекендеген. Арғынның Момын деген әйелінен тараған немерелері Қарауыл – Атбасар, Жарқайын, Кентөбек болыстарында мекендесе, Тобықты Атбасар, ал Тарақты Кентөбек болыстарында қоныстанды. Қыпшақтар Атбасар болысында кездеседі. Одан әрі деректе аталар бойынша таратылған шежірелік кестесі берілген.

Жоғарыдағы мәліметтерден XIX ғ. соңы-XX ғ. басында Атбасар уезінде негізінен найман, арғын рулары мен біраз қыпшақтар кездесетінін анықтаймыз.

Статистикалық экспедиция Семей облысындағы Павлодар, Қарқаралы, Зайсан, Өскемен, Семей уездерін зерттеуі нәтижесінде осы өңірлердегі ру-тайпалық жүйенің ара-жігін ажыратып берді.

Петропавл уезінің тарихын «ҚЖПМ» 4 кезеңге бөліп көрсеткен. Олар: 1). Жоңғарлардың ықпалы кезеңі (150 жыл бұрын). 2). Орыс казактарының келе бастаған кезеңі (100 жыл бұрын). 3). Кенесары көтерілісінен кейінгі кезең (50 жыл бұрын). 4). Соңғы кезең деп атап, оның өзі: а). 1868 ж. Уақытша ережеге дейінгі; б). Қоныс аудару қозғалысының белең алуы; в). соңғы кезең деп бөліп көрсеткен. Соңғы кезеңде зерттеп отырған жылдардағы Петропавл уезінде 8 болыс, 69 ауыл, 1320 қыстақ ауыл, 12629 шаруашылық болды, - делінген.

Ә. Бөкейханов Павлодар, Қарқаралы өңірлерін зерттеуде ел аузынан жинап алынған аңыз-әңгімелер мен шежірені негізге алған болатын. Оның пайымдауынша Павлодар уезіне қазақтар XVII ғ. соңынан бастап қоныстанған. «Негізінен бұл өңірдің тұрақты тұрғындары Орта жүзден шыққан Арғын рулары және шашыранды түрде Қыпшақтар мен Наймандар мекендейді», - деп көрсеткен болатын. Зерттеу экспедициясының жасаған ру-тайпалардың орналасу картасында қыпшақтар уездің солтүстігінде Ертіс өзенінің оң және сол

жақ жағалауындағы жерлерде орналасқан. Ал наймандар басқа рулардың арасында шашыранды түрде қоныстанған, бірақ уездің барлық жерінде азды-көпті кездеседі.

«ҚЖПМ» сүйенсек Павлодар уезінің басқа барлық территориясында негізінен Арғындар мекендейді. Арғындардың ішінде - Мейрам, Басентиін, Қанжығалы рулары және Уақ-Керейлер біркелкі территорияда бір-біріне жақын қоныстанған.

Павлодар уезінің Ақбеттау және Далбын болыстары Сүйіндік Айдаболдың (Ташкентте өмір сүріп, сонда дүниеден өткен арғын тайпасынан шыққан) 7 ұлынан тараған ұрпақтарының қонысы. «ҚЖПМ» аңыз бойынша Айдаболдың ең кенже ұлының немересі, күллі қазаққа танымалы Абылай ханға қызмет еткен (шамамен 1730 ж.) Олжабай батыр болатын. Ол Баянауыл тауларында қалмақтармен соғысып, оларды жеңеді.

Осы ерлігі мен батырлығы үшін хан Олжабайдың руына өңірдің ең шұрайлы Баян-ауыл және Далбын тауларын, Жасыбай көлін сыйға тартқан екен. Содан бері Олжабайдың руы осында көшіп-қонып жүреді екен. Олжабай батырдың белгілі ұрпағы Ә. Марғұланның айтуынша батыр 1709 ж туып, 1785 жылы Еремен тауының сыртындағы Сілеті өзенінің басында қайтыс болған.

Халық аузында сақталған жыр бойынша Олжабай батыр туралы:

Ақтабан шұбырынды» заманында,

Қазақтың қоныс таппай қалғанында,

Қазаққа қоныс тапсам деп айтады,

Олжабай шыбын жаным аманымда,- деген өлең

жолдары батырдың өз елінің қамын ойлап, соңында өз дегеніне жеткендігін айғақтайды.

Шын мәнінде көлемдік батырлар жыры секілді, ел арасынан жинақталған «Олжабай батыр» жыры қазір де ғылым академиясында, орталық ұлттық кітапхана мен М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған. Жыр мәліметтері мен «ҚЖПМ» сақталған аңыз-әңгімелердің де сабақтастығы жоқ емес.

Ә. Бөкейханов сонымен бірге ру-тайпалардың қоныстануы жайлы Далбын болысының жазбаларын пайдаланып, ол бойынша мынадай мәліметтерді алады. XVIII ғ. соңында Ереймен тауларындағы жайлауда Құлболды және Қанжығалы руларының арасында жайылым үшін қақтығыс орын алып, нәтижесінде Қанжығалы руынан 4 адам қаза табады.

Айдабол руынан шыққан атақты Шоң би қаза болғандардың құнын өтеу үшін Ереймен тауларын Қанжығалы руына берілсін деген билік айтады. Осы уақыттан бастап бұл өңір Қанжығалылардың қонысына айналды.


Қанжығалы руы бірнеше атаға бөлінеді: Абыз, Шомах, Құдияр, Қара, Амалдық, Сары, Қарабұжыр, Қаратілес. Оларды Сары-Ажыбай немесе Ажыбай деп атайды. Ақкөл және Шақшан болыстарын Қанжығалылар мекендейді.

Жерсіз қалған Құлболдының шөберелері – Телембет, Наурыз, Ақыл, Сексен, Даниярлар Түркістаннан Қызылтау тауларына орналасты. Мұнда Уақ, Керей, Қарауыл руларының бірлі-жарымы мекендейтін. Құлболдылар Айдабол


руымен бірге Баянауыл, Далбын, Қызылтау өңірінде қыстап, жазда солтүстікте Көкшетау уезіне жақын маңда тұрақтайды.

Атақозы болысы Орманшы руынан құралады. Олар Шу өзенінен 100-170 жыл бұрын XVIII ғ. I-жартысында Павлодар уезінің оңтүстігіне келіп қоныстанған. Бегендік руы да осы уақытта Қарамола болысына келіп тұрақтайды. Бегендік пен Сүйіндік рулары уездің оңтүстігіне шоғырланған.

1). Шақшан болысы:



2). Ақкөл болысында:



«ҚЖПМ»-да Ақсу болысын мекендеген Сырым руы туралы ешбір мәлімет жоқ, - делінген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресі бойынша арғыннан тараған Бәсентиін келе жатып жас сұлу әйел тауып алыпты. Соңынан ерген бір баласы бар екен, және өзі екі қабат екен. Оны сұрағандарға бұл жанға айтпайтын сырым дейді екен. Сонан туылған баланың аты Сырым болып, одан тараған ұрпақ ел-жұрт болып кеткен дейді. Яғни, бұл екі деректе де Сырымның кімнен тарағаны жұмбақ болып қала береді.

Бәсентиін руы Түркістаннан Ертіс жағалауы мен Маралды болысында қоныстанды. Басентиіннан тараған Самек, Баймбет, Күшік Ертіске 1800 ж келді. Маралды болысының қазақтары XIX ғ. басында жаз айларында емін-еркін Обь өзеніне дейін көшіп-қонып жүретін.

XVII ғ. соңында Павлодар уезінің Алтыбай және Алқакөл болыстарының жеріне Бәсентиіннің тармағы Апай рулары келіп қоныстанған. Бұл мәліметтердің негізінде Павлодар уезіне ең алғаш Сүйіндіктерден бұрын Бәсентиін рулары келіп қоныстанған. Сонымен бірге Алқакөл болысына Найманның Айдаболым мен Бозқозы рулары Басентиіндіктермен бір уақытта көшіп келген. Ал Ұрық болысында Бәсентиіндіктермен бірге Қыпшақтың Қосайдар руы қоныстанған.

Қызылағаш болысында Қыпшақтың Жолаба, Елетен рулары қоныстанған. Ел аузында сақталған аңыз бойынша, Қыпшақтың Бұлтынған руы бір жорыққа бара жатып, жолда бір оралған нәрсені тауып алады. Ашып қараса кішкентай ұл бала екен. Олар балаға Жолаба деп ат қояды. Ал Елетен бір жорықта Қыпшақтарға көмектескен жігіт екен. Осылайша Жолаба мен Елетен руын Бұралқы-Қыпшақ деп атаған екен. Ол қисық қыпшақ деген мағынаны береді. Ел аузында «Елетен ел болмайды – ешкі қой болмайды» деген мақал бар екен дейді Ә. Бөкейханов «ҚЖПМ».

Ал Павлодар уезінің Тереккөл болысына XVIII ғ. басында Уақтан – Абрай мен Әжікей рулары, одан 50 ж өткеннен кейін (1768 ж) осы өңірге Ақмола уезіндегі руластарымен араздасып Керей руынан Құдайберділер көшіп келіп қоныс тебеді.

Қорытар болсақ, Павлодар уезінің жеріне XVII-XIX ғғ. аралығында оңтүстік пен батыстан қазақ рулары келіп қоныстанған:

1. Бәсентиін руы Түркістаннан келіп, Алтыбай, Ақсу, Алқакөл, Маралды болысын мекендеген, кейіннен Ертіске қарай ығысқан. Сүйіндік пен Бегендік рулары Павлодар уезінің оңтүстігіндегі таулы аймақтарға, атап айтсақ Ақкелін, Ақбеттау, Баянауыл, Қызылтау, Атакөз, Қарамола болыстарының жерінде орналасты. Ал бұл рулармен бір уақтта Ақкөл мен Шақшан болыстарына Қанжығалы руы келіп орналасты;

2. Батыстан Ертіс өзенінің жағалауына Қыпшақтар келіп қоныстанды. Олар Қызылағаш пен Ұрық болыстарында тұрақтады;

3. Керей руы Қызылағаш пен Теренкөл болыстарына орналасқан;

4. Уақ руы да Теренкөл болысында қоныстанған.

Уезд жеріндегі тайпалардың сандық қатынасы XX ғ. басында мынадай болды: арғындар -27327 шаруашылық, қыпшақтар – 2962, наймандар – 1982, уақтар – 1399, керейлер -376 және төленгіттер – 1352 шаруашылық.

Өскемен уезіндегі ру-тайпалардың орналасуы мен шежіресін «ҚЖПМ» зерттеуші И.Ф. Гусев жинаған. Оның топшылауынша Өскемен уезінде негізінен Орта жүздің Найман рулары қоныстанған. Наймандар – қазақ халқының құрамындағы сан жағынан ең көп тайпаның бірі. М. Тынышпаевтың есептеуі бойынша олардың жалпы саны XX ғасырдың басында 830 мың адамға жеткен. Олар: Бура руы – Шар, Сұлусары, Нарымның бір бөлігін, Құршұм, Үркер, Колбин болыстарын мекендесе, Көкжарлы рулары – Торғын, Нарым болыстарын мекендеді, ал Терстамғалылар – Ұлан, Айыртау болыстарын, Қаратай рулары – Шанғыстай болысын, Матайлар – Құлжүн болысын, Қаракерей рулары – Алтай болысының бір бөлігін, Үркер, Нарым болыстарында, Ақ-наймандар – Алтай, Үркер болыстарының бір бөлігін, Ергенекті Асулбай – Себін, Колбин, Тарғын болыстарында, Мұрын рулары – Колбин болыстарында мекендеді. Осыдан кейін бұл уездегі рулардың тарқатылуы кестелер арқылы беріледі де, әр кесте нөмірленіп отырады. 1 кесте бойынша Наймандардың рубасы Ақсопыдан Өкреш туады. Өкрештен Дамбул, Согурче, Саржомарт тарайды. Деректе: «Потомство Саржумарта носить название Ергенекты, по тамге, дарованному ему ханомь, которому онь служиль докладчиком», - деп Саржомарт атауының шығу төркінін түсіндіріп өткен.

Сондай-ақ, кестелерде көптеген рулар мен оның тармақтарына қатысты, мекендейтін жерлері туралы қысқаша айтып отырады. Ары қарай Дамбулдан Терстамғалы, Согурчеден Қытай, Қытайдан Төлегетай, одан: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуул тарайды. Саржомарттан: Балталы, Бағаналы, Бура, Көкжарлы, Қаратай рулары тармақталады.

«ҚЖПМ» кездесетін ру-тайпалардың карталары негізінен Қарқаралы, Омбы, Ақмола, Өскемен және т.б. уездердегі рулардың орналасуын айқын көрсетеді. Өкінішке орай деректің барлығында дерлік карталары сақталмаған. Өскемен уезіне арналған карта бойынша мұнда найман рулары, сұлтандар мен төлеңгіттер, шала-қазақтар деп бөліп көрсеткен. Найманның Саржомарттан - Жарке, Өтей, Бура, Қаратай рулары, Қара-Керейден – Мұрын, Ақ-Найман рулары сонымен қатар Қарауыл-Жасық, Терстамғалылардың орналасу ареалы нақты бейнеленген.

Қарқаралы уезінде мекендеген ру-тайпалардың картасын Ә. Бөкейхан жасады. Ол бойынша уезде орта жүздің Арғындары: Қаракесек – Таз, Байбөрі, Жалықбас, Танас, Майқы, Машай, Жанту бөлімдері мен Қанжығалы, Қуандық, Қамбар, Тобықты, Қарауыл рулары мекендейді. Сонымен қатар онда Тарақты мен сұлтандар мен төлеңгіттердің мекендеген жерлері көрсетілген.

«ҚЖПМ» «Заселение» деп аталатын бөлімінде Қарқаралы уезінің ру-тайпалық құрылымы туралы құнды-құнды мәліметтер сақталынған. Мәселен, уездің негізгі тұрғындары туралы статистикалық деректе: «Внастоящее время киргизское население уезда в большей своей части принадлежит к различным ветвям рода Каракесек, занимающего всю территорию уезда. Каракесек – кличко одного из сыновей Мейрама от рабыни Каракабат. Имя этого сына – Болат хожа...», - деп уездегі рулардың көбісі арғынның қаракесек руы екендігі айтылады. Сонымен қатар Қарқаралы уезінде арғынның Қуандық, Қамбар, Қаракұл, Қанжығалы, Тобықты және найманның Содыр, Тоқбан (Қожарлы) тармақтары, Тарақты, Қыпшақ, Уақ, Керей сияқты Орта жүздің ірі тайпалары да орналасқан. «ҚЖПМ» уездегі көптеген ру-тайпалардың араласып қоныстануы туралы: «Такая перемешанность родов указывает на то, что Каркаралинский уезд был ареною, на которой происходили в течение долгого ряда лет более или менее бурные столкновения различных народностей, а затем различных племен и родовых групп одного и того же киргизского народа, в конечном результате которых и получилась наблюдаемая ныне группировка родовых и иных групп», - деп айтылған. Деректе осы ру-тайпалардан басқа да атаулар кездеседі. Оларды анықтап, талдау бұған дейінгі Қарқаралы уезіндегі қазақтардың рулық құрамын айқындауға болады.

Қарқаралы уезінде қоныстанған Қаракесек руының атауының шығуы жөніндегі аңыздарды жинап, рудың шежірелік кестесін жасаған алғашқы зерттеушілердің бірі Ә. Бөкейхан болатын. Ә. Бөкейханов Қаракесек руының шежіресін ел аралап жүріп, Қаракесек руы жөнінде халық аузында таралған аңыз-әңгімелерді қағазға түсіре отырып, көнекөз қарттардың айтуы бойынша жасаған. «ҚЖПМ» ол туралы: «Бүкіл Қарқаралы уезін алып жатқан Қаракесек руының шығу тегі туралы, осы уездің бір болысын құрайтын Шұбыртпалы мен Қамбар руының шығу тегі жөнінде, (Қу болысы, №3-ші әкімшілік ауылына

қарасты 18 шаруашылық ауылдың) Мақат Ақайұлы ақсақалдан мынадай аңызды жазып алдым: «қазақтар ертеректе жеті атаға дейін қыз алмау дәстүрін ұстанған. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін өзінің өміршеңдігін көрсетіп келеді. Оған Қарқаралы уезіндегі әбден қартайған кемпірлер дәлел бола алады. Ол кемпірлердің отаны Жетісу, Сырдария өзені, Торғай далалары болып келеді. Алайда кейінгі кездері бұл дәстүр бұзылып, отбасын құруда ислам құндылықтары басшылыққа алына бастады. Арабтардан дін үйреніп келген молдалар жақын туыс адамдардың некесін қия береді. Мақат ақсақал «Ат биеден, ер анадан туады» дей отырып, біздің ұсақталып кеткенімізді дәстүрдің бұзылғандығынан көретіндігін айтты», деп қазақтардың жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінің сол XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында-ақ бұзыла бастағандығын, оның ұрпақтың ұсақталуына тигізетін әсерін атап өткен болатын. Қаракесек руы жайында Мақат ақсақал деректе: «...Мейрам біздің 14-ші атамыз және біздің уездегі қазақтардың барлығы 14-ші атада Мейрамға барып қосылады. Мейрам атамызға қалыңдықты біздің елге алыс жұрттан таңдаған. Ол кездегі дәстүр бойынша қалыңдықты елге туған шешесі әкеліп беруі керек екен. Жолдың алыстығына байланысты қалыңдықтың шешесі мұнда келуден бас тартыпты. Орнына қыздың жеңгесі Шұбыртпалыны жібереді. Шұбыртпалы өзімен бірге Қарқабат күң мен Қамбар құлды ала кетеді. Тойдан кейін жағдай өзгеріп, ел арасы бүлініп, қызды ертіп келген жеңгесі мен күні елдеріне қайта алмай қалады. Ақырында Мейрам әйелінің жеңгесі Шұбыртпалы мен Қарқабатты өзіне қатын қылып алады. Қарқабат күннен Қаракесек атымен танымал болған Болатқожа дүниеге келеді. Бірінші әйелінен – Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік төртеуі тарайды. Ел ішінде оларды «бәйбіше балалары» атап кеткен. Ал Болатқожа, Шұбыртпалы, Қамбар үшеуінің ұрпағы «тоқал балалары» атанды. Шешелері бөлек «бәйбіше балалары» мен «тоқал балалары» кішкентайларынан өзара ұрысып, төбелесіп өседі. Бір күні үлкен ағалары Қуандық пен Сүйіндік кіші бауырларына қатты тиіседі. Болатқожа, Шұбыртпалының баласы, Қамбар үшеуі қораға кіріп алып, кесекпен қорғанады. Осы оқиғадан кейін бұл үшеуі Қаракесек деген лақап есіммен аталатын болды. Кейіннен бұл есім үшеуінің арасындағы ең күштісі Болатқожаның ұрпақтарында қалды», - деп Қаракесек руының қайдан бастау алғаны, шығу тегі туралы аңызға сүйеніп баяндайды. Әрине, Ә.Бөкейханның көнекөз ақсақалдардан жазып алған аңыз-әңгімелер болғанымен, олардың да тарихқа берері мол деп есептеуге болады.

Семей уезі Белағаш болысына байланысты ру-тайпалар тарихын Ә.Бөкейхан жинап, құрастырған. Ол бойынша болыста Наймандар - 215 шаруашылық (14,9 %), Уақтар - 184 (12, 75%), Керей - 195 (13,5 %), Тарақты - 79 (5,49 %), Тобықты - 551 (38,2 %), Қаракесектер - 170 (11,79 %), басқа рулар - 50 (3,37 %) шаруашылықты құрады. Барлығы болыста 1444 шаруашылық болды. Сонымен қатар, Ә. Бөкейхан бұл рулардың орналасуын да көрсетіп берген.

Статистикалық партия Орал облысының Орал, Темір, Ілбішін уездерінде жүргізілген болатын.

Орал уезіне арналған дерек көзінде «Происхождение и родовые связи» деп аталатын тарауда осы өңірдегі қазақ руларының құрылымы мен орналасуы туралы мәліметтер сақталған. «ҚЖПМ» бойынша: «Жиренкөпе болысының қазақтары Кіші жүздің Жетіру (Семиродцы) бірлестігінен тарайды. Олардың көбісі Табын, Тама рулары, Гурьев уезінен кейіннен келген Әлімұлының (Кете руы) аз санды рулары мекендейді», - деп уездегі ең көп санды Табындардың ру-тайпалық шежіресін таратады. Табын тайпасы – Кіші Жүздің Жетіру тайпалық бірлестігіндегі жеті тайпаның бірі және сан жағынан ең көбі болып есептеледі. Зерттеуші Б. Кәрібаестың топшылауы бойынша бұл тайпа негізінен Қазақстанның әр аймақтарында көптеп шоғырланған. Ең негізгі аймақтарына Батыс Қазақстандағы Ақтөбе облысы, Үстірт өңірі, Қызылорда облысының Теренөзек және Жалағаш аудандарының елді мекендері және Өзбекстандағы Қарақалпақ автономиялық Республикасының аудандары.

«ҚЖПМ» бойынша Орал уезінде Табынның немересі Жаманкерейдің екі әйелінен Ақдәулет, Амандәулет, Жамандәулет, Қадір-Үмбет, Туатай, Жылқышы және т.б. ұлдары болды. Амандәулеттің ұрпақтары I, III, IV, VII ауылды қоныстанды (I-де Есембет деген баласының ұрпақтары, III, IV-ауылда Әшібек деген баласының немерелері Ақберлі мен Жиенқұлдың ұрпақтары, VII-ауылда Қадыр-Үмбеттен тараған Бүргенің ұрпақтары орналасты).

Туатайдың ұрпақтарының жартысы I-ші ауылда, II-ші ауылда түгелімен мекендеді. Туатайдың Қожаболат пен Шабай, Жанатай деген ұлдарынан тарағандар Қарағаш болысында, Жиренкөпе болысындағы II-ауылда Есенгельдіден тараған ұрпақтары қоныстанды. Андәулеттің ұрпақтары IV-ауылда, ал негізгі бөлігі Қарағаш, Қарашағанак, Шелек болыстарында мекен етті.

Жылқышы ұрпақтары Сармантак, Самурат, Мұрат және т.б. болыстың шығыс бөлігіндегі V, IX, VIII және VI-ауылдың батыс бөлігінде қоныстанды.

Темір уезінде дерекке сүйенсек негізінен Кіші жүздің Әлім ұрпақтары қоныстанған. Темір-Ұрқаш болысының III, VI және VIII-ауылдары өздерін Назар, ал Ембі-Темір болысының II және VII ауылдары өздерін Жакей деп атайды. Темір-Ұрқаш болысының II-ауылында Жетісудан келген қарақырғыздар орналасқан, олар бұдан басқа Ырғыз уезінің Шынғыл болыстарындағы 2 ауылда тұрады.

Торғай облысының Қостанай, Ақтөбе, Торғай, Ырғыз уездері статистикалық партиялар тарапынан зерттеу нысанына алынған болатын. Соның ішінде Қостанай мен Ақтөбе уездері екі рет зерттеуге алынды.

Ырғыз уезінде «ҚЖПМ» бойынша Сырдария облысынан жазда көшіп келетін Кіші жүз ру-тайпалары мекендеген. Деректе ол туралы: «Главною составною частью населения этого уезда являются роды Малой Орда: Шумекей, занимающий восточные волости – Таупскую, Кенжегаринскую, Аманкульскую, и Терткара, расселившийся по срединным волостям – Тулагайской, Териклинской, Темираставской, Кызылжарской, Баксайской и Талдыкской. Эти роды составляют и главную массу населения Казалинского уезда Сырдаринской области», - делінген. Уездің оңтүстік-батыс бөлігінде де Кіші жүздің рулары қоныстанған. Онда Құланды, Ордақонған болыстарында

Шекті, ал Қабырға, Қарасай болыстарында қаракесек рулары, Шенгел болысын Телеу рулары қоныстанған.

Ырғыз уезін Сары-Тоғай болысындағы ІХ-ауылда қара-қырғыздар, ал қалған территориясының барлығында дерлік Кіші жүздің: Шөмекей, Кете, Аспап, Шекті, Әлім, Алтын рулары қоныстанған. Шөмекейлер шығыс бөліктегі – Тауіп, Кенжеғарын, Аманкөл болыстарында орналасса, Төртқара орталықтағы Тулағай, Тереклі, Темірастау, Қызылжар, Бақсай, Талдық болыстарында қоныстанды. Демек, дерек мәліметтеріне сүйенсек Ырғыз уезінде негізінен Кіші жүздің өкілдері тұрақтаған. Және ондағы ру-тайпалардың көбісі жан-жақтан, әсіресе, Сырдария, Орал, Жетісу облыстарынан жайлау іздеп көшіп келгендерден құралатынын көрсетті.

Ақтөбе уезіне арналған дерек көзінде ру-тайпалық құрылыстың қазақ қоғамында алатын орны туралы: «Родовой быт, с его архаическими формами общежития, сохранился еще всюду в степях настолько, чтобы можно было проследить самую тесную связь и зависимость между родовым началом и существующими формами общественных и хозяйственных отношений населения... родовая схема по Актюбинскому уезду, по которым видно, из каких родов и из какой орды были первые засельщики нынешнего уезда и как затем эти родовые деревья разрастались и давали ветви для существующих ныне общин. По каждому хозяйственному аулу отмечены также имена нынешних главарей родовых групп – аксакалов, старших и наиболее почетных лиц аула», - деп, бұл мәліметтердің ру-тайпалардың қатынасы мен олардың пайда бола бастауынан соңғы тармақтарына дейінгі тарихын білуге болатынымен құнды екендігі атап өтілген.

Ақтөбе уезіндегі жалпы халық санын «Болыстар бойынша қорытынды» деп аталатын статистикалық кестелерден де алуға болады. 1899 ж. санақ бойынша Ақтөбе уезіндегі ер мен әйел саны: Аралтөбе болысында - 8662, Ойсылқара - 8747, Тереклі - 10255, Ақтөбе – 6741, Бестамақ – 10178, Бөрілі – 7363, Бөргі – 12431, Қаратоғай – 8490, Елек – 5961, Қарахобды – 5779, Түзтөбе – 11215, Хобды – 8619 болды.

Ал Қостанай уезіне қатысты «ҚЖПМ» дерек көзінің «Заселение уезда и земельные порядки» деп аталатын 2-тарауында: «Киргизское население Кустанайского уезда составляют пять крупных родов: Керей, Аргын, Кипчак, Джагалбайлы и Жаппас. Первые три рода принадлежат к Средней Орде и занимают северную часть уезда, волости Мендыгаринскую, Убаганскую, Аман-Карагайскую, Ара-Карагайскую и Дамбарскую, а другие два рода, принадлежащие к Малой Орде заселяют южную часть уезда», - деп, Жағалбайлы рулары Құмақ пен Жетықара болысын, ал Жаппастар Бестөбе болысында қоныстанғаны баяндалған. Одан әрі деректе Бестөбе болысында тұрақтаған Кіші жүздің рулары туралы: «Большинство киргиз Бестюбинской волости принадлежит к баюлинскому поколению Малой Орды, ведущему свое происхождение от Жаппаса, переселились они сюда из Сырдаринской области на свои старья летовочныя места в конце сороковых годов, прошлого столетия», - деп бұл рулардың Сырдария облысынан 1740 ж. көшіп келгендігін баяндаса, екінші жағынан жаппас руларының Байұлынан тарап, Кіші жүздің

құрамына кіретіндігі айтылады. Осы болыстың құрамындағы Телеу тайпасы жөнінде «ҚЖПМ»: «В состав волостей входят так же 437 хозяев, считающие свое происхождение от телеу, принадлежащего к семиродскому (Джетру) отделению Малой Орды. Последние поселились в Бестюбинской волости лет на 10 позднее джаппасовцев», - делінген. Бұл мәліметтерден ол рулардың осы өңірге 1750 ж келгендігін аңғару қиын емес.

Одан әрі Жағалбайлы руларының қоныстары туралы: «Джагалбайлинцы, заселяющие ныне Джетыгаринскую и Кумакскую волости, до половины сороковых годов кочевали преимущественно на пастбищах, которыя позднее вошли в состав Иргизского уезда, и по левому берегу реки Урала, где теперь находятся Суюндукская и Джилкуарская волости Кустанайского уезда». Әрине, бұл мәліметтерден біз тек жағалбайлы руларының қоныстануын ғана емес, уездер мен болыстардың территорияларының өзгеріске ұшырауы туралы да құнды ақпараттар ала аламыз.

Қостанай уезіндегі арғын рулары Обаған мен Аман-Қарағай болыстарын қоныстанды.

Қазақ халқының құрамына рулардан басқа, генеологиялық қатынастарға түспейтін субэтникалық топтар да кіреді. Субэтникалық деген ұғым этностан аздаған әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері бар, өздерінің тілдік, территориялық оқшаулығы сезілетін және ең бастысы өздерін бөлекше этнографиялық топ есебінде танитын этностың ішіндегі бөлшектерге қатысты қолданылады.

Көшпелі қазақ құрамына ертерек уақытта араласқан және этнос түзуші фактор қызметін атқарған субэтникалық топтардың бірі төрелер. Төрелер қазақ құрамында ақ сүйек саналады, сұлтан мен хандар тек төрелерден сайланады. «ҚЖПМ» төрелер, олардың тұрақтары туралы мәліметтер де сақталынған. Мәселен, «Черняев пен Әулиеата уездерінің қиылысында Шу өзені бойындағы Бескепе деген жерде Жылыбұлақ болысының № 5/VIII ауылындағы тұрғындарды 45 шаңырақтан құралған Төрелер – қоқандықтарға тәуелді болған, қазақ ханы Қанхожа (Аблай ханның ұрпағы) ұрпақтары», делінген. Төре болған жерде төлеңгіттер міндетті түрде болды. Төлеңгіттер деп төре маңында жинақталатын, төренің қамқорлығындағы топты атайды. Қанхожа ұрпақтарының төлеңгіттері қазақтардан, қырғыздар мен қалмақтардан және әртүрлі рулардан құралғандығы туралы деректе айтылған.

Атбасар уезіне арналған «ҚЖПМ» төлеңгіттердің шығу тегіне мүліктік қатынастар ешқандай әсер етпеді делінген. Олар өз руларынан ажырап қалып, даланың тәртібі бойынша өздерін қорғаштап, қол астына алатын хандарға қызметке кіріп, оны қорғаушысы мен жұмысшысына айналды. Төлеңгіт сөзі «төлеу» сөзінен шыққан, олар ханға қызмет еткені үшін егесі оны өз қол астына алып, қорғаған. Төлеңгіттер бір ханнан екіншіге еркін ауысып отырған. Олардың көбі өздерінің шығу тегін ұмытып, хандық билік жойылғаннан кейін де өздерін төлеңгіт деп атайды деп деректе көрсетілген.

Қарқаралы уезіне арналған дерекке сүйенсек, онда «Султаны монгольскаго племени, а толенгуты представляют конгломератъ отщепенцевъ разныхъ родовъ и даже племень, составлявшій дружину султановъ», - деп оларды Шұбартау болысындағы қалмақтар, татарлар, белгісіз басқа ру-тайпалардан

тұратын №65, 67, 36-38, 40, 41 және т.б. ауылдарда мекендеді деп көрсетеді. Қазақтың этникалық құрамына кіретін тағы бір субэтникалық топ – қожа Қожалар да төрелер сияқты қара қазақпен араласпайтын эндогамиялық топ. Қызды тек өз ішінде ғана алынады. Қыздарын қазаққа бермегенімен төрелер де қожалар да қазақтың қыздарын алып отырған, тек бірінші әйелдері өздерінің этнографиялық тобынан болуы шарт. Төрелер мен қожалар «ақ сүйек» немесе «асыл сүйек» саналған. Қожалардың қоныстанған аймағы туралы деректе: «Кроме того, по Чу и Таласу живут несколько семей Ходжи, потомки, по однимъ сведеніямъ, сподвижниковъ пророка, по другимъ – благочестивыхъ людей, наставлявшихъ народъ въ вере», - деп деректе оларды қарапайым қазақтар сыйлап, қожаларға түрлі сый-сияпат жасайтындығы, ал қожалардың өздері қара халықпен некелік қатынастар жасамайтындығымен және ақ шалма мен ашық түсті халаттар киюімен ерекшеленетіндігі баяндалған.

Ошақты болысындағы № IX ауылда үлкен мешіт салғызған Ирмұхаммед-сеид-қожа Абдолла-сеид-қожаұлының хабарлауы бойынша: «Жергілікті қожалар Бұхарада өмір сүрген үш қасиетті адамдардан тараған: Аппақ-сеид-қожа, Хафыз-сеид-қожа, Мағады-сеид-қожа. Оның біріншісінің ұрпақтары Әулиеата мен Черняев уездерін мекендесе, екіншісінің ұрпақтары Әму-Дарья бөлімшесінде, үшіншісі Перовскі мен Черняев уездерінде өмір сүрген», - делінген.

Қарқаралы уезіне арналған деректе қожалар туралы: «Кроме того, в уезде имеется небольшое число кожа, духовная сословие степей, считающихъ себя потомками IV Халифа Али и потому отличающихъ себя от прочих племен», - деп қожалар негізінен уездің №76, 36-42, 133, 31, 32 ауылдарында тұрады деп көрсеткен.

Деректе ақсақал сөзіне мынадай анықтама берілген: «Аксақалом, что значитъ белобородый, является почетный, уважаемый человек, имеющийъ вес при решении хозяйственных и иныхъ вопросов», - делінген. Демек әрбір зерттеуге алынған ауылдар ақсақалдықтардан тұрды. Оларды басқарған ақсақалдар көпті көрген, халық арасында сыйлы да беделді, шаруашылық пен басқа да мәселелерді шешуде салмағы бар адам болған. Олардан зерттеушілер қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымын, шаруашылығы мен мал санын және т.б. анықтап алып отырған.

Сонымен қатар, деректе осы уездердегі жалпы Ұлы, Орта, Кіші жүздердің саны туралы мәліметтер берілген.

Төмендегі кестеде көрсетілгендей Әулиеата уезінде негізінен Ұлы жүздер 7385, ал Черняев уезінде Кіші жүздер 1293 адам қоныстанған.

Кесте 14 - Әулиеата мен Черняев уездеріндегі үш жүздің жалпы саны

Қырғыз-қазақтар	Әулиеата	Черняевск	Барлығы
Ұлы жүз	7385	114	7499
Орта жүз	626	201	827
Кіші жүз	-	1293	1293
Төре мен төленгіт	-	45	45
Барлығы	8011	1653	9664

Зерттеу объектісі болып отырған «ҚЖПМ» көптомдық дерек көзінде сондай-ақ ру-тайпалардың шежірелік кестелері түзілген болатын. Олардың өзі «Сведения о киргизских ордахъ и родахъ, вкочевывающихъ въ Кустанайскій уездъ изъ Сырдарьинской области и изъ другихъ уездовъ Тургайской области», яғни, зерттеліп отырған уезге басқа уездерден көшіп келетін ру-тайпалар туралы мәліметтер және «Сведения о киргизскихъ ордахъ и родахъ по волостямъ Кустанайскаго уезда» деп аталатын сол уездегі болыстар бойынша ру-тайпалардың орналасуы туралы мәліметтер беретін әр уездің ерекшелігіне сай келетін кестелерден тұрды.

Сырдария мен Торғай облыстарынан Қостанай уезіне негізінен Орта жүзден Арғыннан тараған Керей, Үмбетай, Әлімбет рулары мен Кіші жүздің Байұлынан Алаша, Алтын, Жаппастар, Әлімұлынан Кете, Жетірудан Табындар жаз жайлауға көшіп келетін болған. Уездегі болыстар бойынша ру-тайпалардың орналасу кестесі бойынша да біршама нақты мәліметтер алуға болады. Мәселен, Меңдіқара болысында – Орта жүздің Керей рулары, Кенарал болысында – Қыпшақтар, Обаған болысында - Арғындар, Арақарағай болысында – Қыпшақтар мен Кіші жүздің Байұлынан тараған Жаппастар мекендеді.

Қарабалық болысында Қыпшақтың Қара қыпшақтан тараған рулары мен Табын (Жетіру), Жаппас (Байұлы) рулары, Аманқарағай болысында Арғынның Ермен, Басентин, Әлімбет, Баймбет, Қырықмылтық, Тонмойын, Өтей рулары мен Қыпшақтың Қарабалық, Көлденен ұрпақтары қоныстанды. Дамбар болысында Қыпшақтың Шуманақ, Танабұға, Сопы, Жолжақсы руларының ұрпақтары мен Жаппастың Сумұрын, Баймұрат, Наурыз рулары мен Тама мен Жағалбайлы рулары қоныстанды. Бестөбе болысында Үйсін мен Шанышқалы рулары және Кіші жүздің Жетіру тайпалық бірлестігінің Телеу, Жағалбайлы, Табын, Тама, Кердері, Керейт пен Рамадан рулары, Байұлының Жаппас, Алаша, Алтын, Серкеш, Байбақты рулары мекендеген. Жетіқара болысында негізінен жағалбайлы, тама, табын рулары мен алаша мен жаппас ру тармақтары мекендеген.

Құмақ болысында жағалбайлы руы, Сарыой болысында қыпшақ пен арғын, шөмекей, жаппас, алтын рулары қоныстанған. Шұбар болысында жаппас, қыпшақ, арғын рулары, Жылқуар болысында жағалбайлының Лез, Мырза аталықтары мекендеді, ал Сүйіндік болысында жағалбайлының Мырзадан тараған Сирақты, Бозбет, Малатау, Аққожа, Бескүрек, Ормантай аталықтарының ұрпақтары қоныстанған. Демек, Қостанай уезінде дерек бойынша Кіші жүздің жетіру, әлімұлы, байұлы рулары мен Орта жүздің қыпшақ пен арғын рулары шашырай қоныстанған екен.

Ал Ақтөбе уезіне Орал мен Торғай облыстарының басқа да уездерінен көшіп келетін қазақ рулары туралы кесте бойынша негізінен Кіші жүздің Әлімұлынан тараған Қара-сақал, Қаракесек, Төртқара, Шекті, Шөмекей, Кете рулары мен оның тармақтары көрсетілген. Ал Ақтөбе уезіндегі болыстар бойынша рулардың орналасуы туралы шежірелік кестелерде рулардың орналасуы мен тармақталуы туралы былайша көрсетілген: Ойсыл-Қара болысында Кіші жүздің Байұлынан Алтын, Жаппас рулары, Әлімұлынан Қаракесек пен Шекті, Жетіру тайпаларынан Тама мен Жағалбайлы рулары

мекендеген. Тереклі болысында Жетірудан тараған Жағалбайлы руларының Мырза мен Ілестен тараған 10-12 аталықтары мен Әлімұлының Кете, Шөмекей рулары мекендейді. Олардың аталықтарының тізімдері де берілген.

Бестамақ болысында Жетірудың Тама мен Табын рулары, Әлімұлының Монақ, Ақсы, Жаманақ, Шөмекей, Шекті рулары мекендеген. Бөрілі болысында Әлімұлының шекті, төртқара, қаракесек, қарасақал, байсары руларының ұрпақтары мен Жетірудың тама, табын, Жағалбайлы, телеу, кердері, рамадан, керейт руларының тармақтары мекендеген.

Бұл шежірелік кестен байқағанымыз Бөрілі болысында Жетіру бірлестігінің 7 руы да мекендеген екен. Ал Бөртін болысында Ұлы жүзден Қырғыз, Орта жүзден Уақтар, Кіші жүздің Әлімұлының шекті, шөмекей, төртқара, қаракесек рулары, Жетірудың тама, табын, кердері рулары, Байұлының Алаша деп аталатын рулары мекендеген. Үш жүздің біраз рулары қоныстанған мекен болғанымен, көпшілігі кіші жүздің рулары қоныстанған.

Қаратоғай болысында Әлімұлының Шөрен, Жетірудың тама, табын ру тармақтары мекендеген. Ал Елек болысында Жетіру тайпаларының тама мен табын рулары ғана қоныстанған. Қара хобды болысында Орта жүздің Уақ рулары мен Әлімұлының қаракесек, кете, шекті рулары, Жетірудың кердері, табын, тама рулары мекендеген.

Түзтөбе болысында уақтар, табын, тама, Әлімұлынан тараған Өжірей рулары мекендеген. Хобды болысында табындар қоныстанған. Демек, бұл шежірелерде тек қана аталықтардың тармақталуы ғана берілмей, біріншіден, негізгі қоныстанған болыстары мен әкімшілік ауылдары, екіншіден, ең соңғы яғни, тірі ұрпақтарының аттары да берілген.

Атбасар уезінің болыстар бойынша рулардың орналасу кестесі бойынша Атбасар болысында Орта жүздің қыпшақ пен арғын рулары қоныстанған.

Демек, «ҚЖПМ» дерегінде кездесетін ру-тайпалық шежіре-кестелердің де маңызы мен құндылығы жоғары. Олар зерттеушілердің ойынан алынған дүние емес. Білімді де беделді, көпті көрген, көпті білген көнекөз қариялар мен ауылды басқарған ақсақалдардан сұрап жазып алынған.

Бір қызығы әрбір рудың көсемі өз руының шежіресін таратып беріп, зерттеушілер олардан басқа бір рудың шежіресін сұрағанда, шатастырармыз деп, басқа рудың тарихын айтудан бас тартқан. Бұның өзі дерек көзінің құндылығын жоғарылататына сөзсіз. Өйткені, әркім өз руы мен көрші қандас рулардың шежіресін жақсы білгенімен, басқа рулардың тарихын білмеуі немесе кейбір маңызды оқиғаларды ұмытып қалуы мүмкін.

Сондықтан да, мұның өзі шежіре-кестелердегі мәліметтерді әлі де болса басқа да неғұрлым объективті деректермен салыстыра талдауды қажет етеді. Біз зерттеу жұмысымызда барлығын түгелімен қамтып шықтық деуден аулақпыз. Бұл өте ауыр әрі күрделі жұмыс болғандықтан болашақта да зерттеуді қажет етеді.

Қорыта келгенде «ҚЖПМ» ру-тайпа бірлестігінің тарихы баяндалған мәліметтердің маңызы өте зор. Олардың қазақ тарихын терең зерттеп, зерделеуде, халқымыздың өткенін этникалық, саяси, тарихи тұрғыда толықтырып, байытудағы орны ерекше. Бұл деректен:

- қазақтардың әлеуметтік тарихынан;
- этнографиясынан;
- ру-тайпалық құрылымынан;
- рулардың қоныстануы мен көшіп-қонуынан құнды әрі объективті мәліметтер алуға болады деп тұжырымдауға болады. «ҚЖПМ» дерек көзін талдай отырып әр облыс пен уездегі қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктетерін байқау қиын емес.

Бұл деректе сақталған мәліметтер бойынша сонау ХІХ ғасырдың соңындағы - ХХ ғасырдың басындағы қазақтардың күрделі этникалық жүйесі мен қоныстануының біршама толық суретін көруге болады. Дерек бойынша ру-тайпалардың Қазақстан территориясына орналасуы бүгінгі күнгімен салыстырғанда көп өзгеріске ұшырамаған.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшелігі.
2. «ҚЖПМ» дерегінен қазақтардың ру-тайпалық құрылымы туралы мәліметтерді алу жолдары.
3. «ҚЖПМ» дерегіндегі ру-тайпалар туралы статистикалық мәліметтерді талдау әдісі.
4. «ҚЖПМ» кездесетін карталарды пайдалану жолдары.
5. «ҚЖПМ» басқа дерек көздерімен салыстыра талдау.

3.2 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» қазақ ру-тайпаларының шаруашылық-экономикалық тарихының дерегі.

ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы дәстүрлі қазақ шаруашылығының ыдырауы мен капиталистік қатынастардың қалыптасуы және қоғамдағы әлеуметтік дифференциациялау тереңдей түсуімен сипатталды. Бұл кезеңде Қазақстанның экономикасы біркелкі дамыған жоқ.

Қазақстан территориясының әрбір облыстың бір-бірінен табиғи-климаттық жағдайларының ерекшелігімен, тарихи қалыптасқан жағдайына байланысты, темір жол мен рыноктарға, шаруашылық және мәдени орталықтарға жақындығына байланысты экономикалық даму үрдісі де әр өңірде әртүрлі деңгейде болды.

Қазақтың кең далалы аймақтары мен таулы жерлерінде, қуаң шөлейттер мен орманды зоналарда түрлі шаруашылық типтері дамыды. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Қазақстан жерінің табиғи жағдайындағы ерекшеліктеріне және қазақ елінің басынан өткізген әртүрлі тарихи кезеңдерге байланысты Қазақстанның әр жерінде мекендейтін қазақ жұртшылығының шаруашылығында да айтарлықтай өзгешіліктер болды.

Мұндай өзгешіліктерді топтай келіп, негізінен, шаруашылықтың үш түрін белгілеуге болады. Бұлар: 1) көшпелілік жағдайда мал өсіру; 2) жартылай көшіп

мал өсіру, қыстау төңірегінде егін салу; 3) отырықшылық жағдайда мал мен егін шаруашылығын қатар жүргізу.

Тарихшы Б. Сүлейменов өз еңбегінде Қазақстан территориясын ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында шамамен екі зонаға бөлуге болады: а). біріншісі – солтүстік, солтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс аймақ, бұл аймақта халық мал шаруашылығы мен жер өңдеумен айналысады; б). екінші – орталық территорияның көпшілік бөлігі, оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтардағы тұрғындар мал шаруашылығымен айналысты деген болатын.

Осы кезеңде негізгі шаруашылық мал өсіру болды. Онымен халықтың 64,8% айналысты, ал отырықшы суармалы егіншілікпен 26,4%. Зерттеліп отырған кезеңде өнеркәсіп өндірісі дамымай, қалыс қалып отырды, тек ұсақ қолөнер өндірісі ғана негізінен қазып шығаратын және өндіретін өнеркәсіппен айналысты. Жалпы Қазақстан ХІХ - ХХ ғғ. дәстүрлі шаруашылығы мен феодалдық-патриархалды қоғамы бар таза аграрлық өлке есебінде болды. Бұл кезеңде капиталистік қатынастар жанадан қалыптаса бастады.

«ҚЖПМ» сақталған ақпараттардың негізінде қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы, егін егуі, қолөнермен айналысуы туралы құнды мәліметтер алуға болады. Бұл экспедицияның негізгі мақсаты қазақтардың шаруашылығына қажетті «жер мөлшерін» анықтау болғандықтан, зерттеушілер ең алдымен олардың шаруашылық типтерін, оған қажетті жер мен құрал-саймандарды есептеген болатын. Әр жердің табиғи ерекшеліктеріне сай әрбір уездің шаруашылығы бөлек қарастырылған еді.

«ҚЖПМ» қазақтарда жер шаруашылығымен айналысу әлсіз немесе мүлдем дамымаған, оларға егін егуді орыс мүжықтары үйретті деген тұжырымдарға толығымен тойтарыс беруге болатын мәліметтерді алуға болады. Мәселен, Шымкент уезіне арналған деректе бұл өңірдің тұрғындарының 83,38% отырықшы шаруашылықпен, ал 16,62 % көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындығы айтылған. Бұл туралы: «... хотя киргизы (қазақтар) в Чимкентском уезде и считаются кочевниками, тем не менее они обезпечены пахотными угодьями значительно выше средней крестьянской семьи в Европейской России» Ақмола уезінің ру-тайпалардың шежірелік кестесі бойынша уезде негізінен арғын рулары мекендейді. Оның үлкен әйелінен: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, кіші әйелінен: Шұбыртпалы (Токтаубыл), Жалықпас, Қамбар, күнінен Болатқожа (Қаракесек) және өкіл баласы Қаржасты таратады. Қуандықтың өзінен: Есенқарт, Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш руларынан тұрады. Олар кесте бойынша Есенқарт ұрпақтары: Қалқамандар Есім болысында, ал Ағыстар Шерубай-Нұрын болысында, Алтай ұрпақтары: Мойын – Рахманқұл, Мұрат ұрпақтары және Санғай – Ақбура, Тоқбура, Байбура рулары Ақмола, Спасск, Шерубай-Нұрын болыстарында қоныстанды. Жалпы арғындардың басқа да ру-тармақтары сонымен қатар Нұрын, Жыланды, Нелды, Қарағаш, Моншақты, Қоржынкөл, Еремен болыстарын қоныстанды. Ал қыпшақтар Есім, Ақмола, Жыланды, Моншақты, Қызылтау, Қызылтопырақ, Нұрын болыстарын мекендеді.

Ақмола уезіне арналған ру-тайпалар картасы бойынша онда Арғынның: Момыннан – Қанжығалы, Атығай, Басентеин рулары мен Мейрамнан: Қуандық,

Сүйіндік, Бегендік рулары қоныстанған. Сонымен қатар уезде Керей, Уақ, Қыпшақ рулары мен қара-қырғыздар, төрелер, төленгіттер де бар.

Петропавл уезінде дерек мәліметтеріне сүйенсек 4 ірі рулардан Арғын, Керей, Уақ, Қыпшақтар мен төре мен төленгіттерден құралған. Деректе: «Род Керей представлен в уезде четырьмя отделениями, расположившимися по территории уезда в следующем последовательном порядке: На границе с родом Атыгай (Арғын) расположилось самое малочисленное отделение Кереев, род Балта; затем рядом, по границе Становской и Пресновской волостей – род Кошубе, далее – самый сильный род Смаил, и, наконец, находящийся с тремя перечисленными родами в отдаленном родстве, Сван, расположился на западе (южная часть Пресногорьковской волости) между чуждыми ему родами Уақ, Кыпшақ и Канджигалы...», - деп уездегі Керей руларының тармақтарының қоныстарын көрсеткен болатын.

Бұдан көретініміз уездегі Арғын мен Керей рулары барлық тұрғындардың 3/4 құрайды екен, ал Уақтар 1/5, басқа тұрғындар 3 % шаруашылықты құрайды. Дерек көзіне сүйенсек Есіл өзенінің шығысында Арғындар, солтүстік-шығысында Уақтар, батысында Керей мен Уақтар көршілес мекендеді, ал олардың арасында Арғынның Қанжығалы руы Қыпшақтармен көршілес орналасқан.

Шын мәнінде Оңтүстік Қазақстанда Сырдария, Арыс өзендері мен Қаратау баурайларында табиғаты бай, суару жүйесі дамыған, егін егуге қолайлы болып келеді. Мұнда ерте заманнан бері егін шаруашылығымен айналысады. Статистикалық партия мүшелері бұл өңірлерде жерді пайдалану, егін егу ісі ертеден 60-100 жыл бұрын қалыптасқандығын атап өткен.

А.Г. Серебренниковтың «Түркістан өлкесі және оның жаулап алынуы тарихының материалдар жинағы» Өзбекстан Республикасының мемлекеттік мұрағатында №715 қорда (72 іс) 74 том болып сақталуда. Мұнда Сырдария облысының әлеуметтік-шаруашылық, ру-тайпалық, саяси тарихына қатысты көптеген құнды деректер бар. Онда «Ұлы жүз қазақтарының егіншілікпен ертеден айналысып, бау-бақша өсіру, астық пен тары дайындау мен оның саудасымен табыс табудың пайда көзіне айналдырып отырғаны» баяндалған.

Бұл ХІХ ғ. 40-70 жылдарындағы мәлімет екендігін ескерсек, онда Сырдария облысында егіншілік қара шекпенділер келгенге дейін-ақ дамығандығы дәлелдеуді де қажет етпейді. Төмендегі кестеде Шымкент уезінің егін шаруашылығымен айналысатын жерлердің көлемі берілген.

Кесте 15 - Сырдария облысы Шымкент уезіндегі егін егетін жердің көлемі

Ауданның атауы	Шаруашылық саны	Десятина				Бір шаруашылыққа			
		Жыртылған жер		Орылған жер		Жыртылған жер		Орылған жер	
		П*	Н*	П	Н	П	Н	П	Н
Дала	4909	45478,06	3715,06	7635,26	3170,56	9,26	0,75	1,55	0,64
Таулы	4012	28331,93	16536,49	4872,65	6696,59	7,06	4,12	1,21	1,66
Барлығы	8921	73810,21	20251,55	12507,91	9867,15	8,27	2,27	1,40	1,10

*П – суарылмалы жер

*Н – суарылмайтын жер

Статистер Шымкент уезін далалы және таулы аймақтарға бөліп, егін егетін жерлерді 3 негізгі түрге бөлген:

1. суармалы егін егетін аймақ

2. табиғи суармалы аймақ
3. суарылмайтын далалы аймақ.

Уездегі орташа шаруашылық далалы райондарда – 9,2 десятина егістік жерді құраса, таулы аймақтарда – 9,3 десятинадан тұрды. Статистердің есептеуі бойын:

Далалы: $9,2+0,48\approx 9,68=9,7$ дес. егістік жер

Таулы : $9,3+0,23\approx 9,53=9,5$ дес. егістік жер

Мұндағы 0,48 бен 0,23 қосымша жоңышқа егілетін жер есебінде болды.

Сырдария облысында Далалы облыстарға қарағанда егін шаруашылығы жақсы дамыған. Статистикалық кестелерге қарағанда Шымкент уезінде жаздық бидай, күздік бидай, сұлы, қара бидай, тары, жүгері, зығыр, күріш, нохат, мақта, күнжіт, қауын, чечевица бұршағы, арпа, бұршақ және т.б. дақылдар егілетін болған.

Дерек мәліметтеріне сүйенсек осы уездің қазақтары егін егетін жерлерінде бір жылы бидай, екінші жылы арпа, үшінші жылы басқа өсімдікті егу арқылы жердің құнарлығын сақтаған. Алма кезек егіс егу әдісі жердің эрозияға ұшырауынан сақтаған. Сонымен қатар қазақтар егістікті омашпен (сохамен) немесе моноймен жыртып, қолоракпен орған. Жер жыртытын «омашты» Атбасар уезіне арналған «ҚЖПМ» «Тыз» (омаш) қаздың табанына ұқсайды. Бұл қайыңнан жасалған. Оның жоғарғы жағынан жетек ағаш орнатылған, төменгі тік бұрыш болып келетін жұмыр жеріне қазақтың қолдан жасатқан «тызы» кигізілген. Тыз – тіс деген мағына береді. тызға парлап өгіз, ат, не болмаса түйе жегіп, жерді екі қарыс тереңдікте жыртады», - деп суреттеген.

Бұл мәліметтерден оңтүстіктегі қазақтардың бұрыннан-ақ егін егіп күнелткенін байқауға болады. Тарихшы Н.Г. Апполова көптеген материалдарды зерттей келе: «Әсіресе, оңтүстікте атап айтқанда, Сыр бойында тұратын қазақтардың жер шаруашылығымен айналысуының тамыры тереңде жатыр, олардың егіншілікпен айналысуына Хорезммен көрші тұруы, сондай-ақ Қарақалпақ диқандарының ықпалы мол болды», - деп қазақ елінің ертеден бері егіншілікпен айналысуын атап өткен.

Бұл ретте зерттеуші Қ.Қ. Құсайынұлының: «XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған орыс шаруаларының қазақ жеріне келіп қоныстануы – қазақтардың егіншілікпен айналысуына әсерін тигізді, оны тездетті, әрі оның сапасын өзгертті деген қағида ойдан шығарылған. Мұның астарында Ресейлік отарлаушылар пиғылы жатқан», - деген пікірді «ҚЖПМ» дерегі де дәлелдей түседі.

Алайда егеменді ел болғанмызға бірнеше жылдар өтсе де, әлі күнге дейін орыс мүжықтарының қазақтарға егін егуді үйретті деген пікірден танбайтындар да кездеседі. Мәселен, зерттеуші Д.Я. Фризен XX ғасырдың басында Батыс Қазақстанда қазақтар мен переселендердің егін егу мөлшері артты, оған әсер еткен қонысаударушылар екендігі атап өтілген. Ресей империясы мүмкіндігінше құнарлы, шөбі қалың, суы мол жерлерді таңдап алып, қазақ халқынан тартып алып, қоныс аударушыларға бергенде осы бір қасаң қағиданы негізге алып, дәйектеп отырған.

Шын мәнінде егін шаруашылығы қазақтардың арасында кең түрде тарала бастағанымен де көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығы біртіндеп күри бастады. Өйткені, сол кезеңде Ә. Бөкейхан айтып кеткендей қазақ даласында кең көлемде егіншілікті дамытуға экологиялық фактор мүмкіндік бермеді. Ол қазақтардың егіншілікті мал шаруашылығына қосалқы кәсіп ретінде ғана қарап келгендігін және мұның, орыс шенеуніктері ойлағандай, қазақтардың жалқаулығына байланысты емес, табиғат пен жер жағдайынан туындап отырғанын атап өтті.

Торғай-Орал партиясының құрамында болған Т. Седельников өз еңбегінде: «Қазақ қырынан біз шаруашылық жүргізудің кезеңдік түрлерінің – сонау көшпелі жайылымдық, мал шаруашылығынан, таза егіншілікке, тіпті кәсіпшілікке дейінгі түрлерінің бәрін табамыз және олардың өзара тығыз байланысын байқаймыз», - деп атап өткен болатын.

Кең байтақ Қазақстан жерін ежелден бері мекендейтін қазақ халқы бұл араның табиғи-географиялық жағдайына сай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Қазақстанның барлық аудандарында үй жануарларының төрт түлігі (жылқы, ірі-қара, қой-ешкі, түйе) түгел өсіріледі. Бұл түліктердің арасалмағы жергілікті жердің табиғи жағдайына байланысты. Дегенмен, қазақ халқының мал өсірудегі сан ғасырлық бай тәжірибесіне қарағанда, географиялық ортаның түрлі ерекшеліктерін шаруашылық мүддесіне сай дұрыс пайдалана білген. Сондықтан да көшпелі не жартылай көшпелі мал шаруашылығының өзінде жергілікті ерекшеліктердің көптеп кездесуі де заңды еді.

«ҚЖПМ» Шымкент уезі мен Далалы облыстардағы егін егумен айналысатын шаруашылықтарды салыстыра келіп, төмендегідей кестені ұсынамыз.

Кесте 16 - XX ғасырдың басындағы егін егетін шаруашылықтар туралы мәлімет

Уездер	Егін егетін шаруашылықтар %	1 шаруашылыққа келетін егіс жердің десятинасы	
		Нақты қолда бары	Егін егетіндері
Шымкент	95,4 %	10,70	11,21
Ақтөбе	95,4 %	5,83	6,17
Қостанай	77,1 %	2,82	3,66
Атбасар	30,7 %	0,47	1,55
Көкшетау	22,3 %	0,45	2,01
Омбы	3,3 %	0,06	1,84

Төрт түліктің әрбір географиялық аймақта арасалмағы да әртүрлі болды. Мәселен, Х. Арғынбаевтың көрсетуі бойынша Қазақстанның жерін оның табиғи ерекшеліктеріне сай төрт зонаға бөлуге болады.

1. Батыс Қазақстан, яғни Каспий, Арал бассейндері мен Маңғыстау түбегінің табиғаты негізінен құмды, шөлейт болуының нәтижесінде, мұнда төрт түліктің өзге түріне қарағанда қой мен түйені көбірек өсіруге қолайлы.

2. Суы мол, шөбі шүйгін – Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда (Сарыарқа), әсіресе, жылқы, қала берді қой мен ірі қара мал түлектерін өсіруге қолайлы.

3. Оңтүстік Қазақстанның табиғи жағдайы қой мен түйе түлектерін өсіруге ыңғайлы.

4. Жетісу төңірегі ежелден қойлы өлке, солай бола тұрса да жылқы мен ірі қараны молырақ өсіруге керекті жағдайдың бәрі де Алатау қойнауында баршылық.

Төрт түліктің Қазақстан жерінде мұндай қатынаста өсірілуі – жергілікті жердің ауа райына, жер бетінің қыртысына ыңғайлас өсетін өсімдіктер түріне байланысты.

«ҚЖПМ» негізінен мал шаруашылығын есептегенде кестелерде олардың жас бойынша атауларын пайдаланылған болатын. Бұл санақтың объективтілігін жоғарылатты. Өйткені, тіркеушілер әрбір қазақтан мал санын жалпы сұрап, кейіннен оны жас бойынша санын асықпай анықтағанда кейде жасырып айтпаған егесінің мал саны белгілі болып қалатын.

Мәселен, 1912 ж. зерттелген Ілбішін уезіне арналған деректе түсінікті болу үшін қазақтардың төрт түлігінің атаулары орысшасы мен қазақшасы қатар берілген. Онда жылқыға байланысты: айғыр-жеребец, құнан–3 жас, тай-2 жаста, құлын-жеребенек, дөнен-4 жас, бие-кобыла деп түсіндірілген. Сонымен қатар ту-бие, дөнежін, құнажын, байтал деп аталатын жылқының ерекшеліктеріне қарай атауларына анықтама берілген.

Мүйізді қараның сиыр, бұқа, өгіз, бұзау, тайынша, құнан-өгіз; Түйенің бота, тайлақ, құнан; Қой, қозы, тоқты, сек, бойдақ; Ешкі, теке, лақ деп жас ерекшеліктеріне сәйкес бөліп, кестелерде де солай берген.

Шымкент уезіне арналған дерекке сүйенсек, ондағы жергілікті қазақтар жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі, есек баққан. Осы уезд бен Далалы облыстардағы уездердегі мал шаруашылығын салыстырмалы талдау төмендегідей кестені көрсетеді.

Кесте 17 - XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Шымкент уезі мен Далалы уездердің мал шаруашылығының % салыстырмалы көрсеткіштері

Уездер	Әрбір жануар түрінің жалпы бірлік санына шаққандағы %				
	Жылқы	Мүйізді ірі қара	Түйе	Қой мен ешкі	Есек
Шымкент	28,55	33,82	7,08	30,42	0,13
Атбасар	45,3	12,2	14,3	28,2	-
Омбы	57,0	29,0	0,5	13,5	-

Кестеден көлік ретінде пайдаланылатын жануар есек тек Шымкент уезінде, ал жылқы малы Омбы, Атбасар уездерінде % жоғары екендігін, мүйізді қара мен ұсақ қой мен ешкі де оңтүстік өңірде көп бағылатынын көруімізге болады.

Ф. Щербинаның экспедициясы қорытындысы бойынша орташа қазақ отбасына 24 (жылқыға айналдырғанда) бірлік мал саны қажет болатын. Негізінен «ҚЖПМ» статистикалық кестелердің мәліметтері бойынша бір шаруашылыққа қажетті мал санының бірлігі Омбы уезінде – 25, Атбасар уезінде – 25,2, Павлодар уезіне - 25, Қостанай уезіне – 21,7, Көкшетау уезі – 19,9, Ақтөбе уезінде – 18,2 болды.

«ҚЖПМ» статистикалық ауылдық кестелер бойынша жасалынған төмендегі Ақтөбе уезі Бөртгі болысындағы Тамалардың мал түрі мен саны жөніндегі кестеде жетекші орынды ірі қара – 43,1 %, одан кейін қой шаруашылығы – 32,7%, жылқы малын бағу – 18,1 %, ешкі – 3,4 %, ал түйе – 2,6 % алып отыр.

Сырдария облысында жүргізілген жерөлшеушілердің зерттеуі бойынша статист П. Скрыплев Далалы облыстардағы уездерді зерттеген Щербиннің құрастырған «ҚЖПМ» дерек көзімен салыстыра талдаған. Онда екі бөлек географиялық өңірлердегі мал саны мен егістік жер көлемі есепке алынған. Ол бойынша 1 шаруашылыққа қажетті мал мен егістік жердің мөлшері төмендегі кестеде көрсетілген.

Төмендегі кестеде Тама руларының шаруашылығы, мал саны туралы мәліметтер келтірілген. Бөрті болысының мал шаруашылығы Ақтөбе уезінің басқа болыстары сияқты, Торғай облысының басқа уездерінде кездеспейтін ерекшеліктерге ие болды. Өйткені, бұл өңірде жайылымдық жерлер көп болды. Сонымен қатар жем-шөп қорының молдығына байланысты мал негізінен қыстық жайылымда ұсталды.

Кесте 18 - Ақтөбе уезіндегі Бөрті болысындағы Тамалардың мал санының түрлі құрамы мен саны жөніндегі мәлімет

Әкімшілік ауыл №	Шаруаш. саны	Мал басы	Соның ішінде				
			Жылқы	Ірі қара	Түйе	Қой	Ешкі
№2	127	5812	1014	3581	264	798	155
№3	209	7924	1725	3879	360	1583	377
№4	236	12285	2784	5654	390	3153	304
№5	350	19668	3403	7607	325	7640	693
№6	211	9034	1669	3654	112	3380	219
№7	205	12210	1934	4371	149	5195	561
№8	102	6006	870	2081	74	2830	151
№10	213	8147	1339	4129	452	1946	281
№11	24	817	154	351	13	273	26
№12	28	1321	211	610	30	429	41
Барлығы	1705	83224	15103	35917	2169	27227	2808

Ежелден бері көшпелі тұрмыспен күн кешкен қазақтың ру-тайпалары белгілі бір территорияда, қалыптасып қалған маршрут бойынша көшіп жүреді. Ал ру көсемдері, шаруашылық ауыл ақсақалдары, қариялар және ауылдың беделді азаматтары - әкімшілік ауылдардың ұйытқысы ретінде, өз араларында жайылымдық жерлердің бірлігін, қолда бар жердің жалпы шекарасын реттеп атырды. Сондықтан да әрбір қожалықпен әрбір ауыл малдарын басқа иелікке кірмей, қауым иелігіне жататын, аумағы қатаң шектелген жайылымдарға жаюына тура келді.

Демек, жалпы Шымкент уезіне қарағанда Атбасар мен Омбы уездерінде мал санының бірлігі басымырақ. Керісінше көлік ретінде пайдаланатын есек жануары тек оңтүстік облыстарда ғана кездесетіндігі ерекше құбылыс. Сонымен қатар, Шымкент уезінде мал шаруашылығы егін шаруашылығымен қатар жүргізілгендігін дерек мәліметтері де дәлелдей түседі.

Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы көшпелілікке негізделіп, олардың сан ғасырлық тәжірибесінде жыл маусымдарына сәйкестендірілген «көші-қон ережелері» қалыптасып, бүкіл өріс аймағы маусымдық қыстау, көктеу, жайлау, күзеу жайылымдарына бөлінді. Мал жылдың төрт маусымында да табиғи жайылымдарда бағылды. Малдың жайылымын қамтамасыз ету мақсатында қазақтар сан ғасырлар бойғы тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілінде жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды. Жыл сайын әрбір жеке ру немесе ауыл өздерінің ата-бабалары салған көш жолдары

бойынша көшіп, белгілі құдық басына, өзен бойына тоқтап, қыс мезгілінде жыл сайынғы белгіленген жерге көшіп келді. Әрбір ру-тайпа өзінің дәстүрлі көш жолдарын қалыптастыра отырып, олар көшіп-қону дәстүрін белгілі бір географиялық жер көлемі шеңберінде ұстанды. Қоныс орнын таңдау көптеген факторларға байланысты болды: дәстүрге, әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларға. Табиғи ортаның ерекшеліктері жайылымдарды пайдалану тәсілдерін айқындап берді. Мәселен, жазда ауасы салқын, өзен-тоғайлы жерлер таңдап алынса, қыста күн түсетін, жел мен ызғардан, суық бораннан пана болатын ықтасын жерлер таңдап алынды. Көшіп-қону өрісі әртүрлі болды. Малдың саны көп болған сайын, оларға жем-шөп те көп қажет болды. Сондықтан да көшу өрісі де кеңее түсетін еді.

Төмендегі кестеде «ҚЖПМ» Сырдария облысы мен Далалы облыстардағы 1 шаруашылыққа келетін мал бірлігі салыстырмалы түрде берілген.

Кесте 19 - Бір шаруашылыққа қажетті малдың және егістік жердің бірлігі

Уездер	Бір шаруашылыққа келетін мал бірлігі (единица)						Бір шаруашылыққа келетін десятина егістік жер
	Жылқы	Сиыр	Түйе	Қой, ешкі	Есек	Барлығы	
Шымкент	3,13	3,70	0,78	3,35	0,01	10,97	11,21
Атбасар	11,0	3,1	3,8	7,3	-	25,2	0,47
Омбы	14,6	7,5	0,1	3,4	-	25,6	0,45

«ҚЖПМ» бойынша әр облыс пен уезде, болыста қандай ру-тайпалар өмір сүріп, қай жерлерде көшіп-қонатыны, олардың қандай шаруашылықпен айналысқандығы және т.б. мәліметтер өте көп кездеседі. Бұл деректі талдау арқылы дерек көзінің шынайылығы мен нақтылығын айқындауға болады.

Көшпенділердің шаруашылық-экономикалық тарихын зерттеген С.Е. Толыбеков көптеген мәліметтердің негізінде «XV-XVIII ғғ. қазақтардың шаруашылығын жыл бойы көшіп-қонумен сипаттауға болады және Қазақстанда революцияға дейін де бұл типтегі шаруашылық адай, табын, шекті, шөмекей, кете және т.б. көптеген ру-тайпалық топтарда өзінің өміршеңдігін сақтап қалды», - деген болатын. Шын мәнінде әрбір ру-тайпада ежелден бері қалыптасып қалған көшіп-қонуы сонау XX ғ. I-ширегіне дейін өзгеріске ұшырамаған еді.

Сондай-ақ, автор «көшпелі мал шаруашылығы өнебойы рулық-патриархалдық қатынастармен байланыста болды. Себебі, туысқан ру-тайпалық одақтармен байланысын үзбеу, онымен үнемі жақсы қатынастарда болу, жыл бойы көшіп-қонатын көшпелі халыққа оның мүлкі мен өз жанының амандығын сақтап қалуын қамтамасыз етіп отырды дейді. Және әрбір үш жүз ешбір белгіленген шекараларсыз-ақ, қалыптасып қалған үрдіс бойынша қазақтың кең сахарасында белгілі бір аймақтарда көшіп-қонып жүрді.

Әр жүздің құрамындағы үлкен бір тайпа да негізінен өзіне бұрыннан жақын әрі таныс белгіленген аймақта ғана көшпелі тұрмыс салтын кешті. Бұл рулық-патриархалдық, көшпелі қоғамда жартылай феодалдар - сұлтан, бай, би мен батырлар арасында жер бөлісу мәселесінде ешқандай да саяси және экономикалық талаптар мен шарттар болмаған», - деп қорытындылайды.

Орыс переселендеріне «артық» жер қорын алу мақсатында қазаққа өмір сүруге қажетті жер мөлшері мен мал санын анықтау үшін жүргізілген зерттеу экспедициялар ешбір толастаған жоқ. Щербина зерттеген Ақмола облысы В. Кузнецов тарапынан қайта зерттелсе, Семей облысы А. Переплетчиковтың басқаруымен қайта есепке алынды. Бұл туралы Ә. Бөкейхан «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 51 нөмірінде: «Үкімет 1908-нші жылы Ақмола облысын қайта жазған, мұрнын тескен тайшадай көнбіс Кузнецовқа Өскемен уезі қазағының еншісін қайта піштірді. Кузнецов байдың пікірін орнына салып, қазақты пұштитып 18 ірі қараны 12 қылды. Қазаққа қалатын жерді малға шағады, малды үштен бір есе азайтқан соң, бұл азайтқан мал сыбағасы қазақтан артық болып, есепші тілінде «излишка», қазнаға ауды. Чермак есептегенде қазақ ұтып кеткен екен деп, қазаққа көп енші қалған екен деп, Кузнецов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынаға алатын қылды. Бұ да қазаққа көп болды, тағы осы қазақта артық жер бар деп, 1911-нші жылы Өскемен уезін қайта жазды. Осы қайта есепті алған А.В. Переплетчиков Өскемен уезінің қазағының бір үйіне 16 ірі қара (единица-лошадь) енші кесіп отыр. Сөйтіп осы 16 дұрыс болса, Кузнецов есебі – 12 өтірік болады. Бұл өтірікке сүйеніп қазақтан алған жер қазынаға нахаққа кетпек болады. Үкімет өз қол астындағы жұртқа өтірікті жүргізгені ұят... бірақ, қазақ жеріне жерік болғанда, қызаратын бет бар ма?», - деп Щербина экспедициясынан кейінгі зерттеулер туралы өз ойын жеткізеді. Деректе этнографиялық мәліметтер өте көп кездеседі. Соның ішінде қазақтардың үй жануарларынан алатын сүт тағамдары ерекше сипатталған. Оны зерттеушілер қазақтардан жазып алған. Мәселен уыз – бұл сиырдың бұзаулағаннан кейінгі алғашқы сүті. Оны қайнатқанда ол жұмыртқаның ағына ұқсайды деп, қатық, айран, күрт, май қалайша дайындайтындығы туралы да айтылған. Онда сүттен қатықты алу үшін ең алдымен сүтті қайнатып, оны ескі айранмен ашытады. Бетін ескі киізбен орап қояды. Сүт ашығанда қатық та дайын болатындығы баяндалады.

Мәселен, Шымкент уезінің қазақтары арасында қолөнершілер, саудагерлер, ауылшаруашылықпен шұғылданатын жұмысшылар, қойшылар және т.б. болғандығы, олардың сандық көрсеткіштері де деректе берілген. Көршілес қырғыз халқының шаруашылығы туралы «ҚЖПМ» дерегінде біршама мәліметтер сақталынған.

Онда қазақтар мен қырғыздардың шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін былайша көрсетеді: «Естественно, что к земледелию кара-киргизы (деректе кара-қырғыздар деп қырғыз халқын атаған) привыкают медленно, к тому же и удобных для этого площадей в их пользовании находится сравнительно ограниченное число. Скотоводство благодаря постоянным неурядицам, отражающимся на всем строе хозяйства, и непривычке кара-киргиз делать достаточные запасы корма на зиму, тоже обнаруживает все признаки регресса», - деп, қорыта келе қырғыздардың мал және егін шаруашылығын жүргізуі қазақтарға қарағанда төмен болғандығын баяндайды. Оны төмендегі кестемен көрсетуге болады.

Аудан	Шаруашылық саны	1 шаруашылыққа шаққанда					Шаруашылықтың %			
		Ер мен әйел саны	Егіс жер дес.	Жоңышқа дес.	Шабындық дес.	Мал бірлігі	Көшпелілер	Егін екпейтіндер	Аз егетіндер	Жылқысы жоқтар
Қарақырғыздар (IV-V)	9778	5,60	2,85	0,14	0,91	9,80	52,10	13,40	23,10	17,70
Басқа аудан-р	25505	6,90	4,84	0,51	2,39	14,70	49,30	5,60	15,50	10,90

Сонымен қатар, қазақтардың негізгі асы бауырсақ, көже, айран, қымыз, ірімшік, құрт, қатық, шелпек және т.б., оны жасаудың әдістері туралы баяндап берген. «ҚЖПМ» қазақ халқының түрлі кәсіппен шұғылдануы туралы да мәліметтерді бойына сақтаған.

Қазақтардың шаруашылығын есепке алған, бюджеттік есептеулер жасаған зерттеушілердің бірі Ф. Щербина негізінен воронеждік іс-тәжірибесін пайдаланып, экспедицияның бағдарламасын көпшілік мойындаған әдіспен жүргізді. Зерттеуші Т.П. Волкова: «Проведение обследования по воронежской программе говорит о многом. Это гарантирует высокое качество организации обследования, так как воронежская бюджетная программа в этом отношении выгодно отличалась от других», - деп зерттеушінің қолданған әдістемесінің дұрыстығын негіздейді.

Патшалы Ресейге қазақ халқының көшпелі тұрмысы ұнамады. Отаршыл патша өкіметі алдымен қазақ жерін иемденді. Құнарлы, сулы жерлерін (өзен, көл жағалауларын, тау етектерін, қалаға жақын, жол бойларын) Ресейден келген шаруаларға бөліп, кесіп берді. Осы жерлерге орнағандарға, кәсіппен айналысындар, байындар деді. Миллиондаған басыбайлықтан босағанмен, жерсіз күн көретін амалы жоқ шаруаларды шығысқа сілтеп, тоғытып жіберді. Керісінше қазақтар суы жоқ, шөбі сирек, шөл далаға ығыстырылды. Олар өз елдерінде тұрып бодан болды. Бұл туралы Мыржақып Дулатов:

«Шығарған жер өлшеуге землемерлер,

Бұл үшін кеткен бізден жақсы жерлер.

Тәтті шөп, тұщы судың бәрі сонда,

Табатын бұған хәйла қайда ерлер?», - деп өз ойын айтып кеткен екен.

«Дала уалаятының газетінде» 1894 ж. 10 санында жарияланған «Қазақ халқының арасында егін егіп тәрбие етпектің мәслихаты» атты мақалада: «Жыл сайын Дала уалаятының ішінде тұрған болыстарға Россияның ішкі жағынан мүжықтар көп көшіп келіп жатыр. Бұл себептен оларды орнықтырмаққа бұларға патшалық бос жерден һәм үшбу уақытта қазақтар тұрған қазақтың жерінен жер бөліп берерге керек болады-дүр. Жаңадан көшіп келген мүжықтарды орнатпақ үшін бұлардың шаруасына тиесілі жақсы, сулы, ағашты, шөбі көп өсімтал жерді һәм ыңғайлы жүретұғын жолы бар орындарды оларға сайлап бөліп берерге қажет-дүр», - деп далалы облыстардағы көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған қазақтарға тез қамданып, жер алып, егін егу әрекетіне көшуге шақырады.

Сөйтіп, көшпелі тұрмыс кезінде малға жеке меншікпен бірге жерге қауымдық меншіктің қатар қолданылуы патшалы Ресейдің қазақ жерін иемденуіне де қолайлы жағдай туғызды. Бұл туралы Р.М. Таштемханова: «Как видим, царская переселенческое политика не способствовала прогрессивному развитию казахского общества и нанесла огромный ущерб развитию всех ее сторон. Она predetermined потерю земли и разрушению традиционного способа хозяйствования, хищническую эксплуатацию природных ресурсов и обнищание широких слоев населения», - деп баяндады.

Алғашқылардың бірі болып зерттеуші Т.П. Волкова Ф.А. Щербина экспедициясының жинаған «ҚЖПМ» деректанулық талдаудан өткізді. Ол математикалық әдісті пайдалана отырып, «Қазақтардың жер пайдалану материалдарының...» ақпараттық мүмкіндіктерін қарастыды. Атақты деректанушы-ғалым Ковальченконың шәкірті болғандықтан статистикалық деректің шынайылығы мен толықтығын, оларды пайдалану әдісін жасады. Кандидаттық диссертациясында да корреляция әдісін қолданып, оң нәтижелерге қол жеткізді. Онда зерттеуші «ҚЖПМ» мен «Обзор» деп аталатын статистикалық екі деректегі коэффициенттерді корреляция арқылы салыстыру жүргізді. Т.П. Волкова өз зерттеуінде халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінде маңызды деген мынандай көрсеткіштерді таңдап алған: жер пайдалану (қазақтарға тиесілі жер саны), жергілікті қазақ тұрғындарының саны (ер, әйел және жалпы олардың саны), мал (жылқы, түйе, ірі қара, қой және ешкі саны), ауылдар саны, шаруашылықтар саны. Осы көрсеткіштерді «1893 жылдағы болыстар мен қоныстанған орындар» деп аталатын Ақмола, Семей, Торғай облыстарына байланысты басылымдарды салыстыру үшін пайдаланған. Осылайша есептеуіш машинаны пайдалана отырып, корреляцияның матрицасын жасады. Осы анализдің негізінде автор дерек мәліметтерін екі топқа бөліп: «толық шынайы емес, яғни күмән келтіретін» және «толық шынайы» деп бөлді. Мұндағы күмән келтіретін мәліметтерге жер пайдалану, әйел саны, жалпы тұрғындар саны, жылқы саны жатқызылды. Ал деректегі шынайы мәліметтерге ерлер саны, түйе саны, ірі қара саны, қой мен ешкі саны, ауыл саны мен шаруашылық саны жатқызылды. Осы тұста сандық жағынан шынайы мәліметтер күмән келтіретін мәліметтерден көп болғанын дәлелдеп, Т.П. Волкова бұл деректің жалпы тұтастай шынайылығы жоғары деп қорытынды жасаған болатын.

Қорыта келгенде «ҚЖПМ» қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына байланысты көптеген құнды да сапалы мәліметтерді бойына сақтаған. Бұл дерек көзінің басқа да статистикалық есептеулерден ерекшелігі оның экспедициялық әдіспен, арнайы түрде зерттелінуі мен онда сан-салалы ақпараттардың сақталуы болды.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Деректі пайдаланып қазақтардың шаруашылық-экономикалық тарихын талдау әдісі.

2. Дерек бойынша XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақтардың жер пайдалану ерекшеліктері.

3. «ҚЖПМ» аңыз-әңгімелерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері.

4. Ф. Щербина мен П. Скрыплев экспедициялары жинаған «ҚЖПМ» мәліметтерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері.

5. «ҚЖПМ» бойынша Қазақстан территориясындағы шаруашылық жүргізу ерекшеліктері мен оны есептеу әдістері.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. - Москва: Наука, 1987. – С. 440.
2. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.
3. Смоленский Н.И. Теория и методология истории. - Москва: Академия, 2007. – С. 272.
4. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники Российской истории. Учеб. пособие. /И.Н. Данилеский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева./ – Москва: РАН, 2000. – С. 703.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Т. 3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 768 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения. – М.: Наука, 1977. – С. 312.
2. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
3. Волкова Т.П. Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию, собранные и разработанные по исследованию степных областей: Автореф. Дисс. канд. ист. наук. – М., 1982. – С. 17.
4. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и северной Киргизии (последняя четверть XVIII– 60 годы XIX в). – М.: Наука, 1980. – С. 280.
5. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этно– әлеуметтік құрылымы). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 392 б.
6. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. /Под. ред. Ф. Щербина/. – Т. 1-13. – 1898-1909 гг.
7. Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области. – Ташкент., 1908-1915 гг.
8. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Статистической партией Тургайско – Уральского переселенческого района. – Тургайский уезд. – Оренбург, 1909-1914 гг. – м– ф.
9. Аграрная история Казахстана (конец XIX – начало XX в.): Сборник документов и материалов /Автор– составитель С.Н. Малтусынов/. – Алматы: «Дайк– Пресс», 2006. – С. 1240.
10. Омарбеков Т., Ғабжалилов Х. Қазақтың арғы тарихы – ру–тайпалық құрылымдар баяны // Алаш: тарихи–этнологиялық ғылыми журнал. – 2005. – № 2 (2). – 21 б.

**«Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» дерегін
құрастырған зерттеушілер**

**Әлихан Бөкейханов
(1849-1936 жж.)**



**Фёдор Андреевич Щербина
(1866-1937 жж.)**



**Александр Аркадьевич Кауфман
(1864-1919 жж.)**



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	
3	
1 «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ...» ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ РУЛЫҚ-ТАЙПАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ ПАЙДА БОЛУЫН СЫНАУ.....	
6	
1.1 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарының...» ХІХ ғ. соңы-ХХ ғ. басындағы қазақ ру-тайпалары тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері.....	6
1.2 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарындағы...» рулық-тайпалық құрылымдар туралы деректердің пайда болуының объективтілігі, тарихи жағдайы және оларды сыныптау мәселелері.....	21
2 ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ.....	38
2.1 Ру-тайпаларға байланысты зерттеулердің ұйымдастырылу тарихы мен статистикалық ақпараттардың жинақталу ерекшелігі.....	38
2.2 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарындағы...» рулар мен тайпалар жөніндегі статистикалық мәліметтерді талдаудың негізгі принциптері мен әдістері.....	52
3 «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ХІХ Ғ. СОҢЫ МЕН ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ.....	68
3.1 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» дәстүрлі қазақ қоғамының этникалық, әлеуметтік құрылымы мен көшіп-қону тарихының дерек көзі.....	68
3.2 «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» қазақ ру-тайпаларының шаруашылық-экономикалық тарихының дерегі.....	96

ӘДЕБИЕТТЕР.....1
08

ҚОСЫМША
МАТЕРИАЛДАР.....109